



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№48 (3994), 5 желтоқсан, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadabiet.kz

ЕЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР



Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев жас қаламгерлермен арнайы жүздесу өткізді. Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында айтылған негізгі басымдықтар, жаңа бағыттар мен стратегиялық міндеттер жан-жақты талқыланды. Кездесуге Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Алиев, сондай-ақ қазақ әдебиетінің жаңа толқыны – жас қаламгерлер қатысты. Жиында елде жүріп жатқан саяси және әлеуметтік реформалар туралы ой-пікірлер, әдебиетті, мәдениетті дамыту туралы көзқарастар мен ұсыныстар айтылды.

4-6-бет →

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазақстан» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5 755,59 т.
6 айға – 11 511,18 т.
12 айға – 23 022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5 162,46 т.
6 айға – 10 324,92 т.
12 айға – 20 649,84 т.

7



БАТЫР БАБАЛАР
ҒИБРАТЫ

10-11



ҚАЙРАҒҒА ҰРЫНҒАН
ҚАЙЫҚ

12



ТІЛЕШ АБЫЗ

14-15



КЛОУН
(ӘЖІМЕ)

АИДА БАЛАЕВА ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



1 желтоқсан күні Мемлекет басшысының Жарлығымен Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Ресмиет таратқан хабарламаға қарағанда, ол Мәдениет және ақпарат министрі лауазымын қоса алып жүретін болады.

«ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ» ЕҢБЕГІНІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Алматыдағы М.Әуезов атындағы орталық кітапханада әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты Мамай Қаниұлы Ахетовтің «Қазақтың шешендік өнері» атты үш томдық көлемді ғылыми еңбегінің тұсаукесер рәсімі өтті.

Қазақтың сөз өнерінің терең тамыры мен рухани арналарына бойлаған бұл еңбек отандық гуманитарлық ғылымдағы елеулі жаңалықтардың бірі болды.

Салтанатты шараның шымылдығын Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов ашып, еңбектің мән-маңызына кеңінен тоқталды. Ол кітапханаға Мұхтар Әуезов есімі берілгеннен бергі алғашқы тұсаукесердің дәл осы зерттеу еңбегіне бұйыруын символдық құбылыс деп бағалады.

– Мамай Ахетов – Әуезов мұрасын ұзақ жылдар бойы терең зерттеп келе жатқан зерделі ғалым. Үш томдық еңбекте қазақ шешендік өнерінің тарихы, генезисі, типологиясы мен поэтикасы кешенді түрде қарастырылған. Әлемдік риторика мен қазақ шешендік дәстүрін салыстыра отырып, халқымыздың сөз мәдениетінің тереңдігі мен тамырын ашып көрсеткен. Үш томдықта шешендік өнердің көне дәуірден бүгінге дейінгі сабақтастығы, Анахаристен бастап Әбіш Кекілбаев, Нұрлан Оразалинге дейінгі тұлғалардың сөйлеу мәдениеті, Темірбек Жүргеновтің риторикалық шеберлігі, сондай-ақ әлемдік көшбасшылардың шешендік үлгілері терең талданған.

Сондықтан бұл еңбек қазіргі басшылықтағы тұлғалардың да, жас зерттеушілердің де үстелінде тұруға тиіс, – деді Мереке Құлкенов.

Ол сондай-ақ аталмыш үш томдықты «Әл-Фараби атындағы мемлекеттік сыйлыққа» ұсыну жөнінде ұсыныс білдірді.

Шара барысында Алматы қаласы



Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Алиев, ғалым, сыншы, әдебиеттанушы Қансейіт Әбдезұлы, жыршы әрі фольклортанушы Берік Жүсіп, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары Қали Сәрсенбай, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек сынды зиялы қауым өкілдері сөз сөйлеп, еңбектің ғылыми және рухани маңызын атап өтті.

Кеш соңын жазушы Қуандық Түменбай қорытындылап, еңбектің ұлттық руханиятка қосылған зор үлес екенін айтты.

Тұсаукесерге зиялы қауым өкілдері, акын-жазушылар, ғалымдар және БАҚ өкілдері қатысты.



«МҰҚАҒАЛИ» ЖУРНАЛЫНА 20 ЖЫЛ

Қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың есімімен аталған республикалық әдеби-мәдени және танымдық «Мұқағали» журналының жарық көре бастағанына биыл 20 жыл толды. Осы айтулы датаға орай ҚР Ұлттық кітапханасында «Мұқағалитанудың қайнар көзі» атты қаламгерлер мен оқырман қауымға арналған мерейтойлық кеш өтті.

Шараға елдің рухани ортасында жүрген бірқатар тұлғалар қатысты. Олардың қатарында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, акын-драматург, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин, Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Алиев, журналдың алғашқы бас редакторы, жазушы Батық Мәжитұлы, Қазақстанның халық жазушысы Смағұл Елубаев, қоғам қайраткері Рысбек Сәрсенбай, акын әрі композитор Сағатбек Медеубекұлы және өзге де танымал қаламгерлер болды.

Кеш барысында Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов мерейтой иелеріне құттықтау сөз арнап, журналдың әдеби кеңістіктегі рөліне жоғары баға берді. Ол өз сөзінде: «Жиырма жыл – әдеби басылым үшін аз уақыт емес. Осы кезең ішінде журнал

Мұқағали Мақатаевтың поэтикалық мұрасын кеңінен насихаттап қана қоймай, қазақ поэзиясының өрісін кеңейтуге, жас дарындарды танытуға, рухани құндылықтарды дәріптеуге елеулі үлес қосты» – дей отырып, шығармашылық ұжымға Қазақстан Жазушылар одағы атынан арнайы сый-сияпат табыстады.

Мұқағалимен бірге Қазақ радиосында дикторлық қызмет атқарған Бақытжан Атакедиевтің оқыған жырлары кештің көркем болмысын тереңдете түсті. Сондай-ақ ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев пен келіні Бақыткүл Айдарова журнал ұжымына жүрекжарды ықыластарын білдіріп, ақ тілектерін жеткізді.

Мерейтой құрметіне белгілі әнші, Құрмет орденінің иегері Сұлушаш Нұрмағамбетова «Саржайлау» әнін орындап, кештің сәнін кіргізді. Шара соңында «Мұқағали» журналының қазіргі бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет орденінің иегері Дүйсен Мағлұмов басылымның бүгінгі бағыт-бағдары мен болашақтағы жоспарларына тоқталып, оқырманға қызмет студі жалғастыра беретінін айтты.

Ұлттық кітапханада өткен бұл мерейтой зиялы қауым, акын-жазушылар, мәдениет және БАҚ өкілдерінің басын қосып, «Мұқағали» журналының ел руханиятындағы орны мен миссиясын тағы бір мәрте айғақтаған ерекше кеш ретінде есте қалды.

ХИЗМЕТ АБДУЛЛИН МҰРАСЫ

1 желтоқсанда Қазақстан халқы Ассамблеясының «Достық» үйінде Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы және Республикалық Ұйғыр этномәдениет орталығының ұйымдастыруымен көрнекті ұйғыр жазушысы, акын, драматург, аудармашы Хизмет Абдуллиннің туғанына 100 жыл толуына арналған «Хизмет Абдуллин мұрасы – Қазақстан халқының мәдени қазынасы» атты әдеби кеш өтті.

Долкунтай Абдулхалилұлы басқаратын Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдениет орталығы бас-таманы қолдап, өткен жылы бір топ қаламгерлер жазушының ауылына барып, зиратына зиярат етіп, құран бағыштады. Жазушының туған күнінде Хизмет Абдуллин атындағы орта мектеп ұжымы мен Таштықара, Баяндай ауылының тұрғындары мектепте қаламгер музейін ашып, бюстін орнатты.

Долкунтай Алиев модераторлық жасаған жиында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Құрмет орденінің иегері, акын Имминжан Тохтияров көлемді баяндама жасады. Қазақстан Жазушылар



одағы Басқарма Төрағасының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, акын Қасымхан Бегманов қаламгер туралы толымды сөз сөйлеп, өзге де зиялы қауым өкілдері жазушы шығармашылығын таразылады.

Алматы қалалық Мәдениет басқармасының бөлім бастығы Арман Қалбеков жазушы шығармашылығын жоғары бағалап, Алматы қаласы әкімдігінің сәлемін жеткізді.

Жанерке АБДУЛЛА,
Абылай хан атындағы ҚХКЖӘТУ журналистика мамандығының 2-курс студенті

«АДАМЗАТТЫҢ АЛЫБЫ – АБАЙ»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұлы ойшылдың туғанына 180 жыл толуына арналған «Адамзаттың алыбы – Абай» апталығы аясында «Абай Құнанбайұлы мұрасы және цифрлық өркениет: ғылым, білім, руханият тоғысындағы жалпы-адамзаттық құндылықтар» атты халықаралық ғылыми форум өтті.

Халықаралық форумға Қазақстан мен Нидерланд, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Қарақалпақстан елдерінің ғалымдары, абайтанушылар, мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысты.

Форумды ашқан университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Болат Тілеп Абай мұрасын жаңа дәуірде қайта пайымдаудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ форумның ашылуында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің кеңесшісі Шерхан Талап,



әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Қансейіт Әбдезұлы, Нидерланд Корольдігі Шығыс әдебиеттану ғылымдарының докторы Зифа-Алуа Әуезова, ҚР Ұлттық орталық музейінің Музейлік деректану және қолжазба бөлімінің жетекшісі Жасұлан Белтепов, т.б. сөз сөйлеп, Абай мұрасының әлемдік деңгейдегі маңызын түсіндіріп, жасанды интеллект арқылы Абай шығармаларын оқытудың және зерттеудің заманауи мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды.

Ақмаржан ПАЙЗОЛЛА,
Абылай хан атындағы ҚХКЖӘТУ журналистика мамандығының 2-курс студенті

ШОЛПАН-АТАДА ОРНАТЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Шолпан-атадағы Мұхтар Әуезов мұражай-үйінде мәдениеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның Қытайдағы төтенше және Өкілетті елшісі қызметтерін атқарған Мұрат Мұхтарұлының мүсіні орнатылды.



Ескерткіш бюст Қырғызстанның Халық жазушысы, Тоқтоғұл атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Әкімұлы Раевтың идеясымен әрі мұрындық болуымен қойылған. Мүсінді көрнекті қырғыз скульпторы Тамила Маматова қашаған.

ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕ



Алматы қаласындағы Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: тарих, мәдениет, тіл және технологиялар диалогы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Форумға Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Пәкістан елдері жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары, сарапшылар, докторанттар мен жас зерттеушілер қатысты.

Ғылыми жиын ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Дархан Ақпанбетовтың баяндамасымен ашылды. Ол жасанды интеллекттің қазіргі ғылыми парадигмаға әсерін, білім беру жүйесінің технологиялық өзгерістерін және пәнаралық зерттеулердің маңызын атап өтіп, конференцияның ғылыми мазмұны мен практикалық мәніне тоқталды.

Жалпы отырыста жасалған баяндамалар жасанды интеллекттің ғылым мен қоғамның әртүрлі салаларына ықпалын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, ҚР ҰҒА академигі, профессор Мактағали Бектемісов зерттеу үдерістерін автоматтандыру, деректерді құрылымдау, оқу сапасын бақылау және жеке білім траекторияларын қалыптастырудағы ЖИ технологияларының ғылыми әлеуетін саралады. Пәкістандық Sukkur IBA University ғалымы Зафарулла Сахито STEAM білім беру моделіне тілдік компонентті интеграциялаудың теориялық және практикалық негіздерін ұсынды. Kazakh-American University президенті, академик Асылбек Исахов жасанды интеллекттің қоғам дамуына, әлеуметтік қатынастарға және құндылықтық өзгерістерге әсерін тұжырымдамалық тұрғыдан бағалап, цифрлық этика мен алгоритмдік әділеттілік мәселелеріне тоқталды. Шароф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университетінің профессоры Бахтияр Эргашев Түркістан генерал-губерна-

торлығының әкімшілік-канцеляриялық құжаттарын цифрлық деректану әдістерімен талдау нәтижелерін ұсынып, отарлық дәуір деректерін талдаудың жаңа ғылыми қырларын көрсетті. Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, саяси ғылымдар докторы Жомарт Симтиков цифрлық гуманистиканың даму қозғалысын және осы саладағы зерттеулерге ЖИ енгізудің әдіснамалық басымдықтарын талдады. МИТУ профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Алтынай Әбуова тағам өндірісінде инновациялық технологиялардың қолданылуын зерттеу нәтижелерімен таныстырып, өндіріс үдерістерін жетілдіруде цифрлық тәсілдердің тиімділігін атап өтті. Түркиялық зерттеуші Ибрахим Калқан қазақ шежіресін цифрлық форматта жаңғырту бағытындағы жаңа әдістерді ұсынып, генеалогиялық зерттеулердің заманауи мүмкіндіктерін ашып көрсетті.

Жалпы мәжілістен кейін конференция жұмысы үш негізгі ғылыми бағыт аясында жалғасты. Алғашқы бағытта тарихи-мәдени мұраны цифрландыру, архив қорларын жүйелеу, тарихи мәтіндерді ЖИ көмегімен талдау және виртуалды музейлік платформаларды құру мәселелері қарастырылды. Екінші бағыт тіл саясаты мен цифрлық лингвистика тақырыптарына арналды; қатысушылар көптілді білім берудің жаңа модельдерін, тіл үйрету мен аударма жүйелеріндегі ЖИ құралдарын, ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған тілдік стратегияларды талқылады. Үшінші бағытта цифрлық экономикасын дамуы, жасанды интеллекттің әлеуметтік трансформацияға ықпалы, деректер қауіпсіздігі, алгоритмдік әділеттілік және орнықты даму мәселелері қарастырылды.

Қатысушылар тарихи мұраны цифрлық форматта сақтау, білім беру жүйесіне ЖИ технологияларын тиімді енгізу, ғылыми қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және цифрлық этика өлшемдерін жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар қабылдады.

«ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Құрметті оқырман! Қазақ руханиятына ғасырдан астам уақыт бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Жұлдыз» журналына 2026 жылға «Қазпошта» арқылы жазылу науқаны басталды.

«Жұлдыз» – қазақ әдебиетінің алтын ұясы, ұлт сөз өнерінің рухани ордасы. Журнал бетінде қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясының озық

туындылары, әдеби-сын мақалалар, танымдық эсселер мен зерттеулер, әлем классиктерінің шығармашылық тәжірибелері мен құпиялары, сондай-ақ жас қаламгерлердің шығармалары тұрақты түрде жарияланып тұрады.

«Жұлдыз» – өткеннің мұрасын, бүгіннің үнін және болашақтың үмітін тоғыстырған рухани әлем! Осы рухани әлемнен кол үзбейіз. Қолданыз, жазылыңыз.

АРҚАДАҒЫ АРДАҚТЫ ҚАЛАМҒЕР

Қазақ прозасының көрнекті өкілі Өмір Кәріпұлы 85 жасқа толған мерейтойын Арқа жұртының арасында атап өтті. Өз шығармашылығымен оқырман қауымының ыстық ықыласына бөленген қаламгер Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Ақадыр кентінде тұрады.



Ол – көркем прозада Қалихан Ысқақ, Әкім Тарази секілді тұстарының ортасынан ойып орын алған қаламгер. Туған жердің тау-тасын аялап, мұның мұндап, жоғын жоқтаған еңбектердің авторы, астанаға ат басын бұрмай, ауылда қалған жазушы. Қолтаңбасы өзгелерден бөлекше оның шығармаларынан ауылдың иісі бұрқырап тұрады. Соның бір дәлелі – сексеннің сенгіріне шыққанда жариялаған «Бастау» романы. Оқырман қызығушылығын туғызған жазушының жаңа туындысы әдебиет сыншылары тарапынан да әділ бағасын алуда. Өмір Кәріпұлының жаңа туындысы мен жалпы шығармашылығына қатысты айтылған осындай ой-пікірлер қаламгердің Қарағанды қаласында өткен 85 жылдық мерейтойлық кешінде оқырмандар мен жазушы таланттың мойындаушылардың ақжарма тілектерінің өзегіне айналды.

Мерейтой кешінде Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі, проза кеңесінің төрағасы Қуандық Түменбай қаламгердің кеудесіне Қазақстанның құрметті жазушысы медалін тағып, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтау хатын тапсырды. Кеш төрінен сөз алған көрнекті қаламгерлер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Серік Ақсұңқар, Ғалым Жайлыбай, белгілі әдебиеттанушы Раушан Әбдіқұлова, ақын Қайырбек Шағыр қаламгер шығармашылығына кеңінен тоқталып, өлеңдерін оқыды.

Диана НҰРХАНАТ,
Абылай хан атындағы ҚХЖӘТУ журналистика мамандығының 2-курс студенті

«ТӘБӘРІК» ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Ұлттық кітапханада белгілі жазушы-журналист Дәулет Сейсенұлы құрастырған Байкөкше Балғынбайұлының «Тәбәрік» атты жинағының тұсаукесері өтті.



Жиын тізгінін ұстаған академик Кансейіт Әбдезұлы қаламгердің күні кеше «Қазақстанның құрметті жазушысы» атағымен марапатталғанын атап өтті. Тұсаукесер барысында бұл марапатты Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкеновтің атынан Дәулет Сейсенұлын құттықтап, жылы лебіз білдірген «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, академик, ақын Бауыржан Жақып тапсырды.

Жиынға қатысқан Қазақстанның халық жазушысы Смағұл Елубай,

жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев, белгілі қаламгер Мамадияр Жақып және басқа да қаламгерлер Құрмет орденінің, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Дәулет Сейсенұлының өз халқына, туған жеріне, әдебиет пен журналистикаға сіңірген еңбегін айта келіп, Құрметті жазушы атағымен құттықтады, шығармашылық табыстар тіледі.


Инсара ҚУАНЫШБЕК,
Абылай хан атындағы ҚХЖӘТУ журналистика мамандығының 2-курс студенті

ҚАЗАҚ САТИРАСЫ АМЕРИКАДА ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Белгілі сатирик-жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұхтар Шерімнің бір топ сатиралық туындысы Америкада жарық көрген антологияға енді.

Дүниежүзі ақын-жазушыларының шығармалары топтастырылған «Still Waters Poetry» атты бұл жинаққа қаламгердің «Ақылды ақымақтар» сатиралық романынан үзінділер мен әзіл-оспақ өлеңдері басылған.

«Жаналықты естіп, көріп қуанып отырмын. Өйткені қазақ сатирасы тарихында шетел баспасында жарық көрген сатира жоқтың қасы, оның үстіне, Америкада жарық көрген тұңғыш сатиралық роман екен», – дейді жазушы қуанышын бөлісіп.



Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс: 75685	Бағасы	Бағасы	Индекс: 25686	Бағасы	Бағасы
1 айға	1183,86	1183,86	1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58	3551,58	3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16	7103,16	6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14206,32	14206,32	12 айға	17394,24	16846,32

ЕЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ —

(Басы I-бетте)

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы:

— Қадірлі ағайын, құрметті Мәлік Нұржанұлы!

Бүгінгі кездесу — рухани өмірдегі ерекше сәттердің бірі деп ойлаймын. Біз дәл қазір қоғам санасының жаңарып, ұлттық болмыстың тереңнен қайта түлегеніне куә болып отырмыз. Осындай жауапты кезеңде Президент Кеңесшісінің Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратына жастармен жолығуы үшін арнайы келуі — руханият саласына деген мемлекеттік сенімнің, мемлекеттік қамқорлықтың бір белгісі болар.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауы — тек бір жылғы жоспар емес, ұлттың ертеңін бағдарлайтын платформа, елді алға жетелейтін стратегиялық бағдаршам екені даусыз. Ал жуырда қабылданған «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлық рухани кеңістігімізді жүйелеудің, ұлттық тұтастығымызды жаңа биікке көтерудің маңызды қадамы болды. Бұл — еліміздің ішкі тұрақтылығы мен идеялық бірлігін бекемдейтін құжат.

Кейінгі жылдары әдебиетке деген мемлекеттік көзқарас өзгеріп қана қойған жоқ, жаңа сапалық деңгейге өтті. Әсіресе әдебиетке жасалып жатқан қамқорлық — бұл болашаққа жасалған инвестиция. Мектеп кітапханаларына жаңа басылымдардың түсуі, жас оқырманға лайық сапалы контенттің пайда болуы — ұлттық сананы қалыптастыратын маңызды тетік. Жастарға арналған Президенттік арнаулы әдеби сыйлық, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы, «Айбоз» сыйлықтарының жүйелі түрде берілуі де талантты жас қаламгерлердің қанаттануына қуатты серпін беріп отыр.

Қазақстанның халықаралық беделі күн санап артып келеді. Президенттің АҚШ және Еуропа көшбасшыларымен жүргізген келіссөздері еліміздің сыртқы саясаттағы салмағын күшейтіп, мәдени дипломатиямыздың да өрісін кеңейтіп келеді. Бұл — әдебиетіміз бен мәдениетіміздің әлемдік кеңістікке шығуына жол ашатын маңызды алғышарттар. Келесі жылы Алматының «Түркі дүниесі жастарының қаласы» ретінде жариялануы да — өзара шығармашылық алмасу мен мәдени ықпалдастықты тереңдететін үлкен мүмкіндік. Осының бәрі бізден жауапкершілік талап етеді. Қазір жас қаламгерлердің шығармашылық әлеуетін дамытудың жаңа институттық деңгейі қажет сияқты. Сол себепті «Жас жазушылардың әдеби шеберлік мектебін» 1-2 жылдық әдебиет курс ретінде жалғастыру — тек идея емес, қазақ руханиятының болашағын айқындайтын стратегиялық бастама болуы керек деп есептеймін.

Жас жазушылардың әдеби шеберлік мектебі аясында келер жылы дәріс берушілер ретінде Нобель сыйлығының лауреаттарын шақыру жөнінде жоспарымыз бар. Егер мемлекет тарапынан бұл ұсынысымызға қолдау көрсетіліп жатса, бұл қазақ әдебиетінің жаңа өрісін қалыптастыру жолындағы батыл қадамдардың бірі болар еді.

Менің ойымша, бүгінгі жас буын — әдебиетті жаңа биікке көтеретін қуатты күш. Сол күшті ұйымдастырып, бағыттап, жүйелі мектепке айналдыру — біздің міндет әрі біздің борышымыз деп білемін.

Мәлік ОТАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі:

— Біз жаңа дәуірге қадам басып келеміз. Президенттің биылғы Жолдауы — соның анық айғағы. Президент Жолдауы — мемлекеттік маңызы бар құжат. Заманмен санасқан, озық технологияларды пайдалануды



мақсат етіп отырған биылғы Жолдау біз үшін аса маңызды, көкейтесті.

Бүгінде еліміздегі түрлі мәселелер жүйелі түрде шешімін тауып келеді. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолданып, елімізді одан әрі әлеуметтік-экономикалық, инновациялық дамытудың жаңа бағдары айқындалды. Жаппай цифрландыру арқылы отандық экономиканы әртараптандыру, кешенді түрде жаңғырту көзделген. Алдағы үш жылда Қазақстанды цифрлық елге айналдыру мақсатында нақты стратегиялық межелер белгіленді. Президентіміздің жаңа бастамалары Қазақстанды жаһандық аренада бәсекеге қабілетті ел ретінде танытумен қатар, халқымыздың тұрмыс сапасын арттыруға да зор ықпалын тигізеді.

Жасанды интеллект — уақыт талабы. Бірақ оның техникадан тыс қыры да бар. Бүгінгі әлем ғалымдарын «жасанды интеллектінің этикасы мен моральдық шекарасы қандай болуы керек?» деген сауал толғандырып отыр. Бұл — тек технология емес, жаңа мәдениет. Ал сол мәдениетті дұрыс бағыттайтын — жастар. Президент Жолдауының басым бөлігі де жастарға арналды. Өйткені жасанды интеллект — олардың қолындағы үлкен мүмкіндік аланы. Осы саланы игергендер әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болады.

Шынтуайтына келгенде, жасанды интеллект пен цифрландыру — бұл тек технология емес, ол мемлекетті басқарудың, экономиканы дамытудың және халық өмірін жақсартудың жаңа мәдениеті. Осы үдеріске әр азаматтың белсенді қатысуы — табыстың басты кепілі.

Бұған қоса, жасанды интеллектінің әдебиетке де тікелей қатысуы бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бүгінгі әдебиет дамыған, үлкен алыптар шоғыры негізін қалап, осы деңгейге жеткізген, бүгінгі жастар қауымы — сіздер, оның өрісін кеңейтіп жатқан үлкен әдебиет. Осы тұрғыда Қазақстан Жазушылар одағы жүйелі, өнімді жұмыс істеп жатыр. Бір ғана былтыр және биыл жүзеге асқан жобалар қаламгерлерді, жастарды қолдау бағытында жеміс беріп отыр.

Данияр АЛИЕВ,
Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы:

— Алматы қаласы — әр дәуірде өз мәдени келбетін ақын-жазушылар арқылы танытып келген рухани ортасы мол қала. Қаламгерлердің шығармашылығы — мәдениет пен әдебиеттің негізгі тірегі, олар арқылы қаланың рухани өмірі өркендейді. Сондықтан Алматыны әдебиет пен мәдениеттен бөлек алып қарау мүмкін емес. Қазақстан Жазушылар одағы — қазақтың

қара шаңырағы, кешегі алыптарымыз қызмет еткен киелі орын.

Бүгінде Президенттің мәдениет пен руханиятқа деген қамқорлығы, жастарға бағытталған қолдауы осы институттардың дамуына тікелей ықпал етуде. Мәселен, жыл сайын Жазушылар одағымен бірлесіп, мерейтойлар аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Келер жылы да Алматыға қатысты ілкімді шаралар, байқаулар өткізіп, үздік шыққандарды композиторлармен байланыстыра отырып, жаңа әндер туындауы мүмкін. Бұл байқауға жас ерекшелігіне шектеу қойылмайды, осында отырған жас қаламгерлердің барлығы қатыса алады.

Жазушылар одағы мүшелерінің басым бөлігі Алматыда тұратындықтан, біз Одақпен үнемі тығыз байланыста жұмыс істеп келеміз. Осы орайда Мереке Әбдешұлына ерекше алғысымды білдіремін. Біз әрдайым мәдени және шығармашылық жобаларды қолдауға дайынбыз. Айта кетейік, қалада 35 жоғары оқу орны, 85 колледж бар, ал жастардың 80 пайызы осы қаланың білім беру жүйесінде оқиды. Бұл — Алматының мәдени өмірі мен әдеби кеңістігінің қаншалықты маңызды екенін, қаланың рухани дамуының ел болашағы үшін қаншалықты мәнге ие екенін көрсететін нақты көрсеткіш.

Президенттің мәдениет пен білімге деген стратегиялық қамқорлығы осындай мүмкіндіктердің жасалуына жол ашып отыр. Біз, қаланың мәдени қоғамдастығы, осы саясатты өз жұмысымызбен жүзеге асыруға, жас қаламгерлерді қолдауда жүйелі жұмыстар жасай беретін боламыз.

Бейбіт САРЫБАЙ,
жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы Төрағасының орынбасары:

— Бүгінгі басқосуға қазақтың жас қаламгерлері жиналып отыр. «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» дегендей, біздің буын да жастық шақтан алыстады, ал бізден кейін міне, тұтас бір жаңа буын өсіп шықты. Әлібек Асқаровтың: «Толқын келді дейміз, бірақ мына жастарды көргенде, бұл толқын емес, нағыз цунами келген екен деп ойлаймын» деген сөзі бар еді. Сол секілді, біздің сонымыздан да қуатты бір толқын келе жатыр. Сол цунамидің бүгін белді өкілдері осында отыр.

Бұл қыз-жігіттердің әрқайсысы тек өлең, әңгіме жазумен ғана шектелмейді. Олар қоғамда болып жатқан оқиғаларға үн қосып, өз пікірін ашық білдіріп келеді. Әрқайсысы әр салада белсенді, ұлттық мүдде мен руханият мәселелерінде айқын ұстанымы бар. Ерлан Тынымбайұлы, өзінің және басқа да зиялы ағаларымыз

үнемі келелі жиындарда жүресіздер, онда талай маңызды мәселелер талқыланады. Ол әңгімелердің ешқайсысы аяқсыз қалып жатқан жоқ, уақыты келгенде жемісін беріп келе жатқанына өзіміз куә болып жүрміз.

Жақында ғана Президентіміз ішкі саясатқа қатысты маңызды құжат қабылдады. Біз оны қуана құптадық. Бірақ құптап қана қоймай, ондағы міндеттердің орындалуына әрқайсымыз үлес қосуымыз қажет. Өйткені ол — бір күнде жазылған дүние емес, талай уақыт сүзгіден өтіп, бұрыннан айтылып келе жатқан мәселелердің сараланған жиынтығы. Сондықтан бұл құжатты үлкен жауапкершілікпен қабылдауымыз керек.

Ерлан ЖҮНІС,
ақын, республикалық «Ана тілі» газетінің Бас редакторы:

— Бүгінгі басқосу — елдің саяси бағыты мен рухани дамуындағы өзгерістердің нақты сезілетін тұсында өтіп отырған маңызды жиын. Себебі, Президенттің кейінгі Жолдауы елдің стратегиялық бағдарын айқындап қана қойған жоқ, мәдениет пен руханият саласын мемлекет саясатының негізгі тетігіне айналдырды. Жолдауда көтерілген «Әділетті Қазақстан», «ортақ жауапкершілік», «ұлттық тұтастық» секілді ұстанымдар әдебиет пен өнердің де даму арнасын белгіледі.

Сол саясаттың нақты жүзеге аса бастағанының айқын дәлелі — Мәдениет және ақпарат министрлігінің құзыретінің кеңеюі. Бұл кеше бекітілген ішкі саясат тұжырымдамасының жүзеге асқан алғашқы қадамдарының бірі дер едім. Бұрын бірнеше ведомствоның есігін қағу арқылы шешуге тура келетін мәселелер енді тікелей әрі жедел шешіледі деп ойлаймын. Бұл — әсіресе мәдениет, әдебиет және ақпарат саласын ұзақ жылдар тежеп келген бюрократиялық кедергілердің азаятынын білдіреді.

Әлеуметтік желілерде көтеріліп жүрген Қазпошта, газеттерді тарату мәселелері, республикалық басылымдардың үш-бес мың тиражбен ғана шығып отырғаны — саланың қаншалықты әлсіреп қалғанының белгілері. Президенттің саясаты да осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталып отыр. Сондықтан бүгінгі жаналық бізді ерекше қуантты, себебі ол әдебиет пен ақпарат кеңістігін қайта жандандыруға мемлекет мүдделі екенін көрсетті.

Мереке Әбдешұлы орынды атап өткендей, қазіргі әдебиетке, оның ішінде жас буынға көрсетіліп жатқан қамқорлық — Жолдаудағы «адам капиталы» саясатының нақты жүзеге асуы деп білемін. Президенттік арнаулы әдеби сыйлықтың берілуі, «Шабыт» фестивалінің жандануы, «Айбоз» сыйлығының жыл сайын дәстүрлі түрде

ЖАСТАР

өтуі — жастардың шығармашылығын жүйелі қолдаудың мысалы болып отыр. Осында отырған қаламгерлердің көбі — осы марапаттардың лауреаттары. Мәселен, Мақсат Рамазанұлы мен Бейбіт Сарыбай секілді әріптестеріміздің «Абыл мен Қабыл», «Бекзат» сияқты шығармалары — қоғамдағы жаңғырудың әдебиеттегі жаңғырығы. Бұл — әдебиеттің бүгінгі тынысын, ертеңге деген сенімін танытатын туындылар.

Дегенмен бір мәселе назардан тыс қалып жүр. Көп гранттар, байқаулар, қолдау тетіктері 35 жасқа дейінгі қаламгерлерге арналған. Ал 35 пен 50 жас аралығы — нағыз кемелдік уақыты, қаламгердің өзін табатын, стилін қалыптастыратын кезең. Бірақ дәл осы кезең көбіне қолдаусыз қалады. Президент Жолдауындағы «еңбекке әділ жағдай жасау», «барлық буынды қамту» қағидаттары әдебиетте де жүзеге асуы тиіс деп ойлаймын.

Егер мемлекеттің рухани саясатының жаңа кезеңінде осы «өліарада қалған» буынды қолдайтын арнайы механизм қарастырылса, әдебиетіміздің орталық өзегі күшейіп, ұлттық рухани кеңістік толық жарасымға келер еді.

Президенттің саясаты — өңірлік дамуды, экономиканы алға тартумен қатар ең әуелі ұлттың рухани қуатын күшейтіп, сөздің салмағын арттырып, қаламгерді қоғамның тірек тұлғаларының бірі ретінде тануға бағытталған. Ал осы саясаттың өміршең болуына өз еңбегімен үлес қосу — шығармашылық қауымның басты міндеті деп ойлаймын.

Мақсат МӘЛІК,
жазушы, «Qalam media» жобасы қазақ редакциясының шеф-редакторы:

— Бүгінгі басқосу берері мол, маңызы зор жиын деп ойлаймын. Айта берсек, мәселе көп-ақ. Бірақ сол мәселелердің бірте-бірте шешіліп келе жатқанына қуанамыз. Жуырда тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелді ағамызбен сұхбаттасқан едік. Сол әңгіме кезінде 1960—1980 жылдардағы қазақ руханияты туралы сөз болғанда, қазақ әрқашан қаламгеріне сенгенін, бұл сенімнің тегі Алаш жолынан басталғанын айтты. Бүгінде сол сенімнің алтын шаңырағы — Қазақстан Жазушылар одағы.

Мереке Әбдешұлы айтып өткендей, Одақ — шығармашылыққа серпін беретін негізгі институттардың бірі. Мысалы, біздің үш романымыз осы Одақ бастамасымен, атымтай жомарт Махат Төрәлі ағамыздың қолдауымен жарық көрді. Оның сапасы немесе бағасы бөлек әңгіме, бірақ осындай дүниенің пайда болуы — әдебиет үшін үлкен қуаныш. Осының тұтқасы әрдайым Одақпен байланысып отырса деймін.

Шеберлік мектебі туралы айтар болсақ, бұл — үзіліп қалған дәстүрді қайта жаңғырту деп ойлаймын. 1990 жылдары бұл тәжірибе болған. Қаламгерлердің ауыл-ауданды аралап, тәжірибе алмасуы — дәл осы шеберлік мектебі сияқты маңызды дүние. Биылғы шеберлік мектебі тек әдебиет саласында емес, саясат, психология, философия сияқты әртүрлі білімді қамтып отыр. Қазіргі заман қаламгері тек сөзбен шектелмеуі керек, әлемдегі жаңа ғылымдар мен дамып жатқан салаларды білуі қажет. Президентіміз айтқан ЖИ дәуірі сияқты жаңалықтарға да бейжай қарауға болмайды.

Дегенмен біреуден дәмтуе немесе тек қол созу жеткіліксіз. Біз де елге берерімізді көрсетуіміз керек. Жазушы Дидар Амантай ағамыздың айтқанындай, «Жас болу үшін қырыққа жету керек пе?» деген сөз бар. Біз де қырықтан асып барамыз, бірақ мемлекеттің саясаты мен бағыт-бағдарын түсініп, оған қалам арқылы үлес қосу — біздің басты міндетіміз.

Келер жылы Алматы «Түркі дүниесі жастарының қаласы» болады деп жатыр. Бұл — тек қалалық шара емес, түркі халықтарының мәдени байланысын, достығын нығайтатын, рухани кеңістікті тереңдетін маңызды іс. Осындай кезеңде біз бәріміз — әдебиет, мәдениет және руханият саласының өкілдері белсенді қатысып, бауырлас халықтардың мәдени байланысын арттыруға үлес қосуымыз керек.

Ерғали БАҚАШ,
ақын, «Балдырған» журналының Бас редакторы:

— Мәлік Нұржанұлы, уақытыңызды бөліп, біздің ортамызға келгеніңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын. Президентіміз кейінгі жылдары «кітап оқитын ұлтқа, интеллектуалды қоғамға айналайық» деген бастаманы ерекше көтеріп жүр. Бұл — елдің болашағын ойлаған, ұлттық сананы бекемдейтін өте орынды үндеу. Шынында да, әдебиет пен мәдениетке мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау бүгінгі деңгейіне бұрын жете бермейтін. Соған қуанамыз, соған қуанып жүрміз.

Біздің буынның кезінде әдеби байқаулар көп бола бермейтін. Ал қазіргі жастар үшін мүмкіндіктер кен: жаңа жобалар жүзеге асып, кітаптар көптеп жарық көріп жатыр. Бұл — Жазушылар одағымен бірлесіп жүзеге асып жатқан ірі шығармашылық бастамалардың нәтижесі.

Президент «кітап оқитын ұлт болайық» дегенде, мен сол сөздің жалғасы ретінде «газет-журнал оқиық, баспасөзді қолдайық» деген ой айтылса деген тілек білдіргім келеді. Өйткені кітап оқитын бала — алдымен газет-журнал оқудан бастайды. Балаларға арналған басылымдарды оқымаған ұрпақ ертең қалың кітапқа да жақындай қоймайды. Сондықтан бұл үндеудің дер кезінде, орынды айтылғанына өзім қатты қуандым.

Кейінгі үш-төрт жылда Астанада журналистер мен қаламгерлерге арнайы тұрғын үйлер беріліп келеді. Бұл — мемлекеттің үлкен қамқорлығы. Осындай игілікті іс Алматыда да жалғасын тапса, жұртшылық қуана қол соғар еді. Астанадағы 50—60 үйдің санын азайтпай-ақ, жыл сайын Алматыдағы жағдайы қиын жас жазушыларға да Президент атынан қолға алынған осындай бастама жасалса, бұл рухани орта үшін үлкен демеу болар еді.

Менің замандасым марапат алса, мен өзім алғандай қуанып жүретінім рас. Балалар жазушысы, публицист Марат Қабанбай ағамыздың тамаша сөзі бар еді: «Көріңіз кілем сатып алса қуан, бір шетіне өзін де отырарсың» деген. Қазіргі жастардың көпшілігі айына 300—400 мың теңге төлеммен ипотека өтеп жүр. Ондай жағдайда адам шығармашылықпен айналыса ма, әлде күнкөріс қамын ойлай ма, бұл екіұдай күйге түсіреді. Адам — мемлекеттің ең үлкен байлығы. Біз — өсіп келе жатқан жас халықпыз. Сондықтан мемлекеттік стипендия мен түрлі қолдау түрлерінде жастардың үлесін көбейту — өте маңызды іс деп ойлаймын.

Дархан БЕЙСЕНБЕК,
жазушы, «Жұлдыз» журналының Бас редакторының орынбасары:

— Бүгін көтеріліп жатқан мәселелер өте өзекті. Қазақстан Жазушылар одағы Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп отырып, үш жылдық стратегиялық әріптестік жобасын жүзеге асыру үстінде. Менің ойымша, Мереке Әбдешұлы айтып өткендей, бұл курсты 6 айлық немесе 1 жылдық толық бағдарламаға айналдырсақ, Нобель сыйлығының иегерлерін шақыруға да мол мүмкіндік туар еді.

Кенес дәуірінде білім алған қаламгерлер көбіне жан-жақты дамыған. Ал қазіргі мектеп оқушылары бұл дәуірдің тарихи, мәдени және әдеби қырларын жеткілікті біле бермейді. Сондықтан жас қаламгерлер мен оқырмандардың көкжиегін кеңейту үшін әлемдік әдеби мұрамен таныстыру қажет. Егер Жазушылар одағының бастамасымен, Сыртқы істер министрлігі мен елшіліктердің қолдауымен, шетелге сапарлар ұйымдастырылса, онда біздің қаламгерлер сол елдердің тарихын, дәстүрін, әдеби шығармаларын елге алып келер еді.

Осы арқылы жас оқырмандардың таным көкжиегі кеңейіп қана қоймай, Қазақстанның рухани ықпалы мен мәдени беделі де арта түсер еді деп ойлаймын. Мысалы, әдеби «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» мен «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зертеу жұмыстары» жобасын біріктіріп, «Қазақ әдебиеті және әлем» деген сияқты жобаны іске қосу арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, жастарға жаңа білім мен шабыт беруге өбден болады. Бұл бастама — Президенттің интеллектуалды ұлт құру саясатының ұлттық руханиятты көтеруге, жас қаламгерлерді қолдауға бағытталған іс-қимылдардың нақты көрінісі болар еді.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
балалар жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағы Балалар әдебиеті кеңесінің басшысы:

— Құрметті Мәлік Нұржанұлы, өзіңіз де жазушысыз, әдебиеттің қазіргі жай-күйін жақсы білесіз. Қазіргі ең өзекті мәселелердің бірі — біз әдеби редакторлықтан айырылып бара жатырмыз. Қазіргі редакторларымыз көбінесе зейнет жасындағы қаламгерлер. Болашақта әдеби мәтіндерді кәсіби деңгейде өңдей алатын мамандар қалмаса, кейінгі буынның әдеби сауаты әлсіреп, кітаптардың сапасы төмендеуі мүмкін. Сондықтан жаңа сіздер айтып жатқан Әдебиет институты ашылатын болса, сол институтқа әдеби редакторлық мамандығы міндетті түрде енгізілуі қажет деп ойлаймын. Мәскеудегі Әдебиет институтының тәжірибесі дәл осыны көрсетіп отыр, бізге де сол жүйелі жол қажет.

Балалар әдебиетіне қатысты да бірнеше өзекті ұсынысым бар. Қазіргі таңда көптеген кітаптар аймақтарға толық жетпейді, біз оны өңірлерге жасаған сапарларда бақылап жүрміз. Мемлекеттік қолдау көрсетілуі дұрыс, алайда оны нақты ережелермен бекіту қажет деп есептеймін. Мысалы, композиторлар немесе скульпторлар сияқты өнер саласының мамандарының шығармаларын шығарғанда арнайы талаптар бар: ноталарды, фотосуреттерді енгізуге қосымша қаражат қарастырылған. Сол сияқты балалар әдебиетінің сапасы, мәтіннің мұқият өңделуі, иллюстрация мен таңбалардың айқын әрі көркем болуы стандартқа сай болуы тиіс. Өйткені қызықтыра алмаған кітап балаға қажет емес: сөздерде тұрса да оқылымы болмайды, ал бұл шығарманың мәнін түбегейлі төмендетеді.

Сонымен қатар Президенттің тапсырмасымен Халық жазушысы атағы қайтадан беріліп отыр. Бұл — әдебиетке, балалар шығармашылығына және ұлттық руханиятқа деген нақты қамқорлықтың көрінісі. Мысалы, 1984 жылы балалар әдебиетінде Мемлекеттік сыйлықты Мұзафар Әлімбаев алған, содан бері 45 жыл өтті, бірақ осы уақыт аралығында бірде-бір балалар жазушысы мемлекеттік сыйлыққа лайық деп танылмаған. Арамызда сол сыйлыққа толық лайық талантты қаламгерлер бар, олардың еңбегі еленуі тиіс. Президенттің бұл қадамдары жас қаламгерлерді қолдауға, әдебиеттің сапасын арттыруға және ұлттық мәдениеттің дамуына ерекше ықпал етеді деп сенемін.

Еділбек ДҮЙСЕН,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Аппарат жетекшісі:

— Мәлік Нұржанұлы, өзіңіз білетіндей, Қазақстан Жазушылар одағы Мереке Әбдешұлының бастамасымен бүгінгі таңда балаларға арналған және балалардың

қатысуымен бірнеше жобаны қатар жүргізіп келеді. Бұл сөзіме дәлел ретінде 20 жасқа дейінгі жастарды ынталандыру мақсатында түрлі шығармашылық байқауларды, шеберлік дәрістерін, әдеби кештерді, «Қазақстан Жазушылар одағы мүшелігіне үміткер» жобасын, дәстүрге айналатын халықаралық «Ертөстік» балалар әдеби сыйлығын, балаларға арналған үздік туындыларды «Үкілі үміт» атты арнайы сериямен кітап етіп шығару жұмыстарын, жас оқырмандарға арналған мазмұнды шығармаларды насихаттау, авторларды қолдау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп отырған Одақ жанынан құрылған «Балалар әдебиеті кеңесін» айтсақ жетіп жатыр.

Бұған қоса, Қазақстан Жазушылар одағы «Өркен» балалар әдебиетін дамытуға жәрдемдесу қоғамдық бірлестігімен және Алматы қалалық кітапханалар жүйесімен бірлесіп отырып, 2025 жылы Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы, көрнекті жазушы Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына арналған «Алматының жас жазушысы — 2025» байқауын өткізген болатын. Шығармашылық бәсекеге 15—17 жас аралығындағы 173 жас талапкер қатысып, Сапарғали Бегалиннің шығармаларындағы кейіпкерлер мен оқиғаларды фэнтези жанрымен сабақтастыра отырып, тың дүние ұсынды. Бұл әдебиет пен қиял әлемін тоғыстырған шабыт алаңына айналды.

Биыл Қазақстан Жазушылар одағы аталған байқауды республикалық деңгейде, «Қазақстанның жас жазушысы» атауымен ел көлемінде және жыл сайын дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отыр. Байқау екі кезеңнен тұрады деп көзделуде. Байқаудың бірінші (облыстық) кезеңі әр жылдың желтоқсаны мен наурыз айлары аралығында өтеді. (2025 жылдың 1 желтоқсаны 2026 жылдың 2 ақпаны байқауға қатысушылардың жұмыстарын облыстық деңгейде қабылдау. 15 ақпан — 15 наурыз облыстық деңгейде байқауға келіп түскен жұмыстарды бағалау. 20 наурыз облыстық деңгейдегі байқау жеңімпаздарын жариялау). 1 сәуірге дейін облыстық деңгейдегі жеңімпаздардың жұмыстары республикалық деңгейдегі қазылар алқасына жолданады. Байқаудың екінші (республикалық) кезеңі сәуір айында өтеді. 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қалада жеңімпаз деп танылған 20 оқушы арасындағы қорытынды кезең, яғни жұмыстарды бағалау 1 сәуір — 20 сәуір аралығында өтеді. Жыл сайын 23 сәуір — «Ұлттық кітап күні» мерекесінде Астана қаласында республикалық байқаудың қорытындысын жариялау және жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттау рәсімі өткізіледі. Облыс деңгейінде жеңімпаз деп танылғандарға дипломдар, «Қазақстанның жас жазушысы» атағы және аталған облыс аумағында орналасқан ЖОО-нан білім беру гранты беріледі деп жоспарланып отыр. Республика деңгейінде жеңімпаз деп танылған оқушыға бағалы сыйлықтар, дипломдар, «Қазақстанның жас жазушысы» атағы және республикалық деңгейдегі ЖОО-дан білім беру гранты беріледі деп көзделуде. Облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларды ұйымдастыруға Қазақстан Жазушылар одағы және оның әр өңірдегі өкілдіктері араласады. Бағалы сыйлықтар Қазақстан Жазушылар одағы тарапынан, білім беру гранттары ҚР Оқу-ағарту министрлігімен және облыс әкімдіктерімен ынтымақтаса отырып беріледі деп жоспарлануда.

Байқаудың тақырыбы жыл сайын өзгеріп отырмақ. 2026 жылғы республикалық байқау Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, ақын Олжас Сүлейменовтің 90 жасқа толуына арналады. Өйткені бұл оқушылардың қаламгер мұрасын мұқият зерттеуіне, жан-жақты тануына ынталандырады. Байқауға қатысу үшін оқушылар алғашқы кезеңде Олжас Сүлейменов және оның шығармашылығы жөнінде эссе жазады, екінші кезеңде проза, поэзия, драматургия, фэнтези бағыттарының бірінде туынды ұсынады.

ЕЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР

(Басы 1,4–6-беттерде)

Айнагүл САДЫҚОВА,
аудармашы, Қазақстан Жазушылар Одағы
Басқармасының қызметкері:

— Мен Мереке Әбдешұлының ұсынысына орай өз ойымды білдіргім келеді. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен стратегиялық әріптестік аясында жүзеге асырылып келе жатқан жобалардың бірі — «Жас жазушылардың әдеби шеберлік мектебі». Биылғы курстың ерекшелігі — Басқарма Төрағасы Мереке Әбдешұлының ұсынысымен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты бес ғылыми-зерттеу институтының көрнекті ғалымдары дәріс оқуға шақырылған-ды.

Нәтижесінде, жас каламгерлер әдебиет мәселелерінде алған білімдерін ғылыми тұрғыдан байытты. Мысалы, жазушы Мақсат Мәлік биылғы «Жас жазушылардың әдеби шеберлік мектебіне» ғалымдардың қатысуы өте нәтижелі болғанын атап өтті. Бұл бастама эксперимент ретінде енгізілгенімен, дер кезінде және қисынды жүзеге асқаны байқалады. Мұның басты себебі — әдебиеттің сапалы дамуы үшін берілетін мағлұмат, дерек пен ақпарат тексеріліп, жүйелі түрде ғылым арқылы берілуі керек.

Мен бірінші жылы осы мектепте оқытушы болып, биыл директордың орынбасары ретінде ұйымдастырушылық жұмыстарға араласып, қатысушылар мен ұстаздармен тығыз байланыста болдым. Сол кезде түсінгенім, мұндай мектеп өте қажет. Өйткені әр өңірден, республикалық маңызды қалалардан небәрі бір-бір жас каламгер ғана іріктеледі. Өтпей қалғандар «Неге он адам ғана?», «Неге жиырма емес?» деп сұрақ қойса, қатысқандар өздері де алған білімдерінің кеңдігіне танданып, «Неге үшжылдық бағдарлама ғана?» деген сауалдарын жолдаған еді.

Үшжылдық жоба ретінде ашылған «Жас жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» сұранысқа ие әрі болашағы зор жоба екенін дәлелдеді. Бұл мектеп жас жазушылар мен ақындар үшін тиімді білім беру алаңы ғана емес, сондай-ақ қатысушылар мен танымал каламгерлер арасындағы кәсіби байланысты нығайтып, халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейтетін бірегей платформаға айналды.

Осыған орай, ұлттық әдебиетті дамыту мен жазушылардың кәсіби шеберлігін арттырудың тиімді формасы ретінде бұл мектеп үзілмей, тұрақты жұмыс істейтін кең ауқымды оқу орнына айналса, әдебиетті кәсібилендіріп, сөз өнерін биіктетуге қосылған зор үлес болар еді.

Әлібек БАЙБОЛ,

әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстан
Жазушылар одағының мүшесі:

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы үш жыл ішінде Қазақстанды жаппай цифрлық елге айналдыру жөніндегі ауқымды міндет барлығымызға үлкен жауапкершілік, болашаққа зор сенім сыйлады. Президенттің бұл прогрессивті идеяны әлемнің ең басты мінбері — БҰҰ-ның төрінен жариялауы еліміздің жаһандық үрдістен тыс қала алмайтынын көрсетті. Президент атап өткендей, жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің бүгінгі күнде ұлттық басымдығына айналып отыр.

Мәлік Нұржанұлы атап өткендей, расымен де жасанды интеллектен әдебиет өкілдері де тысқары қала алмайды. Де-

генмен ол үшін әдебиет те жасанды интеллекттің даму жылдамдығына ілесіп, жанарып отыруы шарт. Жанарудан бұрын әдебиеттің мәселелерін шешіп алуымыз керек.

Мәселен, қазақ әдебиетін шет тіліне және әлемдік үлгідегі үздік шығармаларды қазақ тіліне аудару жағына мән берген жөн. Ұлттық аударма мектебін қалыптастыру үшін ауқымды байқау ұйымдастыру керек деп ойлаймын. Өйткені аударманы дамыту, аудармашыларды ынталандыру әлі де жолға қойылмай келеді. Бұған қоса, қазақ драмашыларының қаламақы мәселесі де — шешуін таппай келе жатқан дүние. Сол реттелсе дейміз.

Асылан ТІЛЕГЕН,

ақын, «Ұлан» газетінің бас редакторының
орынбасары:

— Қазір қоғамды кітап оқуға қалай баулимыз деген мәселе бар. Президенттің Ұлттық құрылтайда, Жолдауларында айтылған сөзінен кейін әр сала әртүрлі қимыл істеп жатыр. Шешімі жоқ емес мәселе, әрине. Қоғамды кітапқұмар қылудың төте жолы — балаларды кітапқа баулу екені белгілі. Ендеше балаларға арналған контентті мейлінше қолдау керек. Мысалы, балаларға арналған, мемлекет қолдап отырған төрт бірдей басылым бар. Олар — «Балдырған» және «Ақ желкен» журналдары мен «Ұлан» және «Дружные ребята» газеттері. Алды биыл 100 жылдығын тойлаған басылымдар бірнеше буын ұрпаққа сапалы контент болды. Әлі де сол классикалық дәстүрінен айныған жоқ. Бұл басылымдар мерзімінде, мазмұндық сапада шығып тұр. Өкініштісі, оқырманға уақытында жетуде мәселе бар. Яғни оны жеткізумен айналысатын «Қазпошта» мекемесі әртүрлі сылтаумен газетке жазылудың бағасын өсіріп, алайда қызметін дұрыс атқармай отыр. Яғни газет-журналдарымыз оқырманға, балалардың қолына тым кешеуілдеп жетеді. Сәйкесінше оқырманның газет-журналға деген көзқарасы өзгеріп барады. Сөз жоқ, үкімет басшыларының қолына басылымдарды ертесі-ақ жеткізіп береді. Алайда қарапайым оқырманға айлап кешітетін кез көп. Осы мәселені жолға қояр пәрмен керек-ақ. «Қазпошта» бұлай еркінсі берсе, дәстүрлі басылымның түбіне жетеді.

Қанат АЛТЫНБЕК,

ҚР Ұлттық кітапханасының ғалым
хатшысы,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:

— Әдебиетке бейжай қарамайтын жұртшылықтың басын біріктірген бүгінгі отырыс, шығармашылық ортаға жаңа леп әкелген әсерлі әрі тағылымды кездесу болды. Осындай ортада сөз алғанда мен ең әуелі Қазақстан Жазушылар одағының кейінгі жылдары жастарға көрсетіп отырған қамқорлығына тоқталғым келеді. Қаламын енді ғана қолға алған жас авторға бағыт-бағдар, рухани тірек ауадай қажет. Одақтың осы бағытта қатарып жатқан жұмыстары — әдебиетке келетін жаңа буынның сенімін күшейтіп, шығармашылыққа құлшынысын арттырып отырған маңызды іс.

Сонымен бірге ҚР Мәдениет және ақпа-

рат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп жүзеге асырып келе жатқан «ТМД архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» атты жобаның мән-маңызы орасан зор. Екі жыл қатарынан жалғасып келе жатқан бұл бағдарлама — әдебиет тарихын тек кітап беттерінен іздейтін дәстүрлі көзқарастан асып, жаңа бағытқа бет бұрған қадам. Жазушылардың өмір жолы мен шығармашылық байланысын архив материалдары арқылы ашу — қазақ әдебиетінің ғылыми қорын байыта түсетін мүмкіндік.

Осы жобаның аясында маған Қырғыз Республикасында зерттеу жүргізу бұйырды. Қырғыз Ұлттық кітапханасы мен архивтеріндегі сирек қорлардан қазақ жазушыларына қатысты күтпеген жаңалықтар таптым. Екі халық арасындағы әдеби қарым-қатынастың тамыры тереңде жатқанын көрсететін деректер, жазушылардың өзара хат алмасулары, әдеби ортадағы оқиғалар жайлы мәліметтер — барлығы да біздің рухани жадымыздағы олқылықтарды толтыруға сеп болатынын аңғардым.

Қырғыз еліндегі архивтердің ұқыптылығы, сирек кітаптар қорының жүйелі сақталуы да ерекше әсер қалдырды. Осы материалдармен жұмыс істеу барысында қазақ әдебиетінің талай тұсы әлі толық зерттелмегенін, ал көршілес елдердің мұрағаттарында қазақ жұрты үшін құнды дүниелердің көп екенін түсіндім.

Егер бұл бастама уақыт өте келе барлық түркі мемлекеттерін қамтитын ауқымды ғылыми бағдарламаға айналса, ортақ мәдени тарихымызды жаңаша пайымдауға зор мүмкіндік ашылады. Түркі елдерінің архивтерінде сақталған әдеби мұраны да бірлескен зерттеу кеңістігіне қосу — түркі әлемінің рухани тамырын тереңірек танытуға бағытталған үлкен іс болар еді.

Бүгінгі жиында айтылған әр пікір — болашақ әдебиетке жасалған инвестиция. Жас жазушылардың шығармашылық ізденісін қолдау, архив деректерін қайта сөйлету, әдебиеттің ғылыми негізін байыту — ұлттық руханияттың іргесін бекітетін маңызды қадамдар.

Біз әдебиетке қызмет еткен сайын, ұлттың рухы күшейеді. Біз жас каламгерді қолдаған сайын, ертеңгі әдебиет биіктей түседі.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ,

ақын, «Қазақ газеттері» басылымдарының
тілшісі:

— Қазіргі қазақ әдебиетінің даму үдерісіне үнілсек, бірқатар жүйелі проблемалардың әлі де өз өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Ең алдымен, қазақ прозасы мен поэзиясының жаңаша бағыт пен батыл эксперименттерге сұранысы артып отыр. Көп шығармаларда әлеуметтік-психологиялық тереңдік бар болғанымен, әдебиеттегі жаңа формалар, стильдік ізденістер, заманауи кейіпкерді жаңаша концепциялау әлі де мардымсыз. Әсіресе ақындыққа, жазушылыққа баулитын институттардың жоқтығы жаңа батады. Мәселен, ақын сінділерім қабілетіне сай оқуға түскісі келеді, бірақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғаліміне ғана тапсырады. Содан ол педагог болып шығады. Педагогика мен

шығармашылық екі бөлек дүние емес пе?

Сондай-ақ жас каламгерлерге қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігі, әдеби сын институтының әлсіреуі, кітап нарығындағы бәсекенің төмендігі — ұлт әдебиетінің дамуын тежейтін факторлардың бірі.

Осы ретте, мемлекет тарапынан жасалып жатқан нақты игі қадамдарды да жоққа шығара алмаймыз. Президенттің мәдениет пен әдебиет саласына бағытталған реформалары саланың тамырына қан жүгірткенін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауын толық оқып шығып, әдебиеттің де жасанды интеллектімен не ымыраға келуі немесе өзге бір қадамдарға баруы керек екенін түсіндім. Бұл біздің ендігі атқаратын жұмысымыз шығар деп ойлаймын.

Сандуғаш СЕРІКҚЫЗЫ,

ақын:

— Біраз ойда жүрген тақырыптарды алдыңғы буын ағаларымыз қозғап кетті, бәріне толық келісемін. Өзім педагог маман болғандықтан, оқу бағдарламасы, қазақ тілі, әдебиет оқулықтарындағы көңіліміз толмайтын кей олқылықтар жайлы айтуды жөн көріп отырмын.

«Жанартылған білім мазмұны» бойынша әзірленген оқулықтар әдемі бастама, бірақ олар ұлт әдебиетін, тілінің тереңдігін жеткізе алмайтын секілді. Су бетінде қалқып, құдды басқа ұлт өкіліне қазақ тілінде дұрыс сөйлеуді үйретіп жатқандай күй кешеміз. Сөз ішіндегі әріптік қателердің жиі кездесетіндігін айтпағанның өзінде, кейбір мәтіндердің, деректердің тарихи-мәдени дұрыстығына қатысты тартыс бар. Мысалы, 2-сыныпқа арналған оқулықта «ұлттық тағам» ретінде дұрыс емес тағамдар, дәстүрлер көрсетілген бе деген күмән туады...

Тағы бір айта кетерлігі: мәтіндер мен тапсырмалардың сәйкессіздігі. Яғни берілген мәтінге түк қатысы жоқ тапсырмаларды көріп, бала түгілі өзіміз де ауыз ашып қаламыз. Ең сұмдығы, ереже беріледі, бірақ мысалдары ережеге мүлде сай келмей жатады. Оған кішігірім дәлел ретінде 9-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығындағы «Құрмалас сөйлемдер» тақырыбы. Бұл өте қабылдауға ауыр, күрделі тақырыптың бірі. Онсыз да миы ашып жатқан балаға мысалдарды анық әрі дәл беру оқу үдерісін жеңілдетуге үлкен көмек болар еді. «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының мазмұнына қатысты да жүйесіздіктер бар. 5-6-7-8-9 сыныптардан бастап, әр дәуір әдебиеті ретімен өтіледі. 18-19-20-ғасырға балалар сатылап шығып, біртіндеп әр автормен танысады. Бірақ дәл ортадан топ етіп жаңа заман авторларын қосып, баланың миын ашытып жатқан жоқпыз ба? Қосқан дұрыс, бірақ ұсыну жоспарын жүйелі құрсақ, мұның да орайын келтіруге болар еді...

Осының бәрін ескере келе, мектеп оқулықтарын жазуда, әсіресе «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндеріне қатысты, авторлар, редакторлар, сарапшылар құрамы ретінде нақты әрі кәсіби қор құрылса, ортада талданса деген ұсыныс-тілегімді айтар едім.

Тек ресми сапа бақылауымен емес, қоғам, мұғалімдер, әдебиет зерттеушілері мен ақын-жазушылардың пікірін ескеретін ашық, қоғамдық талқылау жүргізу — кітап оқитын ұрпақ тәрбиелеудің алғышарты деп білемін.

Туып-өскен атамекен елінің, Алтайдан Атырауға, Алатаудан Омбы, Түменге дейін созылған ұлан-байтақ жерінің, қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсарланған қазақ деген қасиет иесі халқының бағзыдан бергі тарихы әрбір саналы көкіректі толғандырады хақ. «Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы» деп қалт кетпес Қадыр Мырзалиев абыз ақын айтқандай, Құдайға шүкір, қазақтың тарихы таудай толағай, теңіздей телегей. Ол тарих сонау есте жоқ ескі замандарда Күлтегін мен Тоныкөктің тасына да басылған, ол тарихты Қытай мен Ресейдің, араб пен парсының, Еуропа мен Американың мұрағаттары да жасырған. Бірақ ерен тарих ел жадынан өшпеді.

Өшпеуіне бір себеп, қазақ тарихы – елдік пен ерлік тарихы, шежірелі тарих. Осы ретте қазақтың ауызша тарихы тауарихнамамызда ерекше орын алады, ел аузындағы әңгімелердің ас-

ұзақ жылдық қанды қырғында жан аямай, асқан батырлықпен елі мен жерін жаудан қорғайды. Баһадүр батырлыққа қоса ақыл-парасаттың да кені болғанға ұқсайды. Қазақтың көкірек сарайы кен,

керлерінің, қалың жұртшылықтың қатысуымен сондағы Ақбастау ауылында абыз атаға арналып ас беріліп, рухына Құран бағышталды. 2011 жылдың жаз айында басына еңселі ескерткіш тас қойылды. Ал 2013 жылғы қантарда Қазақстан Жазушылар одағының үлкен залында талантты замандасымыз Доктырхан Тұрлыбектің қазақтың Құдайберді биінің туғанына 300 жыл толу құрметіне арналып шығарылған «Тереннен тартқан тектілік» атты кітабының тұсаукесері өткізілді, бабаға арнап ас берілді. Одан кейін тағы осы Доктырханның тікелей режиссерлығымен Халықаралық «Түркі әлемі» телестудиясы Құдайберді би

Демек, кейін сол баһадүрлерге серік болған Медетбек батырдың бойында да халқының азаттығы жолындағы күрескерлік рухы алаулап жанған деп білуіміз керек. Ол осы қасиетті рухты соңғы деміне дейін сақтаған.

1915 жылы 90 жасында дүниеден өткен, ерлігі аңыз болған Медетбек батырға бүгінгі ұрпағының көрсетіп отырған құрметі зор. Соның негізгілеріне тоқталсақ, әуелі 2004 жылы Ұзынағашта батыр бабаға арналған ғылыми-теориялық конференция өтеді, 2007 жылдың қазан айында Таутүргендегі зиратына мемориалдық кешен орнатылып, Түрген өзеніне Медетбек батыр атындағы көпір салынады. Ал Алматы – Қарақыстақ тас жолының 78-шақырымындағы Қаракөтерме биігінде батырдың толағай тұлғасы сомдалған еңселі ескерткіші бой көтереді. Бұған қоса, сол жылы баспагер-жазушы Манарбек Ізбасардың аса құнды мағлұмат деректерді молынан камтыған «Медетбек батыр» кітабы басылып шықты. Бабаға деген осындай ұрпақ құрметінің басы-қасында тағы да қауіпсіздік саласының сардары, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов жүргенін айту парыз. Сөйтіп, халқымыздың «Ер есімі – ел есінде» деген нақылы іс жүзінде шынайы көрініс тапты.

Танатар еліндегі ер бабалардың өнегесін жалғастырған ұрпақтар тізбегі Медетбек батырдан кейін де еш толастаған емес. Солардың ішінде атақты Жамбыл Жабаевтың замандасы, 1840–1927 жылдар аралығындағы аумалы-төкпелі кезеңдерде өмір кешкен суырыпсалма төкпе ақын Қарабек Ниязбекұлы, Қазақстанның және Моңғол еліндегі Баян-Өлгей аймағының оқу-ағарту ісіне еңбегі сінген көрнекті педагог, Алматы қалалық хәм аудандық кеңестердің депутаты болған, Алматы қаласынан атына көше берілген берен тұлға Тілеуберді Сауранбаев, 21 жасында әскер қатарына шақырылып, фашистік Германияға қарсы соғыстың басынан аяғына дейін ерлікпен қатысқан, елге оралған соң ұзақ жылдар бойы басшылық қызметтер атқарған, «Ленин» орденінің иегері, Жәпек батыр ауылының орталық көшелерінің біріне аты берілген Құлжабай Алтаев, осы қан майданның тағы бір қаһарманы «Қызыл Жұлдыз» орденін алған Қали Нұдыров, «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен үш мәрте марапатталған өжет майдангер Мнайқұл Сағындықов, Отан үшін от кешіп, сұрапыл ұрыстарда үш рет жараланған, кеудесінде Екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен медальдар жарқыраған, туған жерге жеңіспен оралып, ауыл шаруашылығында еселі еңбек еткен, Саурық батыр ауылының тумасы Шаяхмет Ғайнанов, Ұлы Отан соғысында офицер шенінде шайқасқан Әпсағи Қойшыбаев және басқа соғыс хәм еңбек ардагерлері ерекше құрметпен атауға әбден лайықты. Әрине, қанша қаласақ та, сол ардақтылардың бәрінің есім-сойлары шағын мақала аясына сыймайтыны бесенеден белгілі. Қисса-дастанда біраз есімдер келтіріліп, көптен-көп соғыс және еңбек ардагерлері жыр арқауына айналды.

Олай болса, осы күндерде жарық көрген «Толағай баба Танатар. Бахадүр әулет» атты ерекше миссия арқалаған осынау кітаптан оқырман қауым керегін тауып, рухани тұрғыдан мол олжаға кенеліп, мейір-ықыласына бөлейді деп үміттенеміз. Қасиет-киесі ұрпағына дарып, желеп-жебеген ұлы баба аңсарлы азаттығына жеткен қалың қазақ елімен бірге жасай берсін. Би бабаға, батыр бабаға сомдап соққан ескерткіштей кітап ел ішіне игілік болып еңсін. Ғұмырлы болсын!

Қорғанбек АМАНЖОЛ,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

БАТЫР БАБАЛАР ҒИБРАТЫ

тарында өмірде шын болған жайттар, ақиқат оқиғалар жатады, аңыздың өзі арғы түбінде ақиқаттан туады. Ақтангер ғұлама Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» атты атакты еңбекті жазып жарияға шығаруы да тегін емес. Олай болса, қазақ тарихының керегесін керіп тұрған хикметтің бірі әрі бірегейі ата-бабаларымыздың баяғы замандардан бері жібін үзбей келе жатқан қат-қабат, қатпар-қатпар қордалы шежіресі дер едік.

Қазақ шежіресі бұтақтары тарам-тарам алып бәйтерекпен айшықталады. Әрбір қазақтың түп-тұқияны, асыл тегі осы бәйтерек бұтақтарының тарам-тармақтарынан міндетті түрде табылады. Шежіренің ғажабы сол, ол ата-тегіңді де, тарихыңды да таратып айтып береді. Тарих – ғылым десек, шежіре – ақпар, анықтама. Шынайы тарихты жазуға шежіре көптен-көп көмегін тигізеді. Ендеше, қазақтың тарихынан қазақтың шежіресін есте де бөлек алып, бөліп қарай алмасак керек. Осы арада айта кетерлік бір жай, қазақтың тарихы да, шежіресі де ортақ, бір бүтін, яғни бір тамырдан тараған алып бәйтерек іспеттес. Құдіреттің осындай кереметіне ғажаптанып таңғаласың әрі сүйсініп басыңды иесің, бойыңды мақтаныш сезімі кернеп мерейленесің.

Ардақтыларымыздың бірі – Танатар би Шуашұлы қазақтың Есім және Салқам Жәңгір хандарының дүбірлі жорықтарының да, келелі елдік кеңестерінің де бел ортасында жүрген. Танатар бидің ұлы Қожағұлдан туған Аман мен Құдайберді биден тараған ұрпақ қазіргі кезде жеті атаға жетіп отыр. Осынау Танатардан тараған тектілік оның ұрпақтарының арасында біздің бүгінгі азат заманымызға дейін арқауын үзбей келе жатыр.

Осы арада айта кететін бір жайт, бүгінгі Танатар би ұрпақтарының ата-баба алдындағы қарыз бен парызға, бабалар аманатына адалдығы. Ер бабалардың ерлік істері мен елдік ұйтқысы ұмыт қалдырылмай, қаншама еңбек, кітаптар жазып шығарылған. Солардан ер бабалар жайлы ақпар, мағлұматтарға қанығамыз. Бұл жағдай біздің де «Толағай баба Танатар» қисса-дастанын еркін көсіліп жазып шығуымызға керемет септігін тигізіп, шалқар шабытқа қозғау салған бірден-бір демесіміз болды.

Танатар – күллі Алашқа белгілі батыр, сөзге шешен, мінезге мәрт ел басшысы әрі қара қылды қақ жарған әділ биі болған. Дарынды жазушы-журналист Доктырхан Тұрлыбектің жазғанына жүгінсек, ол он жетінші ғасырда Жетісу өңірінде өмір сүріп, қазақ пен жоңғар арасындағы

қандай мәселені болсын тереннен зерделейтін данагөйіне айналып, талай-талай тығырықтан сәтіммен шығарған оң шешім, әділ биліктері әлі күнге дейін ел есінде сақталып, ұлағатты ұрпақтың жадында жатталып қалған. Бұлай айтуға дәлел, уәждер де жеткілікті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген даналық сөз де осы Танатар биден қалыпты.

Танатар бидің ел-жұрты жазда Асы, Сарымсақты, Таутүрген жайлауларын мекен етсе, қыста Түрген өзенінің Ілеге құяр тұсынан бастап, Қарашеңгелдің түстігіне дейін кыстаған дейді. Батырлығы, турашыл әділдігі, кең пішіп, тереннен ойлайтын кемеңгерлігі бірқанша ұрпақтарына дарып, олар атасының ғибратқа толы ізгі ісін одан әрі жалғастырып, күллі қазаққа мәшһүр Танатар елі атанған. Қасиет-киесі мол баба өзінің ұрпақтарына қиын сәттерде аян беріп, жігерлендіретін кездері де болған. Құдіреттің осындай тылсым ғажабымен аяланған Танатар бидің бейігі Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Асы жайлауының еңселі биігінде жатыр. Өркен жайып өскен ұрпағы, бір қауым ел әрдайым Құран бағыштап, еске алып, садақа асын беріп тұрады.

Танатар елінен шыққан келесі бір тау тұлға Құдайберді би Қожағұлұлы – Танатар абыздың немересі, әйгілі ру басы, қазақтың белгілі биі, беделді батыры. Тарихшы Әсет Кембаевтың айтуынша, Абылай хан дәуіріндегі қазақ пен жоңғар арасындағы сұрапыл қанды шайқастарда елін жаудан асқан ерлікпен қорғап, Арқа жерінде, Жетісудың белес-белінде қалмаққа қарсы тайсалмай күрескен даңқты баһадүр бабамыз. Сол кездері жау қалмақ «Құдайберді батырдың батық шоқпары басына тимесін» деп аңыз қылысады екен. Танатар руының биі, қазірде тоқсан жастың төріне шыққан қария Нұржан Хан Жамболов та Құдайберді Танатар бабасының жолын қуып ру басшысы болғанын, ертеде Арқаға, Көкшетау, Қараөткелге дейін келіп қол бастап, қазақ жерін жоңғарлардан қорғап, қалмақ батырларымен нешеме жекпе-жектерде даңқты жеңістерге жеткен. Өте пысық, алғыр, ақылды адам болған дейді. Сол себептен де Қожағұлдан туған ағайынды екі ұлдың аты аспандап, Танатардан Аман, Құдайберді деп екі атаға бөлініпті.

Біздің күндерімізде Құдайберді бидің сүйегі қазіргі Түркістан облысының Төле би ауданында, Қазығұрт тауының етегіндегі «Көзата» қорымында жерленгені белгілі болды. Осыдан кейін 2009 жылы Қазақстанның ел ағаларының, көрнекті мемлекет және қоғам қайрат-



Танатар би портреті.
Марат Нұсіпов, 2013 жыл

туралы аса мазмұнды деректі фильм шығарып, оны көпшілік көрермен жылы қабылдады. Тарлан тұлғаның тарих қойнауындағы ұлағаттарын екшеп кестелеген кітаптың да оқырманға берері көп болып шықты. Осылайша, даңқты баба рухы асқақтай түсті, аруағы разы етілді. Бір ғажабы, барлық осы игі шаралардың ойдағыдай жүзеге асуына тағы да Танатар бабаның ұрпағы генерал-лейтенант Әділ Шаяхметовтің ұйтықшылығымен «Медетбек батыр» қоғамдық қоры демеушілік жасады. «Су үзілсе де, сүйек үзілмес» дегендей, бабалар рухының жалғастығы осындай ізгілікті істерден көрініс тапты.

Ал осы Танатар елінің XIX ғасырдағы бетке ұстары Медетбек батыр Есебайұлы даңқы бар қазаққа жайылған Құдайберді бидің шөбересі болып келеді. Тарихшы Хафиза Ілебайқызы Бәкірова жазғандай, Медетбек батыр бабалардың ерлік хәм елдік жолымен жүрген, Орталық Азияға бет алған отаршыл орыс империясы мен қоқандаған Қоқан хандығы арасындағы ұрыстарға, қырғыз бен қазақ арасындағы дау-жанжалдарға белсене қатысқан. Тарих сахнасына қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлынан кейін шыққан, тіптен кей жағдайда кейбір үрдістерін жалғастырған деуге сыярылық. Ұлт намысын, ер намысын ешқашан аяқасты етпей, жоғары қойған. Халықтың азаттығы жолындағы шайқастарда ересен алғырлық пен әбжілдік, қажет жерінде мәмілегерлік қырын да таныта білген. Атақты Саурық батырдың сенімді серігі, бас сарбазы болды. Сұраншы батырмен бірге Әулиеата, Шымкент, Ташкент жерлеріндегі ұрыстарда қолбасшылық қабілетімен көзге түсіп, жеке басының ерлік-өжеттігімен сарбаздарды жеңіске жігерлендірген. Өзі ізіне ерген Сұраншы және Саурық батырлардың екеуі де Хан Кененің азаттық жолындағы күресін Ұлы жүз ішіндегі бірден-бір қолдаушылары болуы да көп жайды аңғартқандай.



Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі

Қазақ әдебиетінің көрнекті сыншысы Төлеген Тоқбергенов пен сексенінші жылдардың соңында Созақта кездесіп, төрт күн қасында болған едім. Жұбайы ақын Бәтима Батырбекованың 60 жасқа толған мерейтойын өткізуге келгенде Алматыдан қазақтың ақиық ақыны Қуандық Шаңғытбаев, облыс орталығынан жазушы інісі Мархабат Байғұт еріп жүрді. «Қарағұр» аулының жұртшылығы өмірден өткен ақын қыздарының рухын көтеріп, орталық көшелерінің біріне Бәтима Батырбекованың есімін берді.

Ауылда Бәтима Батырбекова атындағы орта мектеп те бар. Клубта Бәтима Батырбекованың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы баяндама жасау маған жүктелді. Жиында Төлеген Тоқбергенов ағамыз да тебіреніп, жүрекжарды сөзін айтты. Бәтима жеңгемізбен дәм-тұзы жарасқан жылдары, екі жарты, бір бүгін болып, бір-бірін демеген сәттері, перзенттері, сыйластық, татулық, ақындық шабыт, кітаптары туралы өмірлік жар, ғашық жүрекпен толғауы тоқсан сөз қозғады. Төкене тән қарлығыңқы дауыс қоныр күйдің әуезіндей кең залды тербеп тұрды.

Төлеген аға екеуміз көкте жұлдызы жамыраған ауылдың қоныр салқын түнінде оңашалау қалған сәтте:

— Соңғы кезде асқазаны бар болғыр сыр беріп жүр. Көңіл сүйген асты жеуден де тартынып жүрмін, — деді сыр ашқандай болып.

Сол кезде Төкенең сөзіне онша мән бермей соңғы рет жолыққанымды сезбеген едім.

Қазақ әдебиетіндегі сирек құбылыс — ерлі-зайыпты сыншы Төлеген Тоқбергенов пен ақын Бәтима Батырбекова өмірде де, әдебиетте де қол ұстасып, жұптасып ғұмыр кешіп, соңына мол жазба мұра қалдырып, жарық дүниеден қаша айтысып кете барды.

Төлеген Тоқбергенов еліміздің тәуелсіздік алуына бір жыл қалғанда өмірден өтті. Өмір сүрген уақыт талабына сәйкес «таптаурын, сара жолдың» шеңберінен ауытқып, қанында бар мінез, болмыстың ерік-жігерімен әлдеқайда биікке көтеріліп, жоғарыдан топшылау, тұжырым жасау қаламына тән болды. Әдебиеттегі даму заманға, кезеңге сәйкес үздіксіз өсіп, жаңарып отыратынын, өнердің мұраты мен өнегесінің өміршендігін сыншы жүрегі қапысыз таныды. Төлегендей сұңғыла сыншы өмірлік темірқазығын әдебиеттен тапса, шұрайлы бай сөздік қордың құнарын Созақ сахарасынан жиды. Халқы жергілікті ұлт өкілдері-

нен тұратын, ықылым заманнан бері ұлттық салт-дәстүріміз бен тіліміздің мәйегі сақталған Созақ өңірі көзі ашық, көкірегі ояу талант иесіне сарқылмайтын шалқар шабыт берді. Созақтың тілі деген ұғым жоқ, ойда-қырда қазақтың жалпақ тілінің кең айдын арнасының бір өзегі десек те, түкпірдегі ауыл кейінгі әлем-жәлем жаһандандудың қойыртпақ жаңалықтарынан ада, бастапқы тума

болмысын сап алтындай сақтап қалған еді. Әулие-әмбиелердің құтты мекеніне айналған Әзіреті Қаратауға келген сапарында Мұхтар Әуезовтің: «Қолды босатып алып, алаңсыз зерттейтін өлке екен!» — деп, қызығушылық танытуы да тегін емес. Тағдыры мол сабыр сыйлаған, дамылсыз іздену арқылы өмірлік жолын таңдап алған Төлеген Тоқбергенов жастайынан ауылда өсіп, халықтың тектілік мінезін, шұрайлы сөз құнарын бойына сіңірудің арқасында ұлттық әдебиетіміздің танымал сыншыларының қатарына қосылды. Сыншының әр жылдары баспа жүзін көрген кітаптарынан тың теңеу, айшықты ойға құрылған, көңіл шырайын келтірген сирек қолданыстағы — *қиямпұрыс, ноқай, дүбара, мұттайым, әккіс, пәруайы пәлек, қустана, мәтіби, тәшін қалдыру, ынсап, рәуиш*, өзге де сөздерді жиі ұшыратып, зеректігі мен ұқыптылығына таңырқаймыз. Көп оқып, ізденіп, білімнің інжу-маржанын бойына жиған қаламгер ұлтымыздың бай сөздік қорын ой құнарында еркін пайдаланды.

Төкенең сыншы ретінде басты ерекшелігі — ары-бері тартқылауға келмейтін кірпияз сын жанрына ұлтымыздың шұрайлы тілінен көркемдік рен, бейнелеу, әрлеу көкжиегін қосты. Ақпалы-төкпелі сезіммен, образбен түрлендіріп, ойын айшықты өрнектеуге талпыныс жасады. «Жазушы-суреткер үшін ең үлкен арман — көркем тіл болса ғой, шіркін! Сонда, сөздік қоры тапшы, жұтаң кісі қаламгермін деуден қысылар еді-ау... Айта берсек, армандай асқақ тілектің өзі пиғыл тазалығына тіреліп жатады. Өйткені ондай тазалық өнерге деген жауапкершіліктен туады. Сонда менің тілерім: жазушымын деп жүргендер алды-артына қарап, суреткерге керек ең басты компонент — тіл болса, сол тіл өзінде олақтау шығып, шолақтау қайырылып жатса, жазушы емеспін деп мойындар болса, мойындап қана қоймай біржола бездім деп шықса деймін» деп жазды Төлеген Тоқбергенов 1990 жылы жарық көрген «Ай мүйіз» атты сын кітабында.

Сол әңгіме болып отырған тоқсаныншы жылдары әдебиетте көрінген жазушылардың қабілеті кем, дарынсыз бүгінгі күннің деңгейімен салыстырғанда көп те емес еді. Әйтеуір, дүрмекке ілесіп, атқа жайдақ мініп шабатындар қай кезде де болған. Бірақ көптің талқысы, сыншылардың тетку сөзінен кейін олардың біразы шама-шарқын байқап, бағытынан айныған еді. Ол кезде, қанша дегенмен, қолына қалам алған жан «қызыл көз» сыншылардың «қанды шеңгелі» мен «кәріне» ұшырап қалудан қаймығатын. Оның үстіне саусақпен санарлық мемлекеттік баспалар шыға-

ратын кітап рецензенттің, редактордың, көркемдік кеңестің, әдеби цензураның елегінен екшеліп барып, оқырман қолына тиетін. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегендей, қазіргі кезде жазатындар көбейіп, көркемдік деңгейі сын көтермейтін кітаптар жекеменшік баспалардан толассыз шығып жатқанда қалың нөпірдің ішінде ат төбеліндей сыншылар шаң қауып, адасқандай

на жеткізуді армандады. Әдебиеттің асқақ мұраттарын ашқан кең тынысты, ойлы, әдеби процестің даму барысын қадағалау арқылы болашақтағы бағыт-бағдарын айқындаған әдебиетке жанашыр нағыз сыншының мінез-болмысын, оймұратын, пікір тазалығын, әділет жолын ұстануын, өнерді өнеге тұтатындарға өсиет, ғибрат болар, өнер сүйген, оның мұрат-максатын тереңнен бойлап ұғы-

СЫНШЫНЫҢ КӨРКЕМДІК

әсерде жүрміз. Ұлттық әдебиетімізді шаң-тозаң қаптап, жақсысы қайсы, жасығы қайсы, ажырату қиынға соққан осы бір кезде Төлеген Тоқбергенов өмір сүрсе қандай күй кешер еді деген ой мазалайды. Масылынан асылын аршып алып, жетістігін жарқыратып көрсетуге талпынған сарабал сыншы сөз өнерінің қайталанбас қас шеберлерімен бірге бақилық болып кетуінде де біз білмейтін сыр бар ма деп те ойлаймыз.

Өмір жолы — бұралаң, өнер жолы — шырғалаң. Ұлы шығарманың бәрі бірдей ұлы атанбайды. Уақыт талқысын көріп, уақыт тезін өткеріп барып, мұратына жетеді. Демек, ұлылықтың өзі уақыт үкіміне қарайды екен. Әдебиет әлеміндегі ағымдар, әртүрлі тақырыптарда жазылған көркем туындыларды саралау, көзқарастар мен пікірлер тоғысын ой зердесіне салу, өткен мен бүгінді екшей отырып, келешекке бағдар жасау, озық үлгілерді алға тартып, көркем ой көкжиегін кеңейтуге талпынған сыншы мұраты диттеген максатына жетіп жатады. Көркемсөз құдіреті туралы толағай сөз қозғаған, әдебиеттің ауқым-көкжиегін бағдарлап, ой топшылаған сыншы Төлеген Тоқбергеновтің жазба мұралары қай кезеңде болмасын өзінің құндылығын жоймақ емес.

Танымал сыншы болып қалыптасқан, тынымсыз еңбек етіп, ұлттық әдебиетіміздің кем-кетігін түгендеуде ақ тер, көк тер болып еңбек еткен Төлеген Тоқбергенов тындырған шаруасына тоқмейілсімеген жан. «Өзімді және тұтастарымды ойлап отырсам, тұтамдай ғана тұспалмен там-тұмдап айтқан сөзімізді талшық етіп келіппіз. Жалпы, түк тындыра алмай, күйбеңмен ғана жүргенімізді мойындаудан әдебиетке кедергі-кесір тие де қоймас. Әйтсе де «әдеби сынға араласқанда тапқаның не?» «Әдебиетіміздің болашағына бола жан салғаның қайсы?» деген сауалдарға жауап таппай, кішірейіп сала беретініміз жалған емес. Тіпті тындырып тастадық дегенде, ең болмаса қазіргі кезде екінші бірі бетке салық қып жүрген «сын жоқ, сыншы да жоқ» деген кінәратты айтпас едік қой. Алайда құр өкініп, салың суға кеткеннен, асылы, үміт жақсы. Үмітсізден сақтасын деуден басқа шара тағы жоқ».

Төлеген Тоқбергенов әдебиет әлеміндегі шынайы көркемдікті дөп басып таныды, әдеби сынның өзін көркем туынды деңгейіне, шеберлік шыңы-

нар ұлылығын арман етті. Хал-қадірінше ұлттық әдебиетіміздің көкжиегі туралы толғауы тоқсан ой топшылап, сын әлемінде кесек-кесек еңбектер қалдырып кетті. Ұлттық әдебиетіміздің биік көркемдік деңгейге қол жеткізуі үшін күресті. Қазақ әдебиетінің әлемдік жоғары сатыда жарқырап көрінуін армандады. Көркемдік кемеліне келген шығарманы өзгелерге үлгі тұтты, бөлекше құбылыс ретінде бағалады. Кезінде сын тезіне салуға келмейтін кітаптар туралы сөз қозғаудан бойын аулақ салды. «Толыспаған толстойлар» мен «шала шекспирлердің» туындысымақтары уақыт сынына төтеп бере алмай, өшіп қаларын талғампаз сыншы сезді.

Төлеген Тоқбергеновтің газет-журналдарда жарияланған мақалаларын, баспа жүзін көрген кітаптарын оқып, ауызекі әңгімесін тындап жүріп байқағанымыз, ол жан-жақты, сан қырлы, өте сезімтал, аңғарымпаз сыншы болды. Тек қаламгер ретінде ғана емес, адамдық асыл қасиетімен, ұстамдылығымен, тілдескен жанның сөзінен, түр-келбетінен көп жайтты бағамдап, оның болмыс-жаратылысына қарай өзін теткіп, сыпайы-салтаң ұстағанының куәсі болдық. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегенді есте ұстап, жолығысқан адамын құрметтеп отыратын. Белгілі бір жазушының көркем туындысы туралы қалам тербегенде шығарманың көркемдік деңгейі, оқиға желісінің өрбуі, кейіпкердің мінез-құлқы, өзге де ерекшеліктері туралы әңгіме өрбітіп, олардың бәрі түптеп келгенде, сол қаламгердің жаратылыс-мінезімен, жүрек соғысымен қабысып жататынын сыншы Төлеген Тоқбергенов қапысыз таныды. 60—80-жылдардағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылық қарымына баға беріп, тақырыптық, идеялық, көркемдік ізденістерді жан-жақты талдады. Мерзімдік басылымдар бетінде жарияланған сын мақалаларында объективті шындықты әділ бағалау, турашылдық пен принципшілдік сипат орын алды.

«Төлеген Тоқбергенов «Тоғыз тарауға» тоғыз тарам жолдармен жетті, қазақ әдебиеті бір сыншысын тапты. Кезінде жаңа автор — «жас» сыншының өз алдына дара тіккен тырнақалды оңаша отауына құтты болсын айтып, сәт сапар тілеген үміткер пейілдердің бірі болғанбыз. Тұңғыш кітаптың тынысын, қалам иесінің ғылыми түсінігін, талғам-таңғарысын жобалау ғана емес, жанымен

жарылып бейнелі, шешен сөйлей отырып, жанаша таным жағын жетістіре алмай жататын жаттанды кемшіліктерін айту да қажет болған. Қалай дегенмен, оның өзі алғашқы ет қызуы еді.

Кейінгі сын кітаптарының ішінде маған шоқтығы айрықша көрінетіні, әсіресе «Үш тоғыс» – қазақ әдебиетінің өзекті біраз шындығын бабымен талдайтын көшелі кітап. Мақалалардың жазылу мерзімі, сапалық сыны әр деңгейлі шыққанымен, композициялық құрылысы, саралау мәдениеті тұрғысынан туған әдебиетіміздің келешегі, бүгінгі қазыналы қыруар құбылысын, мұрат-межесін өзара сабақтас қарастырып, тұтастық әсерін еш

гіліндей жаңалық алып келген жаңа лек ақын-жазушылардың алғашқы шығармаларына дейін назардан тыс қалдырмай жан жадыратар жақсылығын, олқы тұстарын екшеп жазып, көркем сөз өнерінің көкжиегін кеңітуге қосқан үлесі қомақты.

Төкең әуелде жазушы болуға талаптанған екен. «Мектеп өмірінен әңгіме жазып, «Қазақ әдебиетіне» жібердім. Өкін, өкінбе, енді айтатын несі бар. Прозадан бетімді қайтарған Тәкен еді. Жиырмадағы жігітке қырыққа толмаған кісі «олай жаз, бұлай жаз» деп жатса, не үміт, не қайыр. Әйтеуір, прозаға бармау себепімді осы күнге дейін Тәкеннің бір сөзінен көремін!» – деп еске алады

ұштастыра білді. Сыншы көркем әдебиеттің басты мұраты деп адам арқылы қоғамның, заманның тынысын беру, адамдардың өзара қарым-қатынасын, мінез-құлқын, ақыл-парасатын суреттеу, осы арқылы көркемдік компоненттермен бейнелеу деп түсінеді.

Төлеген Тоқбергенов сын жанрын көркем сөзбен әрлеуде, образбен бейнелеп айтуда жаңалық алып келді. Көп оқып, көңілге тоқығандықтан да болар, сыншы ойын құнарлы сөз мәйегімен ұрымтал бейнелеп, ұтымды жеткізеді. Әдебиет сыны туралы сөз қозғай отырып, сол сынның өзін жоғары көркемдік деңгейге жеткізеді. Шұрайлы тілмен ақпалы-төкпелі ойын құндақтап, жатық, айшықты етіп өре біледі. Ұлттық әдебиетіміздің бастау алып дамуын, кемелдену кезеңін, болашақ бағытын зерттеп, тұшымды ой қозғаған, тамырын ұстап, жүрек қағысын дөп басқан балгердей бағамдаған Төлеген Тоқбергенов қазақтың көрнекті сыншыларының қатарына именбей қосылды. «Қазақ совет әдебиеті» деп айдар тағылған кезеңнің алғашқы ақын-жазушыларынан бастап, 30-жылдардағы Асқардан Саттарға дейін, 40-жылдардағы Баубектен Тайырға дейін, 50-жылдардағы Хамиттен Қалтайға дейін, 60-жылдардағы Хамза, Зейін, Илияс, Тәкендер, Әнуар, Олжас, Оспанхан, 70-жылдардағы Оралхан, Сағат, Дулат, Төлегенге дейін, одан кейінгі жаңа лек, толқын ілгеріні өкшелей қуып, кезең-кезеңімен көркем сөз өнерін жаңғыртудағы алтын арқауды уақыт тынысымен, заман ағысымен жалғаған көш дүрмектің аяқ алысына зерделі көзбен қарап, ой топшылады.

Бүгінгі әдебиеттің басты-басты белгілері, бағдары, жанр сипаты қандай? Қазіргі талпыныстан қандай болашақ сезіледі? Уақыт тынысының сезілуі қандай? Бұл сыншы Төлеген Тоқбергеновтің құдіретті әдебиет соқпағында ұстанған бағыты, сара жолы, шабыт арқауы еді.

Төлеген Тоқбергенов көзі тірісінде қазақ әдебиетінің күрделі саласы – сын жанрында 150-ден астам мақала және «Тоғыз тарау» (1974), «Үш тоғыс» (1977), «Қос қағыс» (1981), «Ай мүйіз» (1990), «Тәкен Әлімқұлов» (1994) атты сын кітаптарын шығарып, ұлттық қазынамызға мол мұра қалдырып кетті. Әдебиет тарихында көрнекті сыншыға айналған Төкең мансап, атақ үшін емес, әдебиеттің биік мақсат-мұраты үшін тер төкті. Кезінде Төлеген Тоқбергенов қаламгерлік қарымын көркем аударма саласында да сынап көріп, А.Алдан-Семеновтің «Семенов Тянь-Шанский», К.Симоновтың «Өлілер мен тірілер» трилогиясының екі кітабын, Б.Томастың «Менің әпкем» пьесасын және «Эстетикалық тәрбие» кітабын қазақ тілінде шебер сөйлете білді.

Төлеген Тоқбергенов еңбек жолын Созақ аудандық газетінде журналистік қызметтен бастағаны туралы көнекөз қарттардан естігенбіз. Жасы егде тартқан әке-шешенің жағдайына қарайлап, қалаға оқуға бара алмай, ауылда біраз кідірістеп қалады. Сол елуінші жылдардың ортасында-ақ Төкең өзінің болашақ соқпағы жазу өнерімен байланысты екенін сезсе керек. Мектепте мұғалім болып сабақ беретін Бәтима Батырбековамен отау құрып, қарттарды сенімді қолға тапсырып, білім іздеп шығады. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, Қазақ радиосында, «Мектеп» пен «Жазушы» баспасында, «Жұлдыз» журналы, «Қазақ әдебиеті»

газетінде қызмет істеп жүріп, күрмеуі қиын әдеби сын саласында ұзақ жыл қалам тербеді. Алматыдағы қызметінің алғашқы жылдары ауылдағы отбасын көшіріп әкеледі. Міне, сол Төлеген ағаның қарлығып шығатын даусын естімегелі де аттай 35 жыл өтіпті. Қарлығыңқы дауыс тек сол кісінің табиғатына жарасатын сияқты болып көрінетін. Кең тыныспен шығатын сол дауыс бойдағы бұйығылықтың көбесін сөгіп, сергітіп жіберетін. Ол кезде Төкеңнің пәтері Алматының Орталық колхоз базарының маңындағы трамвай жүретін көшенің бойында, биік үйлердің бірінде еді. Есікті күлімсіреп Бәтима жеңеміз ашатын. Шанырақтың тұтқасы – әйелана Бәтиманың жүрек жылуы мен жан шуағынан болар, қаланың төрт бөлмелі тас үйі ауылдың меймандос қазағының кең даласындай көрінетін. Тап-тұйнақтай жинақы, әр бұйым өз орнында, ұқыпты қолдың табы бірден байқалатын. Қабырғадағы қолдан тоқылған қалы кілем, едендегі өрнегінің бояуы қанық текемет те ауылды еске түсіретін. Төкеңнің кабинетіндегі қабырғалар кітапқа сыққып толып тұратын. Жасы тоқсаннан асқан Зейнеп әжейге сәлем беріп, Бәтима жеңеміздің дастарқанынан дәм татып, көңілденіп қайтатынбыз.

Бір шаңырақ астында екі бірдей қарымды қаламгердің, ерлі-зайыпты талант иелерінің бірге жұптасып ғұмыр кешуі сирек құбылыс. Шығармашылық еңбекке тұрмыс тауқыметін ұштастыра білу, азаматтық ар мен сабырға байланысты. Төкеңнің қарт анасын нәресетей мәпелеп, шаңырақтың берекесін келтіріп отыру – сезімтал ақын жүректі ананың ғана қолынан келеді. Ұлттық әдебиетіміздің айдынында қос аққудай қатар жүзген ерлі-зайыпты қаламгерлер халқымыз үшін рухани мол мұра қалдырып кетті.

«Көзден тайған соң көңілден таса» демекші, Төлеген Тоқбергенов өмірден өткелі бері көрнекті сыншы есімінің жылдан-жылға көмескіленіп, ұмытылып бара жатқаны қабырғамызға батады. Төкең туралы баспасөз беттерінен көз көрген, дәмдес-тұздас болған замандастарының өкшесін алып жүрген інілерінің еске алған лебіздерін де кезіктіре бермейміз. Еліне кең танылған қарымды қалам иесінің дүниеге келгеніне 90 жыл толғанда Үкімет бас болып, Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Жазушылар одағы қоштап, тума талант иесінің есімін ел есінде мәңгілікке қалдыру мақсатында толық шығармалар жинағын жарыққа шығару, мектептер мен көшелерге есімін беру, кейінгі жас ұрпақ арасында жазба мұраларын насихаттау мақсатындағы шараларды қолға алса деген елдің арманы бар. Әсіресе оңтүстік өңірінде туып-өсіп, ұлттық әдебиетіміздің көрнекті өкіліне айналған Төлеген Тоқбергеновтің рухын көтеруге игілікті істер кең көлемде жүргізілуі тиіс-ақ. Қаламгер дүниеден өткелі республика көлемінде тындырылған шаруа Төкеңнің балалық шағы өткен Шолаққорған ауылында шағын бір көшеге есімін берумен шектелген екенбіз. Бақилық болған ата-бабаларымыздың бәрі біз үшін ардақты. Орыстың ұлы ойшылы М.Добролюбов кезінде «Орыс әдебиеті қандай күйге ұшыраса да, Белинский оның әманда мақтаншысы, даңқы, көркі болып қала береді» деп жазғандай, ұлттық әдебиетімізде аз ғана сыншылар қатарында Төлеген Тоқбергеновтің жұлдызы жарқырап тұра берері анық.

КЕҢІСТІГІ



сейілтпей, бір деммен жеткізетін әдеби толғаныстар», – деп жазды Зейнолла Серікқалиев.

Төлеген Тоқбергенов өмір сүрген елу бес жыл ақыл-ойының кемеліне келіп, жан-жақты тоғысқан, шығармашылық қабілеті шындалған мәуелі кезең болды. Төкең егемендігімізге қол жеткізіп, еркіндікке, әсіресе ойлау еркіндігіне жол ашылған кезеңде өмір сүргенде көкірегіндегі түйткіл жазылып, шабыттың шалқарына кезігер ме еді деген де ой келеді.

Төлеген Тоқбергенов өмірден өткелі талай жылдың жүзі болса да, сыншының ұлттық әдебиетіміздің бағыт-бағдары туралы айтқан болжамы мен тұжырымы әлі күнге құндылығын жойған жоқ. Уақыт өткен сайын айқындалып, астары ашыла түскендей болады. Төкеңнің 70 – 90-жылдар аралығында сын тақырыбына қалам тербеген кітаптары ұлттық әдебиетіміздің өсу-өркендеу тарихында орны бөлек. Сол кезеңдегі әдебиеттегі танымал тұлғалардан бастап, жыл мез-

Төкең. Төкең Әлімқұлов жерлес қаламгер інісінің талабын қуаттайтындығын, әңгімедегі оқиғаның оп-оңай шешіліп қалатынын, образ жетіспейтін тұстарының бар екенін, әдебиетте әрбір сөздің астарында ой жатуы керектігін, сондықтан әңгімені қайта жазып жіберуін өтінген екен.

Төлеген Тоқбергенов өзінің зерде-пайымын, қабілет-қарымын ұлттық әдебиетіміздің сын жанрына арнады. Екінің бірінің жүрегі дауалап бара бермейтін, қыртысы қалың, шоқтығы биік, тыңнан түрен салуға тура келетін күрмеуі қиын тоңгерістеу сала жүрек соғысына жақындау келді. Кез келген көркем туынды туралы сөз айту үшін орынды уәж, төрттағандаған тиянағың болу керек. Оның бәрі көзмайын тауысып оқудан, көп нәрсені көңілге тоқудан келеді. Қай салаға болсын өзгеше екпін, жаңалық енгізбеген соң жұртшылықты еліктіру мүмкін емес. Төлеген Тоқбергенов қанмен дарыған туа бітті мінезді әдебиеттегі сыншы мінезімен шебер



Сайла БАЙБОСЫН,

ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері

Уақыт ұзаған сайын, соңында іздеушісі жоқ талай жақсының есімі жадымыздан өшіп, көңілімізден көшіп барады. Сондай адамдардың бірі – қуғын-сүргін құрбаны, жазушы, аудармашы, ақын, сатирик, сазгер Қадыр Тайшықов.

Қадыр – Баянауладағы Әулиелі Қызылтау елінің тумасы және жазушы Жүсіпбек Аймауытовпен аталас туыс болып келеді. Жүсіпбектің ұлы атасы Дәндебай мен Қадырдың үшінші атасы Ноғай бірге туған ағалы-інілі адамдар.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өзінің жазбаларында Қуан бай Танашбайұлы деген кісінің атын бірнеше жерде атап өтеді. Осы Қуан байдан Молдабай, Дәндебай, Ордабай, Ноғай атты төрт ұл туған. Жүсіпбек осы Дәндебайға немере болса, Қадыр Ноғайға шөбере болып келеді.

Жүсекең өзінің «Күнікейдің жазығы» хикаятында Ордабай деген бай ауылының көшін суреттейді ғой. Сол Ордабай – Дәндебайдың інісі, осы жолдардың авторының төртінші атасы болады.

Жоғарыда аталған Ноғайдан – Тайшық, одан – Баспақ, Баспақтан – Қадыр мен Насыр туады (Әдебит пен журналистикада, театр өнерінде ізін қалдырған Насыр Ноғайев деген адам Қадырдың туған інісі, Екінші дүниежүзілік соғыстан оралмаған).

Қадырдың арғы бабасы Ноғай, ұлы атасы Тайшық, өзінің әкесі Баспақ заманында ырысы ортаймаған, босағаларынан құт арылмаған адамдар. Қазақ даласында сыртқы округтер ашылып, болыстар құрылған соң, Ноғайдың өзі және ұрпақтары кезекпен Күлік-Қызылтау жерінде болыс басқарып, ел алдында жүрген кісілер.

Мысалы, Ноғай Қуанұлы 1872–1884 жылдар арасында Баянауыл сыртқы округіндегі Атағозы болысын басқарған. Одан кейін бұл лауазым баласы Тайшыққа ауысады. Тайшықтан соң осы болысқа Қадырдың әкесі Баспақ Тайшықұлы иелік етеді. Дегенмен осы «бай-болыстың ұрпағы» деген таңба Қадыр мен оның інісі Насырдың мандайына сор болып жабысып, бірі – Қиыр Шығыста айдауда жүрып атылса, бірі – Ұлы Отан соғысынан оралмаған...

Әулие Мәшһүр-Жүсіп тарих түгендеп, шежіре жинап бес жылға жуық Орта Азия мен Сыр елін аралап жүргенде, жасы келген Тайшық болыс қайтыс болып кетеді. Мәшекең осы ұзақ сапарынан елге оралғасын Тайшықтың ұрпақтарына ұзақ өлеңмен көңіл айтқан екен.

«...Өлім бар құтқармайтын қанды қапқан,
Тайдырған патшаларды алтын тақтан.

Айырылып қапсың жұртым,
амал бар ма,
Өзі берік, өзі жүйрік арғымақтан!

Жарқырап мыңнан шыққан тұлпар еді,
Ішінде ителгінің сұңқары еді.

Сескенген әрбір дұшпан айдынынан,
Көрген де, көрмеген де іңкәр еді», – деп келетін шумақтарынан Тайшықтың Баянаула елінде екінің біріне қосылған белгілі адам болғанын байқаймыз. Тайшықты сол уақытта Баянаула – Қызылтау елі «Көкжал Тайшық» деп атаған.

пын, әдебиетін, ән-күй музыкасын, мінез-құлқын, тілін, сөз байлығын жақсы білетін еді. ... Екеуіміз 1930–1932 жылдары Алматыда «Еңбекші қазақ» редакциясында, 1932–1933 жылдары Шымкенттің «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясында 1933–1935 жылдары Алматыда баспа орындарында бірге істедік. Ол 1937 жылы ұсталып кеткенге дейін баспада, Қазақстан Жазушылар одағында жұмыс істеді, белгілі журналист, жазушы еді.

Бірге қызметтес болудан бөлек,

мейге барады. Өткен ғасырдың жиырма-отызшы жылдары қазақ зиялыларының ішінде Семей топырағын баспағаны кемде-кем. Семей ол кезде жарыққа ұмтылған көбелек секілді, ғылым мен білім іздеген қазақ баласының бас қосатын рухани орталығы болғаны әркімге аян. Бұл жерді Қадыр да айналып кете алмаған. Семейдегі мұрағатта Қадырдың губревкомда аудармашы болып істегені жайлы құжат сақталған. Датасы 1925 жылдың 4 қазаны деп көрсетіліпті. Жиырма-отызшы

ҚАЙРАҢҒА



Суретте: Қадыр Тайшықов



Қадырдың әкесі Баспақ

Енді Қадырдың өзіне келер болсақ, өкінішке қарай, ондай қаламгердің болғанын бүгінде арнайы ізденген кісі болмаса, көпшілік біле бермейді. Қуғын-сүргінге ұшыраған талай жақсылар ақталып, қатарға қосылып жатқанда, Қадыр Баспақұлы есімі әлі де көзден тасада қалып келеді. Уақытында проза, поэзия, сатира, балалар әдебиеті, көркем аударма секілді жанрларда бірдей қалам тартқан Қадырдың жан-жақты дарын иесі болғанын өзінің замандастары, белгілі тіл ғалымы Бейсенбай Кенжебаев пен жазушы Жайық Бектұртовтар еске алып жазады.

Бейсенбай Кенжебаев Қадыр жайлы естелігінде былай дейді: «... Ол қазақтың бұрынғы тұрмыс-жайын, әдет-ғұр-

Қадыр екеуіміз тату-тәтті дос болдық. Үнемі дерлік бірге жүріп, бірге тұрдық, бір-біріміздің үйімізге жиі қатынадық, ойлаған ойымызды, жазған нәрсемізді ақылдасып, бірге талқылайтын едік.

Үйіне барғанда үнемі көріп, әңгімелесіп жүріп білдім, Қадырдың әкесі Баспақ ақсақал заманында біраз дәулетті болған, әйгілі би, саятшы, домбыра жасайтын ұста екен. Қазақтың арғы-бергі шежіресіне, тұрмыс-салтына жетік еді. Аң, құс жайын, саятшылықты, қол өнерін жақсы білетін, өте сөзшен, шешен кісі болатын», – дейді.

Бейсекең Қадыр жайлы тағы да: «Сонымен бірге Қадыр өз жанынан ән-күй шығаратын. Оның сол кезде-ақ бес-алты ән-күйі бар еді. Олар: «Тасқын» (күй, радиодан жиі берілетін); «Партизан жыры» (ән, «Жалбыр» операсында айтылады); «Полк әні» (Қазақ атты әскерінің 15 жылдығына байланысты шығарылған); «Комсомол әні» (сөзі Өтебай Тұрманжановтыкі, кезінде Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекеров орындайтын)» деп жазады.

Бейсенбай Кенжебаев пен Қадырдың достығы жайлы әдебиетші ғалым Құлбек Ергөбек: «Бейсекең Шымкентке «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы болып барғанда, Қадырды өзімен бірге ала кетіп, редакцияның ауласында киіз үй тігіп, ол отбасымен сонда тұрған екен» дейді.

Енді Қадыр жайлы қысқаша айтар болсақ, Баянның Қызылтауында 1900 жылы дүниеге келген ол, әке дәулетінің арқасында Баянаула мен Керекудін, Қарқаралының школаларында оқып, біраз білім алады.

Бір айта кететін жайт, Қадырдың бұрынғы жазылған өмірбаянында «қызметін 1928–1932 жылдары бастады» деп жазылады. Дегенмен ол қызмет жолын одан сәл ертерек бастаған. Атап айтсақ, 1920 жылдардың басында Қаныш Сәтбаевтың Баянауыл жерінде судья болғанынан хабардармыз. Сол уақытта Қадыр судья хатшысының көмекшісі болған екен. Құжаттарда: «Сәтбаев Ғабдылғани (Қаныш) – халық судьясы; Әмірханов Мешіт – хатшы; Тайшықов Қадыр – хатшының көмекшісі; Хабибуллин Сейфолла – хатшының көмекшісі; Меңдібаев Зікірия – кеңсе қызметкері; Қожанов Әділхан – курьер; Хамзін Тайлаш – курьер» деп көрсетіледі.

Осылай Қаныштың қасында аз уақыт еңбек етіп, тәжірибе алған Қадыр Се-

жылдары бұл жерде Нәзипә Құлжанова, Кәрім Токтыбаевтармен бірге Жүсіпбек Аймауытов та аудармашы болып еңбек еткен. Кейін Жүсіпбек губернияның «киротделіне» Мұхтар Әуезовтің орынбасары болып ауысады. Сол кезде аталас туысы Қадырды өзінің орнына қойып кетуі әбден мүмкін. Қадыр Семейде тек аудармашы болып қана қоймай, тырнақалды туындыларын жазып, сол жердегі басылымдарға берген және болашақ аудармашы-әдебиетші осы жерде алғаш орыс тіліндегі құжаттарды тәржімалап, аударма ісінен біраз тәжірибе жинақтаған секілді.

Дегенмен білім алсам, оқысам деп арман қуған Қадыр Семейде көп аялдамай, 1926 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне барып түседі. Бірақ оны аяқтауға мүмкіншілігі болмаған. 1928 жылы оның соңынан «бай баласы» деген қағаз келіп, оқудан шығарылады.

Сөйтіп, Ташкенттен қайтып келгесін, оның тұтқындалғанға дейінгі 9 жылдай ғұмыры тек әдебиет пен баспасөз төңірегінде өткен. Сол жылдары Қадырдың сатиралық әңгімелері, өлеңдері «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» және Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеттерінде, «Жаршы», «Жаңа әдебиет», «Балға» журналдарында үзбей жарияланып тұрады.

1927 жылы «Еңбекші қазақ» газеті сатиралық шығармаларға арнайы конкурс жариялап, оған 103 фельетон түсіп, соның 12-сі бәйгеге іліккен екен. Осы дүбірлі жарыста Бас бәйге «Мұсылман ұлының қамшысы», «Үш тарау», «Меруерттің сыры» атты туындылары үшін Қадыр Тайшықовқа беріледі. Екінші бәйге Аманғали Сегізбаев алса, үшінші бәйге Бейімбет Майлинге тиіпті.

Қадырдың өндірте айналысқан бір саласы – көркем аударма. Сол уақытта ол Н.Гогольдың «Өлі жандар», «Шинель» секілді шығармаларын, Д.Фурмановтың «Чапаев» романын, А.Чеховтың, орыс сатиригі М.Зошенконың әңгімелерін, М.Кольцовтың «Иван Вадимович өз дәрежесіндегі кісі» атты туындысын аударды.

Қадырдың аударма саласындағы аталмай жүрген тағы бір еңбегі – М.Шолоховтың «Көтерілген тын» романы. Осы эпопеяның бірінші томын ол, белгілі аудармашы Хасен Өзденбаевпен бірігіп аударған. Бүгінде Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорында Қадырдың сол уақытта шыққан

кітаптарының бір-бір данасы сақтаулы. Мен сол жерден «Көтерілген тыңның» қазақша аудармасын тауып алып, бетін ашсам, «аударғандар: Х.Өзденбаев ... деп» және екінші бір адамның аты-жөні кара бояумен сызылып тасталыпты. Қалта орамалымды сулап алып, ақырындап бояуды өшіріп көріп едім, астынан «Қ. Тайшықов» деген жазу шыға келді. Сол кездегі қатыгез саясат еш жазығы жоқ азаматтың аты-жөнін өзі аударған кітаптардың бетінен де өшіріп тастаған екен.

Бұдан бөлек 1935—1937 жылдары

Әшіре Мырзабекова — Қазақ қыздар институтының тұңғыш ректоры болған Тұрсын Мырзабековтің әпкесі. Талай жыл Қарағанды да тұрып, бертін 1991 жылы өмірден озды. Әшіре шешемізбен танысып, сұхбаттасқан жазушы, марқұм Жайық Бектұровтың баяндауынша, Қадыр 1937 жылдың 27 желтоқсанында қағазға бір балықтың суретін салыпты және дәл сол күні ұсталып кетеді.

Осы бір ауа жетпей аузын ашқан балықтың суреті қазір қолымызда және жазушы суреттің астына сол күннің да-

Приговор: 10 лет ИТЛ. Реабилитирован за отсутствием состава преступления 11 октября 1960 г. Президиум Алма-Атинского облсуда».

Қадырдың өзі жөнінде де осындай мәлімет беріледі:

«Родился в 1900 г., Восточно-Казахстанская обл., Баянаульский.; казах; образование среднее; переводчик. Проживал: Алма-Атинская обл. Алма-Ата. Арестован 28 декабря 1937г. О Т Д У Г Б Н К В Д К С С Р.



Қадырдың «Комсомолдар әні» туындысының нотасы мен орыс тіліндегі мәтіні

ҰРЫНҒАН

ҚАДЫР

Қазақстан көркем әдебиет баспасынан Қадырдың «Күлмеске не?» деген сықақ әңгімелер мен фельетондар жинағы және «Октябрь ұшқыны», «Аңшы Қалжан» атты прозалық кітаптары басылып шығады.

Осылай әдебиет пен баспасөз саласында аз ғана уақыт еңбек еткен Қадыр «ұлтым» деген талай жақсының жолын кескен қуғын-сүргіннің қанды қасабынан аман құтыла алмайды. 1937 жылдың желтоқсан айында жаналғыштардың құрығына ілініпті. Сол күні Қадыр мен әкесі Баспақ екеуі бірдей ұсталып, Алматының түрмесіне жабылады.

Жазушы Жайық Бектұров «Сәкеннің соңғы сәттері» деген естелігінде, Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам анамыздың мынадай тағы бір дерегін келтіреді: «...Лек-лек қызыл вагондар этапқа жүргізіліп жатыр деседі. Жұрт солардың терезелерін, есіктерін андиды. Бұл эшалоны түскірлер вокзалдан әрі, шеткері тұрады екен. Іштеріндегі адамдар дауыстап, өздерінің аттарын атайды. Гогольдың «Өлі жандарын» аударған Тайшықов Қадыр дейтін әлі жасырақ жазушы болатын. Сол жігіт бірде қызыл вагон терезесіндегі газетті тырнағымен жыртып, стансы жақтағы көп әйелге өзінің атын көрсетіпті. Оны сол үйдегі келіміз Әшіре өзі айтты» дейді. Міне, Қиыр Шығысқа бет алған осы сапардан Қадыр Баспақұлы қайтып оралмайды...

Қадырдың жұбайы Әшіре Мырзабекованың айтуынша, ол айдалып кетіп бара жатып, жол бойы шылымның жұқа қағазына хат жазып, әйелінің мекен-жайын көрсетіп, тоқтаған жерде вагон терезесінің саңылауынан сыртқа тастап отырыпты. Құдайға қараған біреулердің қолына түссе, әрі қарай салып жіберер деген үміті ғой. Ақыры Семейде тастаған осындай бір хаты Алматыдағы жарына жеткен көрінеді. Онда Қадыр өзінің Шығысқа қарай кетіп бара жатқанын жазады. Әшіре шешеміздің айтуынша, 1938 жылдың екінші жартысынан былай қарай, Қадырдан хат-хабар біржола үзіледі. Одан кейінгі тағдыры белгісіз...


тасын қойыпты. Ол осы сурет арқылы өзінің шарасыз мүшкіл халін көрсеткісі келген секілді. Бір таңғаларлығы, біз осындай балықтың суретін кезінде Мәскеудің А.Луначарский атындағы Өнер институтының режиссерлік факультетінде оқыған Қадырдың інісі Насырдың концерт дәптерінің ішінен де көрдік. Бұл ағалы-інілі жазушылардың өздері ғана түсінетін ерекше белгісі ме, әлде басқадай сыры бар ма, ол жағын біле алмадық...

Енді Қадырдың әкесі Баспақ Тайшықұлы жайлы айтсақ, жиырмасыншы жылдардың аяғында жаңа өкіметтің дүмпіуінен сескенген Баспақ отбасымен бірге Баянауылдан табан аударып, Алматыдағы екі ұлы Қадыр мен Насырды сағалап солай қарай барады. Өзімен бірге кемпірі Сақа мен Нағима атты қызы және Насырдан кейін туған Қамет деген кішкентай ұлын ерткен.

Бір ғажабы, өнерге жақын әулет Алматыға жеткесін, барлығы жаңадан ашылған қазақ театрының төңірегінде топтасады. Баспақ өзі домбыра жасайтын шебер болып орналасса, інісі Қарабала деген кісі театрдың оркестріне домбырашы болып кіреді. Сол уақытта «Қазақ әдебиеті», «Еңбекші қазақ» т.б. басылымдарда тілші болған баласы Насыр Алматыдағы мәдени өзгерістерден, театр тірлігінен үзбей ақпарат беріп тұрған (араб, латын харпімен басылған ол жазбалар біздің қолымызда).

Осылай жүргенде, Қадыр әкесі Баспақпен екеуі бір күнде тұтқындалып, Алматының түрмесіне жабылды деп жоғарыда айттық. Төменде Баспақ Тайшықұлының ұсталып, сотталып, кейін ақталғаны жайлы құжат.

«Родился в 1873 г., Павлодарская обл., Баян-Аульский.; казах; образование начальное; мастер-домбрист. Проживал: Алма-Атинская обл. Алма-Ата. Арестован 28 декабря 1937г. 3 от д. У Г Б Н К В Д К С С Р. Приговорен: Тройка УНКВД по Алма-Атинской обл. 31 декабря 1937 г., обв. По статье 58-10 УК РСФСР.



2015 жылы біз жинақтап шығарған Қ.Тайшықов кітабының мұқабасы

Приговорен: Тройка УНКВД по Алма-Атинской обл. 31 декабря 1937 г., обв.: по статье 58-10, 58-11 УК РСФСР. Приговор: 10 лет ИТЛ. Реабилитирован за отсутствием состава преступления 3 октября 1959 г. Президиум Алма-Атинского облсуда».

(Бұл құжаттарда 28 желтоқсан күні ұсталды деп жазылғанымен, Әшіре анамыздың айтуынша, әкелі-бабалы екеуі 27 желтоқсанда тұтқындалған екен және төрт-ақ күннің ішінде үкім шығыпты).

Қадыр осы ұсталғаннан бостандыққа қайтып шықпай, біржола кете барады. Ал әкесі Баспақ әлде кәрілігі, әлде басқа бір себебі болды ма, айдалғаны жөнінде құжат кездеспеді. Дегенмен ол кісінің бәйбішесі Сақаның айтуынша, Баспақ Алматы түрмесінде өлген секілді. Әлде аштық, әлде жасы келген адам түрме азабын көтере алмады ма, ол жағы белгісіз. Қазір сүйегі Жетісу жеріндегі Лепсі теміржол стансысының жанында жерленіпті деген еміс-еміс дерек бар.

Баянауылдағы Шоман ауылында тұрған марқұм Тұрсынбике Тұқпаева деген апамыз мынадай бір дерек айтып еді: «Шалы қаза болып, баласы Қадыр айдалғасын, Баспақтың бәйбішесі Сақа елге қайтып келіп, өле-өлгенше Майқайың кентінде тұрды, менің бала кезімде көрші болдык. Сақа апамыз кейде өткен-кеткенді есіне алып, әңгіме айтып отыратын. «Күйеуім Баспақ мен балам Қадыр ұсталғанда, халықтың ашаршалық көріп, күйзеліп тұрған уақыты еді» деуші еді. Сөйтсе де, Сақа әжеміз азық етуге жарарлық қолға түскен бірдене болса, талғажау етсін деп, Алматының түрмесін-

де жатқан шалы Баспаққа апарды екен. Сөйтіп жүргенде, жанындағы кішкентай ұлы Қамет аштық пен аурудан өледі. Бір күні Баспақ тамақ апарған әйелінен: «Ұлым қайда, неге келмеді?» — деп сұрапты. «Мен де қайраттым ғой», — дейтін сонда Сақа кемпір: «Е, оның сендер бардағы еркелігі бар ма, ұрсып тастап кеттім, — дедім. Қызым шыдай алмай жылап, теріс айналып кетті», — деп отыратын жарықтық. Міне, сөйтіп, Қызылтау елінің қаймағы атанған бір әулет заманның зауалына ұшырап, осылай тоз-тоз болып шашылып кетеді.

Қадырдың айдауда жүріп атылғаны кейін белгілі болады. Ақмола облысының Ерейментау ауданы аумағында Бозтал деп аталатын ауыл бар. Бұл ауыл кезінде Баянауыл ауданының құрамында болып, 1939 жылы Ерейментауға ауыстырылған. Осы Бозтал ауылының тумасы Жаңабайдың Қайнені деген адам да кезінде жалалы болып, біраз жыл айдаудың дәмін татып келген екен. Сол кісі елге амансау оралғасын (Сталин өлгеннен кейін, елуінші жылдардың аяғы болса керек), бір кездесіп әңгімелескенде менің атам Байбосынға Қадырмен айдауда бірге болғанын, оның сол жақта жүріп оққа ұшқанын айтады. Әрине, бұл екеуара ғана әңгіме. Ол кезде ондайды жариялап айтуға болмайды. Атам 1963 жылы дүниеден өтті. Бірақ естігенін өзінің інісі Төлеудің баласы Қоқыш деген әкемізге айтып кетіпті. Қадырдың іздеушісі болмағасын, ол кісі де ешкімге сыр ашпай жүре берген. Бірақ ана жылдары: «Саған бір керегі болар, өз атам Байкекнен естіп едім», — деп, маған айтқан еді.

Сонымен, Қайнен ақсақалдың айтуынша, көксоқпа көктемнің мезгілі болса керек, тұтқындарды танертен жұмысқа айдап апара жатқанда аштық пен ауру әлсіретіп, аяқ киімнен су өткен Қадыр сапка ілесе алмай, кейіндеп қала берсе керек. Айдаушы солдат оны балағаттап, мылтықтың ұңғысымен арқадан нұқып қалады. Сол кезде ашынған ол солдатқа бірдене дей ме, болмаса жағасынан ала ма, әйтеуір, оны сол арада атып жебіріпті. Есіл азамат осылай тайғаның ішінде көмусіз қала береді...

Бүгінде Қадыр Тайшықовтың ресми өмірбаянында «1937 жылы өлген» деп жазылып жүр. Ал, шындығында, ол 1938 не болмаса 1939 жылы қаза болған секілді.

... 2015 жылы біз Қ.Тайшықовтың туғанына 115 жыл толуына орай, «Октябрь ұшқыны», «Аңшы Қалжан» хикаяттары мен бір топ сатиралық әңгімелерін өңдеп, «Аманат» деген атпен қайтадан кітап етіп басып шығарып, Павлодар облысының кітапханаларына тараттық. Әзірше қолдан келгені осы ғана болып тұр.

Біздің бала кезімізде ауылдың кітапханаларында шет ел классиктерінің кітаптарымен қатар, том-том болып батырлар жыры сөреде қаздай тізіліп тұратын. Ауыл халқы жаппай болма-са да жырқұмар қауым алып, алқақотан отырып, жас балаларға оқытып, рақаттанып тыңдар еді. Келе-келе Алпамыс, Қарақыпшақ Қобыланды, Қамбар батыр, Қыз Жібек, Айман-Шолпан сияқты дастандар мұқабаларға шығып, жалпылама соны тыңдауға көшті. XVII–XVIII ғасыр батырлары жайлы көмбеде жатқан жыр-дастан нұсқалары егемендік алған соң кермені бұзған тұлпардай елге жете бастады. Әрине, бұл ұлтжанды қазақ қайраткерлерінің, тарихшы ғалымдарының еселі еңбектері еді. Бойында буырқанып, алпыс екі тамырын сыздатып жүрген әр өңірдің ақын-жыршылары да кеудесін кернеп тұрған сөз маржандарын мәңгілікке өшпестей етіп тасқа қашай бастады.

*«Шапырашты шабады «Қарасайла»,
Жасыл туы желбіреп, бөрілі байрақ,
Шамал хан мен Қаскелеңдей батырларын,
Наурызбайдың бір өзі кеткен жайлап.
Екей, Еміл, Есқожа, Асыл, Шыбыл,
Ақындары шығады «Сүйінбайла».
Теке, Төлеміс, Әжіке, Орымбет, Кеней,
Асылдың бес баласы туған саңлақ.
Сұраншы мен белгілі Артық батыр,
Теке де туған екен одағайлап»,* — деп кезінде жырау Кенен Әзірбаев та балалар туралы толғанысын сарғайған қағаз бетіне мөрледі.

Ұлтымыздың асыл қазыналарының жарыққа шығуын қоштамаған келмеске кеткен кенес дәуірін бар ғұмыры сол уақытпен байланысты үлкендер, өткенін ауық-ауық естеріне алып, әр кезеңнің қиындығымен қатар жақсылығы болатынын да айтып отырады. «Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан жана» деген тәмсіл бар қазақта. Арғы-бергі тарихтың куәгері, жырдың ішінде аты аталып отырған Шапыраштының Асылынан тарайтын Әйтей, Еспенбет батырлардың тікелей ұрпағы, екі ғасырдың куәгері, биылғы жылы жүз деген жасын алқымдап отырған, өзі көрген шежіре де, тірі тарих Тілеш Жылқыбеков ақсақал жайлы сөз қозғамақпын.

Кезінде ауылдан шыққан жастардың көпшілігі Еңбек Қызыл ту орденді Қазақ ауылшаруашылығы институты мен Алматы Зооветеринар-малдәрігерлік институтына баратын еді. Оның себебі облыс, аудан, колхоз-совхоздардың басшыларының бәрі осы институттарды бітіретін де, халықтың жағдайына мейлінше көңіл бөлетін. 1979 жылдың күз айы Алматы ауылшаруашылық институтының дайындық курсына әскерден келген саңлақтар Керімхан Амиров, Есенжол Әлмұханов, Елеусіз Аяпов, Ғали Мұратбаев, мектепті жаңа бітірген Шахмұрат Сағиев, Айгүл Жылқыбекова, Шәкарман Құзатбекова, Ұлдай Жұмабекова, Жәнісбек Кенжебаев, Меңсұлу Қайрошевадай арулармен қатар оқуға түскен едік. Институттан шеткерілеу Розыбакиева көшесімен қатарлас Морисо-Торезо көшесінің бойында жатақханада тұрдық.

Не керек үлкен-кішісі бар жүзден аса азаматтар араласа оқимыз. Көктемде емтиханымызды жақсы тапсырып, біздің нағыз студенттік кездеріміз басталды. Бес жылымыз зымырап өте шығып, институтты да тамамдадық.

Мен Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Киров совхозына жолдана алдым. (Кейіннен Қаракемер атанды).

Ол кезде «Саяхат» автобекетінің жарқырап жұмыс істеп тұрған кезі. Киров совхозына арнайы икарус автобусы жүреді екен соған отырып, Алматыдан елу шақырымдай жердегі тау бөктеріндегі үлкен совхозға келдім. Екі қабат еңселі ғимараттың алдында кеуделерінде «Кенес одағының батыры» жұлдыздары

жарқыраған тастан қашалған екі мүсін қасқайып қарсы алды. Біріншісі Рақымжан Токатаев, екіншісі Қашаған Жаманқараев деп бедерленіпті. Қарапайым ел, тегін жер емес екені осыдан-ақ байқалып тұрды.

Жоғары қабатқа көтеріліп, сыртындағы тақтада «Бас агроном Еркебай Құлыбеков Құлыбекұлы» деп жазылған бөлменің есігін қақтым. Қара торы, қияктай қою кара мұртты, шашының алды түсе бастаған, мандайы қасқалау, жасы отызды орталап қалған азамат екен. «Кел, кір, отыр», — деп алдындағы үстелді нұсқады. Отыра келген жайымды айтып, жолдаманы қолына ұстаттым. «Дұрыс екен, қай оқу орнын бітірдің» деп сұрады. «Алматы ауылшаруашылық институтының жеміс-жидек факультетін». Түсі ас уақыты да болып қалған бас агроном екеуіміз оның үйіне бардық. Жол-жәнекей жөн сұрасып таныстық. Өзі алдымен, Талғардың ауылшаруашылығы техникумын алтын медальмен бітіріп, одан Мәскеуге барып, К.Тимирязев атындағы академияны да қызыл дипломмен аяқтағанын айтты. Енді ауылға барып, ел-жұртыма институт бітіргенімді айтып, дипломымды көрсетіп келейін деп, негізі бір-екі ай демалысым бар екенін ескертіп қойдым. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, (ол кезде Свердлов ауданы) Шаханға ауылға тарттым. Шілде, тамыз айын өткізіп, қыркүйек айында Киров совхозына жұмысқа келдім. Өзі көңілді жүретін, елмен әзіл-қалжыны жарасқан бас агроном Еркебай ағам, мені директорға алып кірді. Алдында Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданында екінші хатшы болып, осында ауысып келгеніне бір жылдан асқан, елуден асып қалған орта бойлы, бурыл шашты, түсі суықтау, қабағы қатыңқы кісі екен, көзілдірігінің астынан одырая қарап, салқын қарсы алды. Алматы ауылшаруашылық институтын бітіріп, осында жолдаммамен келгенімді айттым. Мәнжайды білген директор агрономға шешуін тапсырды. Ерекеннің кабинетіне бардық. Екінші бөлімшенің меңгерушісі Сейсенбай Байтуов деген азамат келген екен, олар ойласа келе, сол жердің тумасы Ғабиден Нұртаев Жармұхамбетұлы деген 6-бригаданың бригадиріне мені көмекші етіп жіберетін болды. Сол жерден қонақүйге телефон шалып, бір бөлме дайындаып, соған жайғастым. Ертеніне таң ертең ұрпақшы келіп, мені апарып 6-шы бригаданың бригадирі және жұмысшыларымен таныстырды. Бригадирім Ғабиден де мен сияқты сұр бойдақ сері екен, бірден тіл табысып, көңіліміз жараса кетті. Келесі күні кеңсеге келіп, кадр бөлімшесіне құжаттарымды өткізіп шығып тұрсам, институтта дайындық бөлімінен бастап, бес жыл бірге оқыған курстасым Айгүл Жылқыбекова ханымға жолығайын. Ол сол ауылдың қызы болып шықты. Әкесіне барып айтса керек, екі күннен кейін менің жатағымға іздеп келген Айгүл үйіне қонаққа шақырды. 1925 жылы туған өте ширақ Тілеш ақсақал сол уақытта асқаралы алпысқа шығыпты. Жолдасы Құлшахан Темірғалықызы апамыз өте мейірбан, есігінен кісі арылмаған ел-жұртқа сыйлы, мол пішілген жібек шекпендей жайдарлы кісі екен. Он екі бала өсіріп, бәрін ұлтжанды да, қазақы етіп тәрбиелеген кісілерден көрегендік пен даналықтың лебі есіп тұрды. Көрген-білгені мол шежіре ақсақал дастарқанының төріне отырғызып, алдыма бас қойып, ел-жұртымды сұрастырып, үлкен кісілерше күтіп, арғы-бергіден әңгіме қозғап, жақсы отырдық. Ол кезде мен жиырма жетіде едім. Мына ақсақалдың мені құрметтеуі, «Сен енді жас бала емессің, басшылық қызметің басталады, ендігі жерде сенің орның төр қарағым, жұмысында адал, абыройлы бол» деп тұрғандай көрінді. Рақмет айтып жатағым қайттым. Сол жердің азаматтары Болат Байзақов, Қасымхан Қосымбаев, Өмірхан Қаталбаев, Бакберген Абдрахманов, Бортан Қаталбаев, Қайшыбек, Кәмет Мәнекеев, Бекболат Өмешбаев, Дәулет

Әбішов, Жұмахан Шүленбаев, Асыл Байтұлақов, Бауыржан Ыдырысов, Дәулет Құнапиев, бригадамдағы Әнуар Тұрабаев, Елтай Ыбрайымов, Қозы, Төлеген Шоманұлы бәріміз жұдырықтай жұмылып, бір кісінің баласындай жоғары сыйластықта қызмет жасадық. Артынша ақсақалды жұмысшылардың жетпеуіне байланысты бригадана жұмысқа алдым. Нағыз шежіре де, тарихшы ақсақалмен күніге әңгімедүкен құратын болдық.

Бірде ақсақал әңгімесін былай бастады: «Қарағым негізі біздің аталарымыздың мекені Қаратал, Іле өзенінің жағалары болған, Наурызбай, Еспенбет, Сатай, Бөлек батырлардың сүйектері сонда жатыр. Аумалы-төкпелі кезеңдерде біздің бабаларымыз Алатау бөктеріне қоныс

ламен сотталып, 35-жылы ақталып келіп қайтыс болды. Ағам Құсайын, інім Оспан Байжұма, Қожақандар — бәріміз әкеміз бауыры Қалилардың қамқорлығында болдық. 1937 жылы Байжұма Қойлыбаев, Қожақандар «бай-құлақтың ұрпағы» деп қудаланып, Әліби Жангелдиннің араласуымен атылу, сотталудан аман қалды. Ертеде Қаракемер ауылы Еңбекшіқазақ ауданының орталығы болатын. Осында жұмысшы-шаруа (РАБФАК) мектебі болды. Ол кезде облыстағы үлкен әрі алғашқы білім ұясы Ораз Жандосов, Тұрар Рысқұловтардың бастамасымен ашылған болатын. Сол бір кезеңде 1937 жылы Ораз Жандосов Үкіметтегі қызметінен босап, Қаракемердегі РАБФАК-ка директор болып тұрған жерінен халық

ТІЛЕШ АБЫЗ



аударған екен. Осы ауданда Есік, Түрген, Қаракемер, төменгі Маловодный, Ақши, Қазатком ауылдарында Асыл бабадан тарайтын Қошқар, Теке, Орынбет деген ата ұрпақтары тұрады. Өзің күнде жанынан өтіп жүрген Сатай, Есіктің жанындағы Бөлек, Әймендер — кезінде жоңғар шапқыншылығы кезінде үлкен ерлік жасаған тұлғалар. Сатай батыр, Қодар би — кезінде орыс патшасына, қытай императорына хат жазған Төле бидің тұстастары. Қаскелең, Ұзынағашты мекендеген Қарасай, Наурызбай, Жәпек, Дәулет, Қаумен, бергі Берсүгір, Сарыбай би, Артық, Бұғыбай, Сұраншы, Саурық батырлардың елге сіңірген еңбектері де ерен.

Ғұлама Мұхтар Әуезов «Айтыс өнерінің алтын дінтегі» деп бағалаған Сүйінбай, оның шәкірттері Жамбыл, Үмбетәлі, Саяділ Өмірзақ, Қалқалардың ақындықтары әлі күнге ел аузында. Сонымен қатар Түрген елін мекендеген Жамбылдың шәкірттері Қарабек Ниязұлы, Өсербай, Шәріпжамал, Нұрсапа ақындар, Есік, Түрген өңірін билеген ағайынды Шәутен, Шөпшек, Жүнісбай болыстарды мен өзім көріп, олармен талай диалогласам.

Біз балалық шақ дегенді білмедік, 1931–1933 жылдардағы қолдан ұйымдас-тырылған ашаршылықтан қазақ халқының жартысына жақыны қынадай қырылғанын көрдік. Әкем Жылқыбек 1934 жылы жа-

жауы ретінде ұсталып қамалып еді. Өлім тұрмақ өкпеге қимайтын қазақтың арыстары атылғанда, жас жанымызды қоярға жер таппай жер бауырлап жатып қалдық қой. Мен кезінде, Есік қаласындағы Молотов атындағы мектепті бітірдім. Алдында колхоз басқармасының хатшысы, кейін ауылдық кеңестің атқарушы органының хатшысы қызметтерін атқардым. РАБФАК мектебінің ветеринарлық-малдәрігерлік бөліміне оқуға түскенімде ол Талдықорғанға көшіп кетті. Соңынан ере барып, іскерлік тәжірибеден өту барысында сол кездегі бүкіл Кенес одағына шаруашылық басқару әдісімен үлгі болған, екі мәрте «Еңбек ері» атағын алған Нұрмолда Алдабергеновтен алған тәлім-тәжірибем арнаулы орта білімді малдәрігері мамандығын алғаннан соң да өміріме азық болды. Колхоздастыру кезінде трактордан аяғымды ауыр жаралап алып, соғысқа баруға жарамадым. Тылда шамамыз келгенше Отан қорғаушыларымызға астық, киім-кешек жіберуге көмек жасадық. 1942 жылы майданға қаражат жинауға үгіт бригадасы шықты, Иса Байзақов, Шара Жиенқұлова, балуан Қажымұқандар, т.б. келіп, ел-елді аралап концерт қойып, цирктің өнерлерін көрсетті. Сейсен Далдабаев екеуіміз соларға берілген атарбаларын айдап, көмекші болып, екі-үш ай жандарында жүрдік. Соғысқа бармаған Сейсен ағам екеуіміздің жастық шағымыз-

дың қиыншылығы мен қызықшылығы да болды», — деп өткен күндерін аңсап та қалғандай болды.

Бұл ақсақалдың тағы да бір ерекше қасиеті — кешегі үлкен ақындарды көрген адамдармен кездесуі. Замана заңғарлары Сәбит Мұқанов, Мұсафар Әлімбаев, Зейнолла Қабдолов, Сұлтанғали Садырбаев, т.б. жазушылармен тығыз байланыста болып, сол кісілерге өткен күндерден небір мәліметтер беруінің өзі бір тарих. Мысалы, Шәріпжамал ақынның Қызылбөрік Нұрсапамен айтысын, Қарабек ақынның өлеңдерін жатқа айтып елге жеткізсе, Жамбыл мен Құланиян Құлмамбеттің Іленің жағасындағы айтыстарын жадында ерекше сақтауына таңғаласын.

Құлмамбет:

Қара күннің баласы Ысты бақыр,
Кім өлсе соған түсер заманақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса, ол неме қайда жатыр?
Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,
Ертеңгі күн шаужайдан алар ақыр.
Сейтбаттал, Ерәлінің соғысындай.
Не болса да болайын, жылдам шақыр!
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса, қайда отыр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды?
Күдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?

Жамбыл деп осы арада жан мақтайды,
Сол неме жарар ма екен пар қылуға? —
десе Жамбыл:

Қызғана шағай шығып, едім салғыр,
Сөйлесең әр немені тілің шалғыр;
Келген жерден сөйлейсің тура тістеп,
Қалайша шайқақтайсың, тәңір алғыр.
Сөйлесем өлеңімді түптен бермен,
Құйылар сөз нөсері көктен, жерден.
Мылтықта түтеп тұрған мен

бір пестон,

Асықсаң ажалыңа, келші бермен, —
деп екеуінен аздап үзінді айтып алып,
Құлмамбет «Сұраншы мен Саурыққа бекер тиіскен екенмін мені Жамбыл емес Сұраншының аруағы жемді» дегенін де аңыз етіп айтып отырады.

Құлмамбеттің Оңтүстіктен Түрген қаласына келіп, елмен кездесуін де зердесіне тоқыған:

Аман ба Үшкемтірдің Сайма Сайы,
Қалқаның үстіндегі күнмен айы?
Сиқымға бұл жақтағы тұтқа бопсын,
Аман ба, Қусирақтың Диханбайы? —
деген сияқты шумақтарды түйдегімен жіберіп барып:

Келдің бе, ағайынды Шәутен,
Шөпшек?
Шымкенттен елді ойлап, келгем
көксеп.

Бір жасап, о, дариға, қалар едік,
Олардың сау-сәлемет жүзін көрсек.
Түргеннің түсте келдім қаласына,
Сөзімнің қыл сыймайды арасына.
Үйінде Ұлықбектің сөз сөйледім,
Кез болдың Құлмамбеттің қазасына, —
деген жеріне келгенде басын шайқап,
сөз зергері ғой Құлмамбет деп ақындығына бас иеді де, карт сөзін арты жалғап:
Өшпейді халық сөзіре қартаймайды,
Өшеп деп оны ешкім айта алмайды.
Халықтың жүрегінің түкпірінен,
Төгілген күй, шын жорға тайпалмайды.
Алтындай ел ішінде сақталынған,
Сұлу жыр судан тұнық

шайқалмайды, —

деп төрт аяғын тең басқан жорғадай тәнселіп, тағы да басқа айтыс шежірелерді халыққа таратып, ҰҒА-на тапсыруда үлкен қызмет атқарғанын да айта кету ләзім.

Қарияның ортаншы ұлы Байғазы, Қазыбек, күйеу баласы Дәулеттермен әлі де араласып тұрамын. Елі мен жерінің тыныштығы, болашақ ұрпақтардың есен-сау елге адал қызмет атқаруын Алладан тілеп отыратын абыз бүгінде жүз жасын еңсеріп отыр!

Қошан МҰСТАФАҰЛЫ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Алматыда Х мерейтойлық «2025 жылдың Үздік инженері» Республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Алматыда еліміздің инженерлік корпусының флагманы — Қазақстан Республикасы Ұлттық Инженерлік Академиясының (ҚР ҰИА) жалпы жиналысының сессиясы өтті.

өндірістік басқарма бастығы Александр Борсук. 28 патенттің және 50 ұтымдылық ұсыныстың авторы. Ұлбі металлургия зауытында енгізілген радиоактивті металл қиындысын ультрадыбыстық дезактивациялаудың жаңа өнеркәсіптік технологиясын жасады. Технология радиациялық фонды 8 есе төмендетті, участоктың өнімділігін тәулігіне 500 кг-ға дейін көтерді және ғасырдың стратегиялық экологиялық мәселесін

жасады. Кешен мұнай-кен орындарының екі стратегиялық міндетін бірден шешеді: экологиялық мониторинг жүргізу және ең шалғай аудандарды ішу суымен қамтамасыз ету. Әзірлеме «ГИДРОПРИБОР» ҒЗИ АҚ-да сәтті енгізілді және қазірдің өзінде нақты экономикалық әрі әлеуметтік тиімділік беріп жатыр.

8. «Торайғыров университеті» КЕАҚ инженер-әзірлеушісі Рамис Зарипов. Қазақстанда алғаш рет тек күн энергиясымен жұмыс істейтін экологиялық таза су айдындарын тазартатын понтондық кешеннің авторы. 2 патент алынды, толық көлемді прототипі салынды және сәтті сынақтан өтті.

ИНЖЕНЕРЛЕР – ПРОГРЕСТІҢ ЖҮРЕГІ



Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының президенті, академик Жұмағұлов Бақытжан сессияда негізгі баяндама жасап, сөз сөйледі. Өз сөзінде ол академияның 2024–2025 жылдардағы кезеңін қорытындылады, сондай-ақ инженерлік ғылымды дамытуды, цифрлық және инновациялық технологияларды енгізуді, өндірістік секторлармен өзара іс-қимылды күшейтуді және жоғары білікті инженерлік кадрларды даярлауды қоса алғанда, алдағы кезеңге арналған ҚР ҰИА үшін маңызды басым бағыттар мен стратегиялық міндеттерді белгіледі.

2015 жылы академия алғаш рет «Жылдың үздік инженері – 2015» республикалық байқауын ұйымдастырды. 10 жыл ішінде «Үздік инженер» республикалық байқауының лауреаты атанған Қазақстанның түрлі өңірлерінен 70-тен астам инженер болды.

2025 жылы байқау Х мерейтойлық мәртебеге ие болып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ерекше маңызға ие болды. Мемлекет басшысы:

«Инженерлер — прогрестің жүрегі әрі жасанды интеллект дәуіріндегі елдің технологиялық егемендігінің кілті», — деп ерекше атап өтті.

Байқауға Қазақстанның барлық өңірлерінен көрнекті мамандардан 75 өтінім келіп түсті.

Байқау комиссиясының қорытындысы бойынша елдің ірі индустриялық және инновациялық жобаларын іске асыруға ерекше үлес қосқан 2025 жылғы 11 үздік инженер анықталды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының Төралқасы және байқау комиссиясының шешімімен Х мерейтойлық «2025 жылдың Үздік инженері» Республикалық байқауының жеңімпаздары:

1. «Kazrost Engineering» ЖШС аға инженер-конструкторы Георгий Мнацаканов. Әмбебап ілмелі жатқа — 9 комбайндарына арналған бірегей, әмбебап ілмелі шапқыш әзірленді. Өз класындағы жалғыз патенттелген конструкция, ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрін жинауға мүмкіндік беріп, тиімділікті 15–20% арттырады. Әзірлеме «Kazrost Engineering Ltd» ЖШС-де жаппай өндіріске енгізілді, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінде технологиялық серпіліс жасап, елдің азық-түлік қауіпсіздігін айтарлықтай нығайтты.
2. «Ұлбі металлургия зауыты» АҚ

шешіп, бір мезетте кәсіпорын мен елге қосымша миллиондаған теңге пайда әкелді.

3. «Bes Saiman Group» ЖШС бас директоры, инженер-әзірлеушісі Мұхтар Елеуов. Бас директор әрі инженер-әзірлеушінің есебінде зияткерлік меншіктің 14 объектісі бар, оның ішінде АҚШ патенті бар. Ол — Қазақстанның бар-жоғы 15 азаматының арасында АҚШ-та ресми танылған және қорғалған жалғыз қазір жұмыс істеп жатқан өндірісі.

4. «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» АҚ №1 конструкторлық бюро бастығы Дамир Жаншеев. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша қарулануға қабылданған маңызды қару-жарақ жүйелерінің толық циклінің авторы және бас конструкторы: 2А42 және АҚ-306 зенбіректеріне арналған 30 мм оқ-дәрілердің жаппай өндірісі (елдің қажеттілігі алғаш рет толық жабылып, экспорт басталды); ТЖМ және әскери-теңіз флотына арналған 26 мм сигналдық тапаншаның жаңа буыны; пикаптарға арналған айналмалы тірек қондырғысы және 12,7 мм лентаны автоматты толтыру машинасы; НСВ («Никитина — Соколова — Волкова») — 12,7 пулеметін НАТО патронына жаңғырту.

5. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» АҚ бас жоба инженері Сабыржан Жұмағали. Қазақстанда және ТМД-да баламасы жоқ бірегей технологиялардың авторы: радиосигналдарды өңдеу модулі, гибриді интелектуалды спутниктік навигациялық жүйе, ДК-ні рұқсатсыз кіруден (НСД) қорғау құрылғысы және жаңа буын электрондық навигациялық пломбасы. Оның әзірлемелері халықаралық жүк тасымалдарының қауіпсіздігін түбегейлі арттырады, Қазақстанның жаһандық логистика нарығындағы ұстанымын нығайтады және ұлттық ғарыш саласын әлемдік алдыңғы қатарға шығарады.

6. «ГИДРОПРИБОР» ғылыми-зерттеу институты» АҚ бас конструкторы Айдынғали Жиналеев. Бас конструктор «Барс», «Айбар», «Бүркіт», 3092 «Қажымұқан» катерлерін заманауи навигациялық және штурмандық жабдықтармен, байланыс құралдарымен жаратқандырды, сондай-ақ маневрлік базалау пункті жаңғыртылды.

7. «ГИДРОПРИБОР» ғылыми-зерттеу институты» АҚ сектор бастығы Мурат Балсихов. Тік ұшатын және қонатын ұшқышсыз ұшу аппараты мен пластқы сулардан ішу суын дайындаудың бірегей блок-модулін

Ұсынылған инженер жобасы «Таза Қазақстан» ұлттық жобасына толық сәйкес келеді.

9. «Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты» РМҚК әскери радиотехника және электроника негіздері кафедрасы бастығының орынбасары, инженер-конструктор, әзірлеуші Нұржан Зикирьев. Әлемдік деңгейдегі, баламасы жоқ және қазірдің өзінде қарулануда тұрған үш жаңа қорғаныс жүйесінің авторы.

1) Көрінуді арттыратын оптикалық-электрондық құрылғыны әзірлеу және енгізу. Әскери және арнайы техникаға (ӘЖЖ) арналған түнгі көру модулі жасалып, жаппай өндіріске енгізілді.

2) Бағдарламалық-анықталатын радио (SDR) технологияларын енгізу. Қарулы Күштерде алғашқылардың бірі болып SDR енгізді. Барлық мамандық курсанттарына арналған «SDR негіздері» оқулығы мен курсының авторы.

3) Ұшқышсыз ұшу аппараты қару-жарақ номенклатурасын кеңейту. Wing Loong-1 ұшқышсыз ұшу аппаратының ілгіш түйіндерін жаңа зақымдау құралдарын қолдануға есептеп, жаңғыртты.

10. «Тұран» университеті» КЕАҚ басқарушы-экономикалық Максим Кикимов. ШОБ-ты қолдаудың негізгі бағдарламаларын жасады және жүзеге асырды: «Жібек жолы», «Алматы-Өнім», «Алматы-Инновация», «Алматы-Туризм». Бұл бағдарламалар микрокредит беруді қолжетімді етті, жергілікті өндірістің өсуін қамтамасыз етті, Алматының инвестициялық тартымдылығын арттырды және қаланың тұрақты экономикалық дамуына негіз қалады.

11. «Жоғары технологиялар институты» аға ғылыми қызметкері, технология Абай Омаров. Барлық процестердің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар бірегей геотехнологиялық және экологиялық шешімдердің әзірлеушісі. Аса күрделі геологиялық жағдайларда уран өндіруге арналған жаңашыл біріктірілген жылжымалы қондырғының авторы әрі қатысушысы.

Ж.Т. БАҒАШАРОВА,

ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, техника ғылымдарының кандидаты





Нұрғали ОРАЗ

Осы біздің Үсен көкемнің сондай бір қызық әдеті бар. Алғаш танысып, қол алысып тұрған кісіге сүзіле қарап, сәл-пәл бөгелі-і-іп қалады. Оның бұл көзқарасында: «Сіз кімсіз? Қандай жансыз?..» деген сұрақтан гөрі, «Мен туралы бұрын-соңды ештеңе естіген жоқ па едіңіз? Шынымен-ақ білмейсіз бе?..» деген сауал су бетіндегі қалтқыдай қалқыды.

Рас-ау, алыстағы да, жақындағы да кісілердің Үсекең жайлы бір ауыз күлкілі сөз, иә болмаса, қызықты хикая естімеуі мүмкін емес. Себебі ол мейман болып барған, той-томалаққа қатысқан жерлерде көпке дейін ұмытылмай, ауыздан-ауызға көшіп, ақыр соңында біздің ауылды іздеп табатын оқиғалар көп-ақ.

Ақиқатын айтсақ, Алла тағаланың өзі Үсекеңді көрген жұрт күле жүрсін деп әдейі жарата салғандай. Торлама қауын секілді сопақ бас, тайқы мандай, үкі көз, пісте мұрын, салпы ерін, ой, тоба-ай, Үсен көкемізге жан-жақтан әкеліп, жапсыра салған «адам анатомиясының» қалдықтары секілді.

Жүрісі де біртүрлі қызық. Құдды бір, өкшесіне «пружина» қадап алғандай, селтең-селтең етіп басады аяғын. Ал кеудесі, Әтіркүл жеңеміз айтқандай, «тойдан тойып кайтқанда қайқиып кететіні» болмаса, жай күндері әкпішпен су тасып жүргендей иіліп, екі иығы сөлбірейіп кетеді.

Әйткенмен Үсекеңнің осы бір олпы-солпы түріне қарсылық білдіріп, көрік беріп тұратын жалғыз мүшесі — ыржиып күлген кезде түп-түгел көрінетін отыз тісі. Құдды бір, қатар-қатар қаланған қаладағы үйлер секілді әппақ. Бүп-бүтін. Еріксіз езу тартасыз.

Әнеугүні, Адырбайдың қыз ұзату тойында Үсен көкеміз тойға жиналған жұртты тағы да бір күлкіге қарық қылғаны бар емес пе.

Құдалар жағы бай, қуатты, өсіп-өнген жандар екен. Өздері де, үстеріне киген киімдері де әп-әдемі, жарасымды. Әсіресе бірінен бірі өткен сұлу құдашаларды айтсанызшы, еріндері қып-қызыл, піскен шие секілді уылжып тұр. Жүздері әппақ. Көздері мөп-мөп-мөп-дир. Ой, несін айтасыз, Адырбай көкемнің тойының сәнін келтіріп, гүлдей құлпырып отырған құдашалардан көз ала алмай қалған жігіттердің есебі жоқ.

Той ортасына таман әбден қызып алған Үсен көкеміз ыржиып, әппақ тістерін түгел көрсетіп, әлгі құдашалардың бірін биге шақырмай ма. Би болғанда да, кәдімгі «Көк жигули» әнінің ырғағымен құтырып, алқынып-жұлқына жөнелетін жынды би ғой.

Үсен көкеміз екі қолын қайшылап, жалаңаяқ шоқ басып жүргендей секектеп ортаға шыққанда әлгі құдашаның көзі бақырайып, мынау өзі адам ба, жын ба дегендей шошып қалады. Әйтсе де әдеп сақтап, көкемізге күле қарап, билей жөнеледі.

Бірақ Үсен көкеміз бір бимен тоқтай қойса жақсы-ау! Көзі күлімдеп, бұрала басып өз орнына енді жайғаса берген құдашаның қолынан тартып, ортаға қарай тағы да сүйрей жөнеледі.

Сөйтіп...

Бір емес, екі емес, үшінші рет биге шақырғанда әбден өзімініп, шектен шыға бастаған Үсен көкеміз салпиған ернін құдашаның құлағына тақап:

— Құдаша, бір порти-и-ия! — дейді үкі көзімен қора жақты ымдап. — Бір портия?! — Не-е-е!

Қасы-көзі қиылған томпақ құдашаның өңі өзгеріп сала береді. Шамасы, «бір портияның» қандай «портия» екенін жақсы білетін болса керек. Алайда оның өңі мен даусындағы өзгерісті қапелімде аңғара қоймаған Үсен көкеміз үкі көзін аударып-төңкеріп, сопақ басын бұлғандатып:

— Құдаша, бір порт... — деп қайталай бергенде күтпеген жерден сарт ете түскен шапалақ оң жақ бетін оңдырмай осып өтеді.

— Өй! — дегенінше болмай, сол жақ бетіне тиген тағы бір шапалақ тіпті есінен тандырып жібере жаздайды.

Маскара-а-а! Үсен көкеміз тырқырап каша жөнеледі.

Осы оқиғадан соң Үсекеңнің ойына өз басынан өткен талай-талай қызық-шыжықтар қайта оралып, електен өтіп, сана-сезімінде бір үлкен өзгеріс пайда болады. Арада түп-тура екі ай өткенде тағы бір құрдасының ұлы үйленетін болып, алдын ала мәслихатқа жиналған жұрт та: «Әй, осы сен, тыныш жүрші. Арақ ішсең іш, бірақ ақылыңды ішпеші. Жас емессің ғой. Ойланатын кезін келді! Ел-жұртқа күлкі бола бергеннен не ұтасын?!» — деп қатаң ескерту жасайды.

Сол кезде Үсен көкеміз өте бір салмақты кейіппен:

— Болды енді, өзім де ойланып жүрмін! — деп алқа-қотан отырған топқа ашықтан-ашық уәде бергендей болады.

Сөйтіп...

Бұл тойға ол ерекше дайындалады. Түс ауа сақал-мұртын қырып, шашын тарап, терезенің алдындағы төрт бұрышты айнаға қайта-қайта қарап, бет-әлпетін ретке келтіреді. Үлкені тоғызыншыда, одан кейінгісі жетінші сыныпта оқитын екі қызы зыр жүгіріп, әкесінің біркіер кәстөм-шалбарын, ақ көйлегін өтектеп әкеледі. Шифоньердің төменгі жағындағы сөреден су жаңа туфлин алып береді.

Үсен көкеміз судай жаңа киімін үстіне киіп, айна алдына келгенде, өзінің мүлде өзгеріп, зиялы қауым өкілдерінен айнымай қалғанын көреді.

— Папа, галстук тақсаңыз, тіпті тамаша болар еді! — дейді осы сәтте үлкен қызы жымыя қарап.

— А-а... оны қайттік енді?

— Өткен жылы мен сіздің туған күніңізге галстук сыйлап ем ғой!

Соны айтты да, қызы дүкеннен алынғалы бері орауы жазылмаған жап-жаңа галстукты әкеліп, әкесінің мойнына таға қойды.

О-о, міне, міне!.. Галстук дегеніңіз, сән үшін ғана тағылмайды-ау, сірә! Біле білсеңіз, мойыңға үлкен жауапкершілік те жүктейтін тәрізді. Себебі ол — мәдениеттіліктің, мемлекеттік тәртіптің рәмізі.

Үсен көкеміз айнаға ары-бері қарап, өз келбетінің ғана емес, бүкіл бітім-болмысының өзгеріп сала бергеніне танданғандай болады. Иә-ә...

Ақ көйлекке әп-әдемі үйлесе кеткен сарғыш түсті галстук мойнын ептеп қысатын да секілді. Бірақ мұның да өзіндік мәні, мағынасы, керек десеніз, заңдылығы бар. Себебі ол сізге ешқашан шексіз еркіндік берілмейтінін, әрдайым өзіңізді өзіңіз тізгіндеп ұстауға тиіс екендігіңізді еске салып тұрады.

Міне, осындай-осындай ойлардан соң Үсен көкеміз галстуктың «қысымына» көніп қана қоймай, оны іштей қоғамдық тәртіптің көгені ретінде қабылдау керек екенін толық түсінгендей болады.

Әрине, той әдеттегідей сән-салтанатымен басталды. Тамада жігіт ә дегеннен-ақ көпшілікті күлдіріп, ұршықша иіріп әкетті. Қаладан арнайы келген әнші, бишілер кезек-кезегімен ортаға шығып, әуелете ән шырқап, мың бұрала билеп жатты.

Тамада жігіт жер-көкке сыйғызбай мақтап, ел-жұртқа үлгі етіп сөз берген құдалар да, қонақтар да қызыл тілдің майын тамызып, небір жақсы тілектердің тиегін ағытты. Әрбір тілектен соң стакандар сынғырлап, тойда отырғандардың көңілі шалқып, дауыстары санқылдап шыға бастады.

Бұл тойда енді, ерекше сабыр сақтап, басы артық сөз бен қимылға ерік бермей, сап-сау отырған жалғыз Үсен көкеміз ғана сияқты.

— Оу, Үсеке, бүгін сізге не болған?! Кәне, кәне, бір «стөпкі» тартып жібермейсіз бе? — деп қолқалаған кісілерге ол әппақ тістерін түгел көрсете ыржиып қарап:

— Әй, мен бұны қойғанмын! Білесіңдер ғой, маған жақпайды, — деп жауап қатады.

Үсекеңнің бұл сөзін түсінгендер, «апыр-ай, ә, бұған да ес кірейін деген екен» деп

танырқап, тосылып қалса, ал енді, байыбына бара қоймағандар: «Қойшы-ей, қай-қайдағыны айтпай!» деп өңмендеп қыштай түседі. Ондайда Үсен көкеміз:

— Айттым, бітті, — дейді қабағын түйіп.

— Оу-у, бір «стөпкіде» тұрған не бар?!

Жо-жок, серттің аты — серт. Ол өзінің бір «стөпкімен» тоқтай қоймасын біледі.

Үсекең кей сәттерде іштей толқып, тебіреніп: «Апыр-ай, сап-сау адамның қадірін білмей жүр екенбіз-ау, — дейді. — Қарашы, мынау қызылшадан жасалған салат қандай дәмді. Ішіне майдалап-майдалап жаңғақ қосыпты... Ал анау зәйтүн, бұршак, жұқалап туралған қызанақ, қияр, қып-қызыл алма, құсайын жүзім қандай, ә, аузыңа салсаң ери жөнеледі ғой».

Ол бұрынғыдай қызу болса, мұның бірінің де дәмін білмес еді.

Әйткенмен той көрігі қызған сайын, жұрттың у-шуы үдеп, артық-ауыс сөз, қарқ-қарқ күлкі көбейе бастады. Біреу тіпті даусын көтеріп, айналасында отырғандарды сықпырта боқтап та алды.

«Е-eh, — деді Үсен көкеміз торығып. —

КЛОУН

(Әңгіме)

Тойдың сәні ішу деп, ақымақ боп жүр екенбіз дө!.. Мыналардыкі не енді?! Осыдан кейін-ақ, талай күн ойға-қырға шауып жүріп жасаған тойдың берекесі бола ма!..»

Ол енді, көптің көзіне түспей, ақырын ғана сытылып шығып, ың-шыңсыз үйіне қайтып кетуді ойлап, жан-жағына қарай бастады. Әтіркүл жеңеміз онайлықпен көзге көріне қоятын жерде емес екен. «Ол көбіне-көп қазан-ошақтың басында жүруші еді ғой шалпақтап. Қой... өзім кете берейін, — деп ойлады Үсекең. — Қатын аман болса, үйді тауып келер...»

Бір қызығы, Үсен көкеміздің оң жағындағылар да, сол жағындағылар да әуелгі иық түйістірген қалыптарынан айнымай, сығылсып отыр екен. Оның үстіне бұлар жайғасқан үстел биік дуалға жапсарласа қойылғандықтан, орталарындағы бір адам шығып кету үшін бір жағы түгел түрегеліп, жол беруге тиіс.

Үсекең іштей өкініп: «Қап-әй, ә! Кішкене шеткерірек отырмағанымды қарашы!» деп, жан-жағындағылардың биге шығуын немесе сөзге шақырылуын күтіп қалды. Мұндайда қас қылғандай, кедергі де көбейіп кететіні бар емес пе. Әуелгі келген үш-төрт толқынға тас қамалдай төтеп беріп, алдындағы стаканның аузын алақанымен жауып, «айттым бітті, ішпеймін» деп отырған Үсен көкемізден көңілі қалғандар енді оның жанындағыларды қолқалауға көшіп, қайта-қайта стакан соғыстырып, бір-біріне денсаулық тілеумен болып жатыр.

Кей сәттерде бұның да көңілі жібіп, жұтқыншағы бүлк ете қалғандай болса, мойнындағы галстук кеңірдегінен қысып: «Әй, әй, серттен тайма, мәдениетті бол!» деп ескерту жасайтын тәрізді.

Шындығында, сап-сау адамға той біткенше сабыр сақтап отырудың өзі азап екенін ол бүгін ұқты. Уақыт ұзаған сайын шыдамы да, төзімі де таусыла бастады. Осы күнгі бай-қуатты жұрт секілді ұлының үйлену тойын қалада, хан сарайындай сән-салтанатқа малынған тойханалардың бірінде өткізбей, алақандай аулаға тығып қойған Тәшкенбайға ренжіді іштей. «Мұнысы несі, түгі жоқ адам сияқты... Бар байлықты осындайда шашпағанда, енді қашан шашады?..»

Кенет оның басына: «Әй, мен осы айна-ламдағы жұртты мазаламай-ақ, арт жақтағы дуалдан асып түсе салсам қайтеді?» деген бір

қызық ой келе бастады. Бұл да әуелі жас баланың ойыны сияқты көрінгенімен, бірте-бірте ес-ақылын мүлде шырмап алғаны сондай, дуал жаққа жалтақтап қарай берді.

«Иә-ә, қазір аяғымның ұшын астымдағы орындыққа тіреймін де, әуіп деп, арғы бетке асып түсемін. У-ду боп, ит иесін танымай жатқан тойда менің қайда кеткенімді кім біліп, кім көріп жатыр...»

Той ортасына таман жастар жағы тарс еткізіп отпашу атты. Естен тандырадай қатты дыбыс пен жарқыраған түрлі-түсті шоктардан біреу шошып, біреу шаттана айғайлап, қуанып жатқанда Үсекең биік дуалдан ырғыды да кетті.

О-о-уп-п!.. Ол алғашында өзін дуалдан емес, ұшақтан секіргендей сезінді. «Апыр-ай, осыншама биік пе еді?» деген бір суық ой жүрегін суылдатып өтті. Сөйткенше болған жоқ, жақында ғана қазылған дымқыл шұқанактың ішіне сылқ ете түсті.

О тоба, бұл немене? Биік дуалдың дәл түбінен кім қазып жүр бұны? Үсен көкеміз қараңғыда қалбалақтап, есін жиған бойда сыртқа шығуға ұмтылып еді. Қырсыққанда мына шұңқырдың қабырғалары таспен қашалғандай тіп-тік, жып-жылтыр екен. Қолға

ілінетін бірдене болсайшы...

Үсекеңнің аяқ-қолын тырбандатқаннан басқаға шамасы келмеді. Маскара-а-ай!.. Мұрнына сыздықтап зәктің иісі келетін сияқты. «Ә-әй, мынау нағыз зындан ғой!»

Екі кісінің бойындай терең шұңқырдың төрт қабырғасын сипалап, саусақ сиярдай тесік таппаған соң, ол еріксіз үздігіп аспанға қарады. Заңғар көктегі жұлдыздар жымың-жымың етіп, бір-біріне сыбырлап, жаңа ғана тойда отырған адамды түлен түртіп, шұңқырға түсіп кеткенін қара деп, күлетін секілді.

«Уһ!.. Енді қайттім-м?!»

Ол ойда-жоқта тап болған «зынданның» түбін сипалап, әлдеқандай бір қатты зат іздегендей болды. Бірақ қолына дымқыл топырақтан басқа ештеңе ілінбеді.

Сонсоң амалсыздан жоғары қарап:

— Е-е-ей, е-е-ей! — деп айғайлады.

Бірақ оның даусын есітіп, жауап қата қойған жан болмады. Жаңа ғана өзі секірген биік дуалдың ар жағындағы той-думанның у-шуы ойда жоқта «зынданға» түсіп кетіп, екі көзі жауғанда, көмек сұрап тұрған Үсекеңнің бұл дүниеде бар-жоғынан бейхабар.

— Оу, ортаға кім шығады?! Қане, қане, би жарыс, — деп санқылдаған тамаданың даусы бүкіл ауылды басына көтеріп жатыр.

Амалы таусылған Үсекең арқасын қабырғаға сүйеп, шөкелеп отыра кетті.

— Өй, бөрекелде-е! Келіңіз! Кәне, кәне, бұ жеңгем қазір бидің түбін түсіреді! — дейді тамада.

Тойда отырған жұрт ду қол шапалақтап жатыр.

— Атыңыз кім?

Би жарысқа шыққан келіншектің даусы у-шудың арасынан жөнді естіле қоймады.

— Кім дейсіз?

Тамада енді, қолындағы микрофонды оның аузына тосқан секілді.

— Бибайша!..

— О-о, Бибайша жеңгей, кіммен жарысқыңыз келеді? Әуелгі таңдау өзіңізде.

— Білмеймін.

— Олай болса, кім бар жүрекжұтқан?!

Осы сәтте тұс-тұстан:

— Әй, сен шық! Шықсайшы!..

— Кет-ей!..

— О-оу, Секебай, не тұрыс бұл? Әшейінде телешкіге шөп артқанда қисалаңдап билеп қоймаушы ең ғой?!

— Әй, Үсен қайда?! Осындайда тайрандап өзі-ақ ортаға шықпаушы ма еді!
— Рас-ей, қайда жүр?..

Тойдағы көпшіліктің арасынан өзін іздеп жатқан кісілердің көзі кенет «зынданға» түсіп кете ме дегендей Үсекең біртүрлі қорланып, мойнын жағасының ішіне тығып, бұға қалды.

Тап осы кезде би жарысқа ортадан біреу жүлқыншы шыға келді білем, ойнақы музыка жұрттың делебесін қоздырып ала жөнелді. «Зынданда» отырған Үсен көкеміз иығынан бірауыр жүк түскендей «уһ» деп, жеңіл тыныс алды.

«Япыр-ай, қандай көңілді той!» деген ой келді оған. Мынау биік дуалдың ар жағында мүлде басқа әлем, басқаша өмір салтанат құрып жатыр. «Сол бір қызық думанды ортадан неге кеттім, япыр-ай!» деген бір өкініш өзегін өкпек желдей аралап өтті...

Арада қанша уақыт жылжығаны белгісіз, бір кезде тойдағы жұрттың алды үйлеріне қайта бастағандай болды. Біреуі болмаса, біреуі осы тұстан өтіп қалар деген үмітпен Үсекең жоғарыға қарай мойнын созып, құлақ түрді.

Қырсыққанда тойдан шыққан жұрт қараңғыда ешқайда бұрылмай, кең көшеге түсіп алып, топ-топ болып ұзап бара жатқан секілді. Олардың басына қазір: «Осы бір таяу манда «зындан» бар-ау. Онда біреу жапа шегіп, кең дүниеге шыға алмай жабығып отыр-ау,» деген ой кіріп те шықпайды.



Ойпыр-ай, адам аяғы баспайтын жерден бұл шұңқырды кім, қандай максатпен қазды...

Кенет әр жерден аттап-бұттап басып, осылай қарай тәлтіректеп келе жатқан біреудің аяқ дыбысы естілді. Үсекең тын тындап, енді өзі де үн қатып шақыруға оқталғанда, әлгі аяқтың иесі қалт тоқтай қалды. Артынша шорылдағып, кіші дәретін жібере бастады...

Капелімде шашырап кете ме дегендей Үсен көкеміз «зынданның» бір бұрышына жабыса қалды. Абырой болғанда, әлгі кісі бұл жаққа онша жақындай қоймаған секілді. «Кім білсін, тағы біраз жүргенде... ол да...» деген бір шалық ой осы сәтте кеудесін түртіп өтіп, Үсекең еріксіз езу тартты.

Сәлден соң жоғарыдағы кісі ырсылдап, шалбарының түймесін сала бастағанда:

— Е-е-ей! — деп дауыстады бұл «зынданның» ішінен. — Е-е-ей, бауырым!..

Сырттағы дыбыс сап тыйыла қалды.

— Құтқар мені, құтқа-а-ар?!
Сырттағы кісі «ғы-ы-ык» деп, бір кекіріп алды да:

— Бү кім-ей? — деді жан-жағына қарап.

— Е-е-ей, құтқа-а-ар!.. Бері кара-а-а!..

— О-о, әкең-н!..

Мас болса да есін толық жоғалта қоймаған пақыр тастай қараңғы түнде жер астынан шығып жатқан дауыстан шошып, зыта жөнелді. Ұзап бара жатып:

— Шайтан ба, немене, — деп күбірлегенін Үсекең ап-анық естіді.

Осыдан кейін сырттағы дүниеден мүлде көңілі қалғандай қамығып, ойда-жокта

өзі тап болған «зынданның» түбіне құйрық басып отыра кетті. Оған енді биік дуалдың ар жағынан шығып жатқан көңілді әуен де, бір-бірімен әзілдесіп ойнап, қарқылдап күліп жүрген адамдардың даусы да мүлде жат, мүлде мейірімсіз, тасбауыр тіршілік иелерінің жын ойнағындай болып көрінді...

«Көр дегеніңіз осындай болса, тіпті де қорқынышты емес екен-ау» деп ойлады.

...Үсекең көзін ашқанда, жоғарыдан сүзіле қарап, жалпақ танауы пыс-пыс етіп тұрған қара сиырдың тұмсығын көрді. Айнала-төңірек ай-жай боп, аспан ашылып, күн ұясынан көтеріліп қалған екен.

Ол өзінің қайда жатқанын есіне түсіре алмай апалақтап, жан-жағына таңырқай қарады. О тоба!.. Түндегі «зындан»... Осы сәтте жоғарғы жақтан бір уыс топырақ сусып ішке түсті де, артынша: «Өк, әй, өк!» деп сиыр айдаған жас баланың даусы естілді. Үсекең көзін жұма қойды.

— Өл-ә-ә-ә!!!
Әлгі баланың даусы қайта естілді.

— Мынаның ішінде біреу жатыр, апа. Қарашы... қарашы!

— Не дейт, үйбай?! Былай тұр, бәлесінен аулақ!

Ол енді, сырттағы әңгімені түгел естіп жатса да, үн қата қоймады.

— Құдая тоба, бұнысы несі? — деді жоғарғы жақтағы әйел.

Бұл әлгі баланың апасы болса керек. Ол да қазір төбеден қарап, үніліп тұр-ау, шамасы.

— Тірі ме өзі? — деп қояды.

— Өлген адамға ұқсамайды, — деді бала.

— Қой әрі, сен оны қайдан білесің?..

— Ұйықтап жатқан сияқты ғой.

Осы кезде ар жақтан бір ер кісінің:

— Е-ей, неменеге үніліп тұрсындар? — деген жуан даусы шықты.

— Көке-е, — деді бер жақтағы бала. — Кешегі Ержан мен Қалжан қазған әжетхананың шұңқырына түнде біреу түсіп кетіпті!

— Оп-па! Аман ба екен?!

— Білмейім...

Аяғындағы сүйретпесін тырп-тырп еткізіп, сәлден соң ол да келді. Сөйтті де, шұңқырға үніліп:

— Әй, мынау теміржолдың арғы бетінде тұратын Үсен ғой! — деді көптен бері іздеп жүрген адамын енді тапқандай даурығып.

Оның даусын бұл да таныды. Тәшкенбайдың көршісі. Қысы-жазы есігінің алдында трактор жөндеп жататын Жақаш.

— Е-е, түндегі тойда мас боп, ес-түсін білмей қалған-ау, шамасы.

— Үйбай, бір жері майып боп жатқан жоқ па?

Бұл, сірә, Жақаштың әйелі Томашайдың даусы. Жаны ашып тұрғанын қарашы.

— Жо-о, майып болған адамға ұқсамайды. Қарашы пысылдап, рақаттанып ұйықтап жатқан жоқ па?!

— Әй, сонда да болса оятып, аяқ-қолын қозғап көрсендерші.

— Оған менің жалғыз өзімнің шамам келмейді. Тәшекенді шақырайық. Балдарға айтсайшы...

— Әй, Бұлытай, сен барып, Тәшкенбай көкенді шақырып кел.

Бала әй-шайға қарамай, жүгіре жөнелді. Топ-топ еткен аяқ дыбысы бірте-бірте ұзап барады. Осы сәтте Үсекең де өзінің тірі жан екенін сездіргісі келгендей бір ыңыранып қойды.

— Қарашы-ей, — деді Жақаш. — Галстук тағып алыпты!

Құлды бір, шақырту күтіп отырғандай-ақ, Тәшкенбай да әп-сәтте жетіп келді және жай келген жоқ, алыстан дауыстап: «Кәне, кәне?!» деп танауы делдиіп, екі көзі атыздай боп, қорқақтап жетті. Түндегі тойда болған қонақтардың біреуі ішкіліктің кесірінен бір пәлеге ұшырап қалды ма деп үрейі ұшқан-ау, сірә.

Тәшкенбайдың сонынан тағы да біраз адам ере келіпті.

— Ойбо-о-ой, мына шұңқырды қалай байқамаған, ей?!

— Қараңғыда түсіп кеткен ғой.

— Мас боп қалған да... дені сау адам бұл жермен жүре ме?!

— Әй, — деді осы кезде жүрегі аузына тығылып, еңгігіп тұрған Тәшкенбай олардың сөзін бөліп. — Анау-мынау әңгімені қойып, әуелі шұңқырдан шығарып алайық! Арыстандай азамат қой!

Осыдан соң екі жігіт дік-дік етіп шұңқырдың ішіне секіріп түсті де, екі бүктеліп жатқан Үсекеңнің қолтығынан демеп, тік тұрғызды. Ол ұялғанынан еш қарсылық білдірмей, ұйқысыраған болып әлгілердің дегеніне көне берді.

— Әй, мынаусын шешіп тастайық. Жоғарыға тартқан кезде қылқынып қалып жүрмесін, — деп жігіттердің біреуі оның мойнындағы галстугін ағытып, сыртқа қарай лақтырып жіберді.

«Қап, — деп өкінді Үсекең іштей. — Жап-жаксы дүние еді...» Әйтсе де галстук шешілген соң мойны босап, біртүрлі еркіндік алғандай көзін ашып, жан-жағына қарады.

— О-о, тірі екен! — деп қалды осы сәтте жас балалардың бірі қуанып.

Сол-ақ екен, Тәшкенбай жан-жағындағыларға қабағын шытып:

— Әй, немене, кино көргендей ентелеп тұрсындар?! Қане, тарандар! — деп жекірді.

Сүт пісірімдей уақыттан соң, Үсекең үсті-басының шаңын қағып, беті-қолын жуып, Тәшкенбайдың үйінің төрінде шай ішіп отырды. Алғашқыда оны шұңқырдан аман-есен шығарып алғандарына шүкіршілік етіп, іштей тынып отырған бес-алты кісі ептеп бас жазып, түнгі отырыстан қалған жақана еттен кертіп жеп, көңілдене бастаған кезде:

— Әй, Үсеке, сен де бір тартып жіберсеңші.

— Бәрекелде-е, баяғыдан келе жатқан ескі дос... бір-ақ күнде... оп-онай қойып кетем дейсің бе?!

— Кеше бір «стөпкі» тартып жібергенінде ғой, бүйтіп... шұңқырға құлап...

— Әй, әй, кей-кейде болады ондай! Ал, кәне, Үсеке, алып қой! — деп қолқалауға көшті.

Бағанадан бері шекесі тырысып, бойы құрысып отырған Үсен көкеміз осы сәтте алдындағы стаканға қарап, бір жұтынып қойды.

— Ә-әй, жәр-райт! — деді содан соң күйген дүние күйіп кетсін дегендей қолын бір сілтеп.

Біздің ауыл арғы бет, бергі бет болып екіге бөлініп отырады. Ортада бүтін ауылды қарбыздай қақ жарып, бір ұшы шығысқа, бір ұшы батысқа қарай созылып жатқан теміржол.

Арғы бетте сонау Николай патша заманында бой көтерген тас бекет бар. Ол жерде күндіз-түні ағылып жататын пойыздардың жүрісін бақылайтын кезекші мен үш-төрт жол жөндейтін жұмысшы отырады.

Таналагеуімде солардың бірі қолына фонаригі мен темір балғасын алып, шойын рельстердің түйіскен жерін тағы да бір рет тексеріп келуге шығады. Анда-санда тықтық еткен балғаның даусына бұл маңайдағы үйлердің құлағы үйреніп кеткен.

Кенет әлгі кісі қалт тоқтай қалды. Теміржолдың бір шетінде қарауытып, мал ма, адам ба, бірдене ұзынынан сұлап жатқан тәрізді. Ол енді, аяғын жылдамдата басып, тез-тез жақындап барды да, демін ішіне тартып, сілейіп қалды. Түндегі пойыздардың бірі адам қағып кеткен секілді. Бейшараның басы төмен салбырап, екі аяғы жоғары көтерілген күйі жан тапсырыпты...

Ол жалма-жан төс қалтасынан рациясын суырып алып:

— Кезекші, кезекші!.. Төтенше жағдай! — деп хабарлады даусы дірілдеп.

Ар жақтан:

— Не боп қалды? — деген кезекшінің даусы естілді.

— Түнгі пойыз адам қағып кетіпті!

— Не дейт?.. Тірі ме?

— Білмейім...

— Қара!.. Жөндеп қарасайшы!

Жол жөндеуші жігіттің аяқ-қолы дірілдеп, теміржолдың жиегіндегі қиыршық тастарды шықырлата басып келіп, қолындағы фонарь жарығын әлгі бейшараның бетіне түсірді. Таныс адам сияқты. Ол енді, сәл еңкейіп, анықтап қарады. «Ал-л-а-а... байғұс-ай... Мы... мы-нау Үсен ғой!» Жол жөндеуші жігіт оны таныған кезде бұрынғыдан бетер шошып, тұла бойы тоқ ұрғандай селкілдеп кетті. Осы сәтте рациядан:

— Әй, не болды? Тірі ме?! — деген кезекшінің даусы жаңғырып шықты.

— Жо-о-о!.. Де-де-мі үзіліпті, — деді жол жөндеуші қорыққанынан кекештеніп.

— Не-е?! — деп, оның сөзін жөнді ұқпай қалған кезекші мазасызданып қайта сұрады.

— Немене үзіліпті дейсің?!

— Бе-бер-гі беттегі Үсен... Ү-ү-се-ен!..

— Кі-ім-м?!
— Үсен өліп қапты!

Таңғы дауыс теміржол желісінің бойымен жаңғырып алысқа кетіп жатты. Оны жақын мандағылар түгел естіді. Кезекші шұғыл түрде дабыл қақты. Сүт пісірімдей уақыттан соң оқиға орнына қиулап жедел жәрдем машинасы және учаскелік полиция қызметкері келіп жетті.

— Қане, қай жерде? — деген полиция қызметкерінің сұрағына бір түйір валидолды тілінің астына салып, өні боп-боз боп тұрған кезекші:

— Анау жақта... — деп қалтырап әрең жауап қатты.

Жедел жәрдем машинасынан секіріп түсіп, асығып келе жатқан бөкене бойлы, ақ халатты дәрігер:

— Токтандар, — деді оларға. — Әуелі медициналық тексеру жүргізуіміз керек!

Сөйтті де, кезекші сілтеген жаққа қарай жорғалап жүгіре жөнелді. Теміржолдың бойында сұлап жатқан Үсекең тап осы сәтте: «Ы-ы-ы!..» деп бір тосын дыбыс шығарғандай болды. Манадан бері мәйіт күзеткендей состиып тұрған жол жөндеуші жігіт шошып, шегініп кетті.

— Әй, әй, тоқта! Свидетель! — деп айғайлады оған учаскелік полиция қызметкері. — Күәгер боласын!..

Ақ халатты дәрігер еңкейіп бет-жүзіне үңілген кезде, өліп қалды деген Үсекең көзін ашып, жымыып жатты.

— Е-ей, мынау тірі ғой! — деді дәрігер бес-алты қадамдай жерде состиып тұрған жол жөндеуші жігітке қарап.

Содан соң шөкелеп отыра қалып, ұзынынан созылып жатқан Үсекеңнің қол-аяғын сипап көрді. Сөйтті де:

— Сап-сау! — деді сенімді түрде қорытынды жасап.

Дәрігердің әрбір қимылынан көз жазбай бақылап тұрған учаскелік полиция қызметкері:

— Қайдағы сап-сау?! — деп басын шайқады.

— Удай мас қой!

— Ол енді, сіздің шаруаңыз! — деді дәрігер езу тартып.

Қызықтың көкесі сол күні түске таман басталды. Таңғы мезгілде теміржол бойының байланыс желісі арқылы тарап кеткен суық хабарды бірінен-бірі естіп, ауылдағылар шұбырып Үсеннің үйіне көңіл айтуға келе бастады.

Үй-іші сырттан «ой, бауырымдап» жылап-еңіреп кіріп жатқан жұртты қалай тоқтатарын білмей, аяқ астынан қатты састы. Жай сөзбен айтқанға сене алмай, еңкілдеп жоқтағандарын түпкі тамға кіргізіп, қорылдап ұйықтап жатқан Үсекеңнің өзін көрсетіп, әрең басты.

Сөйтті, жылап келген жұрттың алды қарқылдап күліп, аулаға енді аяқ баса бергендер аң-таң болып, сапырылысып жатты. Бергі беттегілердің беті қайтты-ау дегенде, теміржолдан аттап-бұттап өтіп, топ-топ боп ағылып келе жатқан арғы беттегілердің қарасы көрінді.

Үсекеңнің әзірге тірі екенін, кеше болып өткен Тәшкенбайдың тойынан бүгін түнде қайтып келе жатып, рельстен аттай бере құлап қалғанын айта-айта шаршаған үй иелері оны енді қолықтап сыртқа шығарып, ауланың қақ ортасына отырғызып қойды. Шарбақтан кіре бере отағасын таныған кісілер у-шу боп кері бұрылып, кейбіреулері тіпті жүрегін ұстап, талып қала жаздады. Ал әлгі топқа жай қосыла салған, Үсекеңді мүлде танымайтын бір-екеуі тіпті «марқұмның» өзін құшақтап, көңіл айтып үлгерді...

Е-ей, сөйтті, Үсен көкеміз бүкіл ауылды бір күнде у-шу қылып, әрі жылатты, әрі күлдірді. Ал ертеңіне ұйқысы қанып, бойының құрыс-тырысы жазылып, есін жиған шақта: «Әй, кеңкелес, сенен-ақ көрдік-ау көресіні!.. Бүйтіп тірі жүргенше, пойыз басып өле салғанын жақсы еді!» — деп күйінген Әтіркүл жеңемізге: «Е-ей, қатын, өз көзіңмен көрдің ғой, менің қандай қадірлі екенімді. Бұл жұртты өстіп анда-санда күлдіріп жүретін де біреу керек. Өмірдің қызығы сонда... Пойыз жолдан сәл-пәл асып құламағанымда бар ғой, сен қазір зар еңіреп жылап отыратын едің», — депті.

Осы оқиғадан соң Үсекеңді айналадағы ел-жұрт Клоун деп атап кетті.



**Бақтықожа
ІЗМҰХАМБЕТОВ**

КЕТЕДІ БӘРІ ІЛЕСІП...

Самайға түссе, ақ қырау,
Өмірдің күзі енді де.
Жиілер дейді, хал сұрау,
Сезгем жоқ оны мен мүлде.

Баспалдақ басар көп алда,
Аттасам деймін бәріне.
Тұрғандай мені әманда,
Межелер күтіп әлі де.

Арманнан мініп арғымақ,
Қиялдан қанат байладым.
Ойлардың жүгін артып ап,
Дүниеге түспіз бойладым.

Уақытпен келем жарысып,
Тоқтамай, зулап ағатын.
Өткізем кейде алысып,
Өмірдің кейбір сағатын.

Күтумен жүрем әр таңнан,
Жаңа бір жақсы кадамды,
Іздеймін әр кез ортаман,
Жаныма жақын адамды.

Тағдырдың берген жолымен,
Асыппын біраз белестен,
Өтпесем қиын, оны мен,
Өткен күн шықпас, бәрі естен.

Көргем жоқ қалып кідіріп,
Өзіме сендім әр заман.
Аралап елдер, бір кідік,
Әлемді біраз шарлағам.

Дос, жолдас тапқан байлығым,
Кашан да бірге жүреміз.
Бөлістік бірге барлығын,
Қуаныш, қайғы жүр егіз.

Жақсылық көрсем біреуден,
Ұмытпастай оны ұғынғам.
Қайтарсам деумен жүрем мен,
Кеткенше бойдан шығып жан.

Қызбалау мінез бойдағы,
Кетер деп кейін, ойлағам,
Ақыры, женбей қоймады,
Жолдас боп алды, ол маған.

Білсем де жаман екенін,
Көрінген менде кекшілдік,
Осылай енді кетемін,
Бұл да бір менде кемшілік.

Келемін ылғи асығып,
Көргем жоқ жаймен ырғалып,
Жарыстым, талай бәс тігіп,
Бәйгеден жүрмей құр қалып.

Айтайын десем, тоқтап қап,
Ішіме сөзді тұтпадым.
Сөйледім, жүрмей бұқпақтап,
Алдымен ойлап жұрт қамын.

Ұнатпай қалған жандардан,
Бойымды аулақ ұстадым.
Сақтықты жылдам аңғарғам,
Біреуден көрсем сұс барын.

Жалбақтап, шауып, жағам деп,
Бас иген жоқпын аптығып.
Жеткенше жүрдім шамам кеп,
Көрсетпейін деп жат қылық.

Байқамай жүріп басқаның,
Көңілін кейде қалдырсам,

Өмірде мынау қас-қағым,
Өкініп кейде алдым сан.

Іріктеп бәрін қараймыз,
Жақсы деп бірін жамандап,
Қалдырып артқа талай күз,
Кетеміз бір күн тамәмдап.

Әр адам қонақ тіріде,
Тұратын күтіп бір есік.
Жалғасып бірі-біріне,
Кетеді бәрі ілесіп.

ТАРИХ

«Қаза беру тарихты қылмай тыным,
Еш тәрбие бермейді мұндай ұғым»,
Деп жазыпты бір ағам ел білетін,
Сөз айтатын қашан да тыңдайтұғын.

Тарих шындық ұнасын, ұнамасын,
Сан ғасырдың қолданған жылнамасын.
Саясат, билік, кезең, тарихтың
Азайтып, асырмайды шын бағасын.

ЖАРЫСЫП ОЙЛАР БОЙДА ӨПКЕН ЖЕЛМЕН...

Білуге тиістіміз өткен кезді,
Айта алмай іштен тынып өкпемізді.
Көп жылдар заман кешкен тіл мен дінде,
Қосуға аз-ақ қалған көппен бізді.

Бір замандас ұнатпай бұл дегенді,
Ол кездей қазақ ғұмыр сүрмеген-ді.
Көп халықтың тілінде мақтау айтты,
Жақсылығын сол кездің біл деп енді.

Сынамаймыз тарихты, біз сыналдық,
Жоғалды ғой талай бір ізсіз халық.
Кінәласа тарих пен бізді, налып,
Отырамын шыдап мен, үнсіз қалып...

ЖОШЫ

Жоймақ боп деректерді ептеп терген,
Алтын Орда тарихын зерттетпеген.
Кез болды бізде, бірақ елдер де бар,
Жазғандарын болмыстың өзгертпеген.

Үлкен ұлы әйгілі Шыңғыс ханның,
Жошы құрған тарихта ұлыс барын.
Жазса да жүрміз білмей ең шындығы,
Қайсысы екендігін түп нұсқаның.

Тағдыры шым-шытырық Жошы ханның,
Іштар, қастық, сатқындық осылардың.
Бәрін бастан кешіріп, өлімнің де,
Бұйыртыпты қайғылы тосын жағын.

Осындай қайғылы бір аңыз қалған,
Шыққанда Жошы ұзап жалғыз алдан.
Тап болыпты айғыры құландардың,
Үйірін ит-құстарға алғызбаған.

Аңшылық қызықтырып хан Жошыны,
Бұл жолы түз далада аң шошыды.
Қуып, тістеп жаралы құлан айғыр,
Құлатып, талап ханды, қан жосылды.

Рашид ад-Дин қолданған «Құнды дәптер»,
Келтірген деп ойлаймыз шын деректер.
Карпини, Рубрук, Йаздылар да,
Қалдырған бұл тарихқа тым керектер.

Қыздары қазақ өскен топырақтың,
Анасы, әжесі де Қоңыраттың.
Болғаннан шығар сірә, Жошы бөлек,
Келеді бізге жақын молырақ тым.

Төрт ұлынан Бөрте мен Шыңғыс ханның,
Ала білген тегінің дұрыс қаның.
Біреу білсе, әлі де біреу білмес,
Жошының қазағыма туысқаның.

Бұл жолы тиіспедім Шыңғыс ханға,
Сұрақ көп тарихта бұл тұста да.

Темуджин бөріжігін-қияттарға,
Әлі жоқ мағыналық дұрыс баға.


СОЛАРҒА ІШІМ ЕШБІР ЖЫЛЫМАЙДЫ

Атылып Алаш құрған ардақтылар,
Аз жылда адам қалмай салмақ қылар.
Кенестіктер басқарды жайпап бізді,
Қырып-жойып, қалғанын алдап бұлар.

Жазықсыз қудалаумен талайларды,
Босатып көрші кейбір маңайларды.
Аштан қырып, бездіріп туған жерден,
Қазағым сол кез әбден азайған-ды.

Айтып жиі, сағынып, киналады,
Кейбіреулер сол кезді қимай әлі.
Тапшылыққа тап қылып басқаларды,
Аз болғандай соншама жиғандары.

Қазақтың бастан кешкен мұны жайлы,
Жеткізіп тарих талай сырын жайды.



Бақтықожа Ізмұхамбетовтің өлеңдері
ағылшын және француз тілдеріне
аударылып, кітап болып шықты.

Сол дәуірді әлі де аңсайтынға,
Жұмсартып айтсам ішім жылымайды.

ДЕП ОЙЛАЙМЫН...

Қандендей шәуілдейтін итпін ғой деп,
Басына шындығы жоқ кей тым ой кеп.
Жүргендер бар жамандап жазықсызды,
Артынан да ұялмай сөйттім ғой деп.

Шаршамай іздеуменен терістерін,
Тіміскілеп біреудің бір істерін.
Ақылы жетпесе де жүретұғын,
Өзін-өзі деп ойлап күрескермін.

Әркімнен теріп арттан жүрген ізді,
Көргенімде осындай жүгенсізді.
Әттен-ай, білсе-дағы деп ойлаймын,
«Құмырсқа жолынды біл» деген сөзді.

КИЕЛІ ӨЛКЕ

Бірінде қыркүйектің – сентябрьдің,
Қараша шаңырақта мен табылдым.

Аунап, табан басыппын Қошалақтың,
Жүмекен ағам жазған кең шағылын.

Талайлар туып-өскен екен одан,
Батыр, акын, күйшіге мекен болған.
Исатай, Махамбеттер сүріп өмір,
Нарын құмда белдерін бекем буған.

Жайылым, кең өрісті жоймау үшін,
Тигендей туған жерге қол қабысым.
Мақтанғам жоқ, білсін деп айттым мұны,
Екенін азаматқа бұл дағы сын.

Әрбірін азамат деп айтар едім,
Ойлаған қазағымның байтақ елін.
Кеп тұрады қолынан іс келгенге,
Жағдайын өскен жердің байқа дегім.

Аз емес екен өткен баспалдағым,
Бір тарих әрбір алға басқан адым.
Шүкірмін, межелерге жетемін деп,
Біреудің баққан емен қас-қабағым.

Өсіппін бала кезден, мұным шындық,
Қалыптасып бойымда тынымсыздық.
Білімпаз болдым жастай, ризамын,
Жаратпаған Аллаға ұғымсыз ғып.

Енбекқор, өлерменнің бірі болдым,
Шыққан биік болған жоқ кірі қолдың.
Төкпеппін терді босқа, түстім талай,
Сынайтын торабына ірі жолдың.

Кемшіліктер болатын менде де бар,
Кететін аңғарылмай кенде бұлар.
Тыпырлаған тынымсыз тіршілікте,
Кейбірін кештеу ғана пенде ұғар.

Жарысып ойлар бойда өпкен желмен,
Табысып жаз, күз, қыс пен көктемдермен.
Токтаймын мен де бір күн тынышталып,
Өтіп болып соқпақ пен өткелдерден.

ӘТТЕҢ-АЙ...ӘТТЕҢ

Әттең-ай, әттең ғұмырдың шіркін,
Көрермін соңғы тұғырын бір күн.
Қайтпайтын жақтың есігіндегі
Ұстармын жетіп, ұңғының кілтін.

Еске алар мені сыйласқандарым,
Көрсеткен кезек үй, дастарқандарым.
Той, думан, күлкі, қызықты пенде,
Кетеді екен қимастан бәрін.

Қалмайды арттан мұң, қайғы жылжып,
Бойынды түбі шырмайды бір жіп.
Кетерің тастап фәниді мәңгі,
Болса да ащы шынайы шындық.

Бір көретін күн бітіп бар қызықты,
Көңілім менің ынтызар жанға үздікті.
Ойлағанда, аһ ұрып, жүрек байғұс,
Кеудеде сезді сыймай, жалғыздықты.

Аңғармай қалмайықшы былайғы күн,
Жарты жаның екенін жұбайыңның.
Аяп, қорқып, қамқор боп әлсіз-әлі,
Жағдайыңды олардай сұрайды кім?

Жақын жоқ Құдай қосқан қосағыңнан,
Бар бақытты табасың ошағыңнан.
Әттен-ай сол ғұмырдың ақыры бар.
Айыратын екеуін құшағынан.

БІЗ – ҚАЗАҚПЫЗ

Біз – қазақпыз тегіміз көк түріктер,
Шашыраған бір кездер бөлтүріктер.
Қорғап жерін халқымның ұлан-байтақ,
Жүріппіз арпалысып, жөнкіліп ел.

Жерді жаулау болған-ды жат қиялы,
Талатын құс қанаты, ат тұяғы.
Жүріппіз жолда туып, қолда өсіп,
Жағалап, тар жол тайғақ, тап қияны.

Тарихымыз тым терең болса дағы,
Жеткен жоқ әлі бізге онша бәрі.
Деректердің көп жылдар бұрмаланған,
Біткен жоқ санамызды қоршағаны.

Біз – бүгін түркілердің кіндігіміз,
Ашылды жатқан жабық түндігіміз.
Алладан деп тілейік күткен ұзақ,
Мәңгілік болғай енді бірлігіміз!



Өсет АМАНЖОЛОВ

РУХТЫ АҢСАУ

(Сәкенге арнау)

Бүгін түсіме енді:
АҚБОЗ аттың кісінегені,
Шырқырап шыққан дауысы.
Түйсігімді тінтіп,
Жүрегімнің ішіне енді.

Арғымағым-ай,
Неліктен қарғыды бұлай?!
Кұйындай ұшып,
құйғытып шаппайды неге,
Асау ағынды тау бұлағындай.

Қарадым
әлсіреп секіргеніне.
Соңғы әлін сарқуға бекінгені ме.
Алысқа көзін тастайды қимылсыз қалып,
...асыл тұяғы асаудың кетілгені ме?!

Нұрсыз жанары...
Неліктен мұңды,
Сөгіліп еті көп іске көндіккен сынды.
Дауысын естіп тамырым шымшылайды кеп,
Жалынға төсеп шабытка еліткен жырды.

Айта алмас,
сауыры желге тілінбейді деп
Тарпаң мінезі асаудың көзге ілінбейді көп
Кұйрық-жал қылы сөгілмей, кірпігі семіп,
Дірілдейді кеп...

...шаршады ма екен
Ауасы тар заманда аңсары бөтен.
Әлде...
тау ішін тап-таза дауыспен елктен
ИЕСІН аңсады ма екен...

Қызыл сақа

Ауылымда – мендік рақат бейіште,
Ешкім білмес елден ерек еңісте.
Құлдыраңдап жүретінбіз бала боп,
Бала болып, сәби болып періште.

Сол ауылда кездерімнен ес білген,
Достарыммен асық ойнап өстім мен.
Он кенейге алған қызыл сақаммен,
Жеңілуді білмейтінмін ешкімнен.

Қына бояу қызыл сақам керемет,
Алшысынан тік түсудің шебері ет.
Шиырып кеп атқан кезде дәл тиіп,
Шаттыққа бөлеп жіберетін не керек!

Жеңілгендер келтірсе де сан күдік,
Бәрін ұтып қайтатынмын паң күліп.
Қызыл сақам қызықтырып қолымда
Жүретұғын естен бәрін тандырып.

Мақтанышым сонда менің сақа анық,
Ұтылғанға жүрем түрді қатал ғып.
Кердең бастым бала арманы асыққа
Ауылдағы ең бай бала атанып.

Балалық-ай!

Бала көңіл, балаң шақ,
Асық өмір асықтырды жан аңсап.
Ауылым да қалды қырдың астында,
Асық емес қазір қолда қаламсап.

Қазір ойын шын өмірге жалғасты,
Асық күндер ғашық түнмен алмасты.
Қызыл сақа түскен шақта қолымнан,
Қызылшақа өлең жаздым алғашқы.

Қызық күндер көз алдымда зырлапты,
Уақыттарым көп нәрсені ұрлапты.

Қиялымның сағымына айналған,
Ауылдағы сол бір күндер тым тәтті,

...Мына өмір – туындаған көп сұрақ,
Асықтардың ойынындай боп тұрат.
Бәрін бірдей ұтып алғым келеді,
Әттең, оған қызыл сақам жоқ бірақ...

Тылсымың тағы бар қандай?!
Хор қызы сенің қасында,
Көленкең болып қалғандай.

Аңсадым дейсін...
Суындай тұма тұнықтың,
Ардағым, аппақ қылықтым.

*Ерлерім аман болсыншы
ел бастар адал...*

Өмір

*Өмір деген – өлімнің баяулаған процесі
Автор*

Уақыт, уақыт...
өліп бара жатырмыз,
күнімізді түнімізбен жұбатып,
көміп қана жатырмыз.
Ажалына
асығады бәзбіреу...
кейде өмір азабына,
төзе алмайтын пақырмыз.
Сіз не дейсіз, Ақын қыз?

Зырылдамай,
тоқта уақыт!.. (тілдеймін)
Өлімдерін кімнің, қалай?
күтетінін білмеймін.
Күресемін
күнде өлмеу үшін мен
Жыр кешемін...
үмітімді өз әлімше үрлеймін.
Кешеуілдеп жүрмеймін.

Сабылыс...
Біріміздің артымызда біріміз.
Өлгенімде өлең мені жарып ұш,
жарамайды-ау басқа ертеңге түгіміз.
Алда мың ой,
Өлең мені жетелейді мәңгіге
(арманым ғой)
Бола жатар... жоғалмаса тіліміз,
белгісіздеу күніміз...

Жағалайды неге осы күзде Мұң?!
Сансыз ойлар мазалайды,
Қалса бо-о-олды іздерім.
Кел төрлегін,
Аласұрған шабытым.
Мен өлген күн,
Жарқырасын жырдан соққан күмбезім.
үмітімді үзбедім...

P.S.
Дүниеде қалу үшін дерегі,
Өлеңменен өмір сүріп жатырмыз.
Менің қатты-ы-ы өмір сүргім келеді...
Сіз не дейсіз, Ақын қыз?

Сүю

Сені сүю – бақыт дәмін сезіну,
Ерік беріп, ет-жүрегің езілу.
Бір түн үшін тозағында күл болып,
Күлкің үшін бейіштен де безіну.

Сені көру – қуанышы жанардың,
Құлын тәнге қарай-қарай талармын.
Сендік жүрек – тағдырымың сағаты.
Тағатымды тауысқанша санармын.

Сені өбу – тоқтап қалған бір мезет,
Токтай тұру жетіспейді бізге тек.
Сағынышты сезу үшін мендегі,
Сары мұңға батыратын күз керек.

Сені сүю – алқымыңда тұншығу,
Өмір деген ғаламатқа құлшыну.
Түні бойы дегбірінді қашырып,
Таң атқанда бір әдемі жыр шығу.

Тәтті у

Сағындым дейсін...
Жылауға сәл-сәл аз қалып,
Үніңнен іңкәр саз тамып.
Қамбар-жүректі жібіткен,
Назымнан бетер назданып.

Сүйемін дейсін...
Жанарың нұрдан жанғандай,



Ләйліні құшып жынданған,
Мәжнүннің жайын шын ұқтым.

Не дейсің жаным тағы да?
Сабыр бер аздап жанына.
САҒЫНЫП, СҮЙІП, АҢСАҒАН,
Аңсай да аңсай шаршаған,
Келіп тұр ЖҮРЕК алдына...

Шындық

«Шындық қайда?!» деп сұрайсың жас бала!
Жанды ауырттып жас көңілді ластама.
Әп-әдемі деп жүре бер әлемді,
Керегі не басты ауырттып басқаға.

Ізденгенің – жүрегіңнің талабы,
Жанарларың ұшқын атып жанады.
Өтінемін, іздемеші шындықты,
Керек кезде өзі-ақ іздеп табады.

Артық не бар таза, мөлдір арманнан,
Ләззат алып оянудан таңдардан.
Бар ғұмырың қаланғанмен шындықтан,
Іргетасы тұрады екен жалғаннан.

Шындық, шындық...
оны мен де іздегем,
Ол бар екен деп үмітімді үзбегем.
Бар болғаны...
ШЫНДЫҚ деген – ӨМІРДІҢ
Сұмдық ойын ойнауы екен бізбенен.

Ескі үй

Ескірген үй.
Ескі тактай, бөрене,
Ескі кірпіш, шатыр да жоқ төбеде.
Жылдан жылға еңкіш тартып, мүжілдің
Мойынсұнып уақыт деген төреге.

Қарлығаштың ұясындай бос қалған,
Жоғалдың-ау, өмір деген жоспардан.
Өткен күндер сенде қалды қамалып,
Бізді жана арман күтіп, тосты алдан.

Ордадан зор орны бөлек еңселім,
Мандайыма жазылған бақ, енші едің.
Қалай ғана өшіремін жадымнан,
Қасиетіңнен жаралдым ғой мен сенің.

Сенде алғаш жанарыма нұр сінді,
Сәби жүрек дүрсіл қағып құлшынды.
Есігіңнен тұңғыш аттап әлемге,
Қабылдадым тағдыр деген тылсымды.

Естелісің қалған бала кезімнен,
Есіме алсам бауыр етім езілген.
Сенен алғаш ұзап сыртқа шыққанда,
Сағыныштың не екенін сезінгем.

Бала елес әлі ойнап жүр сенде,
Тастап шығып тап болдым ғой мұң-шерге.
Сендегідей жылылықты сезем бе,
Хан сарайды салып алып кірсем де.

Ескі ошақ, ескірген үй – қимасым,
Бүкіл өмір мәні сенде, сыйласым.

Шөге, шөге жоғаларсың түбінде,
Жалған дүние-ай!
Жүрекке жүк, миға сын.

Салбурын

Мен жаралы қасқырмын,
Тағдырымды Тәңіріге тапсырдым.
Кез келгенге бұра бермес кеудемді,
Келмейді енді тексіздерге бастырғым.

Жан-жағымнан анталайды антұрған,
Не қылса да танбадым өз қалпымнан.
Даңқым қайда талай-талай белді асып,
Дакпыртымен дүниені таң қылған.

Даңқым қайда көрінгенде көлеңкем,
Дұшпан жылап, көздің жасын көл еткен.
Абыройым асқақ еді асқардай,
Тұрған жерін төр еткен.

Ол шақ менің заманым ед, заманым,
Бүгін, міне, құрып тұр ғой амалым.
Жұлынымды жұлмаласа өз еркі,
Жамандардың жаламасын табанын.

Мен осылай жаратылдым әу бастан,
Содан бері жағама жұрт жармасқан.
Келе жатыр мені ішке тықсырып,
Ниетсіздер жең ұшынан жалғасқан.

Біреулерге ұнамады түр-тұлғам,
Біреуге арым биік тұрған құлқыннан.
Тік келуге жетпеген соң шамасы,
Тор құрумен шектеледі сыртымнан.

Еркіндігім ерсі болды біреуге,
Ит тірлікке көнбедім деп мінеуде.
Бөрі текті болмысымнан айырылып,
Көше аламын қалай мысық тілеуге.

Қайтем енді каша алмастай қамалдым,
Шыныменен түскені ме бағамның.
Тобырлар-ай, айыра алмас арасын,
Жақсы менен жаманның.

Дәрменсіздік,
Ыза буды, санам – сыз,
Өз жарамды өзім қаптым амалсыз.
Ең жаманы осы екен ғой жалғанда,
Қасиетіңнің қалғандығы жарамсыз.

Не қылса да өте шығар өмірім,
Жан емеспін жатқа сыйлар өлімін.
Себебі мен көрінгенге бас имес,
Бөрімін!!!

Мәңгілік ел – мәңгілік мұрат
Түп тегім –Түркі,
тамырын Сақ, Ғұннан алған,
Болмысым –бөрі,
намысым қасқырдан қалған.
Кеудесін керген дұшпанның
талайын басып,
Тізесін бүгіп жұмарлап астыма салғам.

Сол болмыс бүгін әлемді қаратқан бері,
Батпандай бақты бұйыртып қазаққа берді.
Алмайтын шыңым қалмайды, әлі де алда
Жар болып өзі бастаса Жаратқан елді.

Ұнайды маған қарқынды тыныс бүгінгі,
Мәңгілік еткей береке ырыс күнімді.
Құдайдан тілер тілегім жалғыз-ақ қана,
Бұзбасын ешкім орнаған тыныштығымды.

Ақтандақ талай тарихта өткерген бастан,
Қадірім шексіз қазақтай текті елге асқан.
Сабыр бер елге,
өтпелі өліара шақта,
Сана бер ұлға
өскелең өкшемнен басқан.

Қазағым елім,
Ғажабым,
Данасың терең,
Бітімнің бөлек,
тұлға да,
дарасың ерен.
Ерлерім аман болсыншы ел бастар адал,
Қазағым деген жүрегі,
Алашым деген!

Не жетсін шіркін ешкімге бағынбағанға,
От болып көкте лапылдап жалындағанға.
Азаттығымның қастерлі бір күні үшін,
Мың күнім құнсыз,
бас құрбан,
жаным садаға!

Мен мемлекет және қоғам қайраткері, талантты публицист жазушы, академик Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедтің республикалық «Атамұра» баспасынан таяуда жарық көрген «Менің ағаларым» атты жаңа туындысын руханияттың бар байлығы деп айтар едім. «Елім деп еміреніп, жерім деп тебіренген» асыл ағаларымыздың бәрі осы кітапта екен! Халқымыздың қос батыры Рақымжан Қошқарбаев пен Қасым Қайсеновтер, Манаш Қозыбаев, Салық Зиманов, Рымғали Нұрғали, Төрегелді Шарманов, Камал Смайылов, Қалтай Мұхамеджанов, Өмірбек Жолдасбеков, Зейнолла Қабдолов, Шаһмардан Есенов, Шот-Аман Уәлихан, Темірбек Қожакеев, Абрар Құл-Мұхаммед, Мұрат Әуез сынды бекзаттардың өмірі ұлттық рухтың қайнар бұлағындай осы кітапта тұнып тұр!

Бұдан соң құнды кітаптың беттері «Ғылымдағы ғибрат», «Батыл ой, байсалды еңбек», «Тұңғыш доктор, алғашқы академик», «Бұхардағы казактар мен Хиуадағы хандар» және «Қонаевтың қызы немесе бұлғақ басы» атты бөлімдерге бөлінген.

«Бағалай білгенге бақ қонады. Қуана білмегенге құт қонбайды» дейді. Рас қой! Осы ретте Мұхтар Абрарұлы сүттің бетінде қалқыған қаймақтарымыз – қаһарман Қасым Қайсеновтей, Рейстахқа бірінші болып Ұлы Жеңістің жалауын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтай шын батыр-

буырқанған, аюдай арқыраған декан Қожакеев мындаған студенттің «жан сарайын, келешегін» бірден көрді білем, журфактың табалдырығын енді ғана аттаған I-курсның қыз-жігіттері арасынан 102-топтың старостысы етіп кеудесінде сәуле, көзінде от ұшқындаған Мұхтарды сайлайды. Сөйтіп, студент түгілі, ҚазМУ-дың оқытушылары көленкесінен қорқатын Қожакеев пен он сегіздегі Мұхтардың арасын рухтастық жалғайды. Академик, ректор Өмірбек Жолдасбеков басқарған Қазақ мемлекеттік университеті көктемдей құлпырып, беделі

ӘР КЕЙІПКЕР – ШЕЖІРЕ-ДАСТАН

Алты Алашқа аты мәшһүр Мұхтар Абрарұлының университетті бітірген соң еңбек жолы көп ұзамай, 1983 жылдың 14 қаңтарында Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясынан басталады. ҚазМУ-ды кеше ғана бітірген түлек азды-көпті мақалаларын Манаш Қозыбаевқа көрсетеді. Сол сәтте Мұхтар Абрарұлының болашағын алыстан болжаған қырағы академик дереу бірінші орынбасары, профессор Ахмет Оспанұлы Мусиновті шақырып алып, жетектетіп жібереді. Осылайша, «Тұлға Мұхтар» болып қалыптасуына ақ жол ашады. Сөйтіп, аты дардай, жұмысы қауырт Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясында Манаш Қозыбаевпен тіл табысып, аттай 10 жыл қызу еңбек майданында шыңдалған Мұхтар Құл-Мұхаммед осынау «Менің ағаларым» атты кітабының ең алғашқы бетін «Ғұлама» деген тақырыппен Манаш ұстазына арнапты. Мұхтар Абрарұлының осы тұста бір жақсы қасиетіне тәнті болдым. Ол – ұлағатты ұстазын ұлықтап, Қозыбай әулетінің шежіресін шебер зерттеп, тарихын тарқатып беруі!

Бұрын-соңды еш жерде айтылмаған, жазылмаған, айтуға да ешкімнің тісі батпаған, күрделі тақырыпты қозғаған Қозыбаев тар жол, тайғақ кешу заманын бастан өткізіп, өз қаламынан «Голощекин. Саяси портрет», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев

Кітаптағы әр кейіпкердің жарқылдаған жазы, күңіренген күзі, нұрын шашқан дария-ғұмыры, қилы тағдыры шежіре-дастан іспетті. Осынау шежіре-дастанның әр парағынан маржандай інжу ойды, игілік пен ырысты, жеңіс пен жемісті тауып, шаттана түсесің.

Бұған тағы бір дәлел – атақты академик Салық Зиманов жайлы жазушы-ғалым Мұхтар Абрарұлының «Ақсарағат» атты естелігінде 14-бетінен 86-бетке дейін ой толғауы. Ой болғанда да, сыпыра мақтау емес, соны бір ғылыми әлем!

«Салық Зимановтың балалық шағы ел дамуының ең қамырықты кезеңімен тұспа-тұс келді», – дейді автор әуел баста. Жалпы, асқар таудай азамат Салық ағаның өміріне үніліп қана қоймай, үрім-бұтағын тамыры терең жайылған бәйтеректей түбінен қопарады. Осы тұста бір ғана адамның шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, балалық шағын, ашаршылық жылдарда Зиман ата мен Болған әжейдің қыстауында үйдеп алты балапанның өсіп жатқанын, олардың тұла бойы тұңғышы Салық балақайдың «халқының қамы үшін жаралғанын» ширатып жазу да асқан ше-

ларымызды да ұмытпай, ұлықтапты. Тіл үшін күрескен Зейнолла Қабдолов сынды асылдың тұяғы жайлы да таудан сарқырап аққан бұлақтай сырлар ағылады.

«Бөлтірік бөрік астында» атты комедиясымен келіп, тырнақалды туындысының өзімен-ақ Мұхтар Әуезов бастаған ұлт әдебиеті ұлыларын «дән риза» еткен Қалтай Мұхамеджанов туралы баянды оның нағыз абыздарға тән бекзат болмысынан бастағанымыз жөн сияқты», – деп ағынан жарылады талантты қаламгер Мұхтар Құл-Мұхаммед тағы да. Қалтай деген қазақтың қабырғалы қаламгерін тағы бір шынға шығарған «Көктөбедегі кездесу» пьесасының тарихы да тым әсерлі. Шіркін-ай, осындай ұлылардың сенімінен шығып, пікірлес, әріптес бола білген Абрардың Мұхтарының не арманы бар деген ойға да тірелесін.

«Жақсымен өткен жарты сағат – жаманның өтіп кеткен өміріндей» демеуші ме еді. Жарқын жаз айында күтпеген тұстан Ыстықкөлдің жағасында академик Төрегелді Шармановпен кездескен Мұхтар Абрарұлы, аға мен ініге тән сыйластықтың қалай басталғанын шалқар шабытпен жазады. Екеуі де Алатаудың бөктерінен барып тұр. Екеуі де «Самалы жұпар жазғы бір кеште. Ойласам болды Ыстықкөл жақты» деп Ілияс Жақанов әндететін Ыстықкөлдің мөлдір ауасымен тыныстап, ақша бұлттарға аңсары ауып, жер жәннатына көздерін сығырайта қарап отыр. Бір-бірін аса білінкіремейтін қос азаматтың сол сәтте көкірегін сайратқан ортақ ой, мезгіл мәселесі, қоғам тынысы, ғылымның көкжиегі секілді. Осылайша, алматылық қос тұлғаның дос-жолдастығы жүйрік пойыздың теміржолындай ұзақ сапарға ұласады. Барша қазақ еліне салауатты өмір салтын үйретумен өткен абыз, әр сөзінен бойға нәр алып, ақыл-кенесінен денсаулыққа шипа іздейтін, құнарлы тағамның құнын білген атақты доктор Төрегелді Шармановтың отбасында болған ауыр қазаны да, тәңірдің сынағын да осы кітаптың «Азамат» атты бөлімінен оқып, жаным құлазыды.

Бабалардың сара жолын, дара жолын ғибрат тұтқан кітапта «Міртемір» атты Темірбек Қожакеев жайлы да тамаша естелік бар. Дәурені де, дәуірі де бір басына жетерлік, әр студенттің бақыттан басын айналдырған айбынды оқу орны – Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі ҚазҰУ) журналистика факультетінің деканы болған Темірбек Қожакеев пен Мұхтар студент 1977 жылы танысады. Жастықтың жалауы желбіреген жылдардың естелігін қоңыр домбырадан төгілген тәтті күйі секілді шерткен Мұхтар Абрарұлының осы әңгімесі де өте тез, бір демде оқылады. Айтпағым, мінезі бұрадай

аспандай береді. Темірбек Қожакеевтің сенімін ақтаған Мұхтар Абрарұлы тағдырлары тоғысқан әр сәттің бағысын кәдірлеп, қиналса қасынан табылып, ұстазының ұлағатына бөленіп, тіпті отбасымен мидай араласады. Таудан төмен құлап, құлазыған шақтарында «інісі-тынысы» бола біледі. Осы «Міртемірден» кісілік пен кішілікті, ұстазға деген шәкірттің ұлы сезімін аңғарасын.

Иә, кітаптағы әр кейіпкердің жарқылдаған жазы, күңіренген күзі, нұрын шашқан дария-ғұмыры, қилы тағдыры – шежіре-дастан іспетті. Осынау шежіре-дастанның әр парағынан маржандай інжу ойды, игілік пен ырысты, жеңіс пен жемісті тауып, шаттана түсесің. Дастан демекші, таяуда «Қазпоштаның» қызметкері «Менің ағаларымды» қолыма ұстатқанда, неге екенін, бірден мазмұнын ашып қарадым. Соңғы жағындағы «Асылзада» Әке Абрар Құл-Мұхаммед» деген 276-бетке көзімді қададым. Ескерткіштің әр тасына қашап жазғандай, Мұхтар ағамыз да асқар таудай әкесі Абрар Әкетайұлы Құл-Мұхаммедтің мыңжылдық мектепке татырлық тәрбиесін тебірене жазыпты. Жеті атасын тілі шыққаннан жаттатып, «Насабнама» деген бабалар шежіресімен таныстырып, араб тілін үйретіп, ұядай төрт бөлмелі қара шаңырақтың төріне Құран мен Мекке, Мединаның әдемі суреті салынған портретті ілгізіп, қатарына Құл-Мұхаммед атаның үкілі тақиясы мен шапанын әспеттеп қойғызып, тіпті іңгәлаған он сәбиді тербеткен тал бесікті шаң түсірмей сақтатып, салт-дәстүрдің сарқытын бойларына сіңіріп өсірген Абрар әке мен Гүлғасыл анандан өрбіген ұрпақтың жарқын өмірін бейжай оқи алмадым. Өте әсерлі баяндалған көркем әңгімеден арабша тіл сындырған, атбегі, құсбегі Абрар Әкетайұлының бойындағы тектілік пен көрегенділікке иландым. Көзі тірісінде ардақты әке мен мейірімді аналарын баптап, қазір түлеп ұшқан ұяларын ақ сарайдай мұражайға айналдырып, айналасына тағы да 100 шырша егіп, шаңырақтың отын өшірмей отырған Мұхтар және Рақымғали Абрарұлының, басқа да ағайындары мен немерелерінің кісілік қасиетін осы тұста айта кеткен ләзім.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе. Ел, тегі, алын қайдан кемеңгерді» деп жырлаған екен Ілияс Жансүгіров. Сол секілді талай жылдар тұғырлы тәуелсіздігімізге сүбелі үлес қосып, қазақ елінің баянды бақыты мен тыныш түндері үшін құс ұйқылы күресіп, елім дегенде құлындай шұрқырап, тұлпардай тулап, «Мәдени мұра» бағдарламасын ұлттық кодқа енгізіп, Сыр елінің әр төсіне маржандай ақ күршітін алуан түрін еккізіп, ұзақ жылдар бойындағы нәрін, асқан білімін, мәдениеті мен парасатын, күш-қайратын Алашына арнап, лашындай самғап, құстай сайрап, маңдайы жарқыраған Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедтің тап осы кітабы – қазақ руханиятына қосылған күрделі және құнды еңбек.

Мира ШҮЙІНШӘЛИЕВА,
жазушы,
Орал қаласы
(Толық нұсқасын сайттан оқи аласыздар)

Бабалардың сара жолын, дара жолын ғибрат тұтқан кітапта «Міртемір» атты Темірбек Қожакеев жайлы да тамаша естелік бар. Дәурені де, дәуірі де бір басына жетерлік, әр студенттің бақыттан басын айналдырған айбынды оқу орны – Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі ҚазҰУ) журналистика факультетінің деканы болған Темірбек Қожакеев пен Мұхтар студент 1977 жылы танысады.

және Қазақстан» деген мақалаларын «Қазақ әдебиетінің» Бас редакторы Шерхан Мұртазаға сыйлас інісі Мұхтар арқылы беріп жібереді. Жалпы, ұлттық мүддені Парламенттің жоғары мінберінен естіріп, саясаттың астарынан ақиқатты іздейді. Отыз сегіз жасында ғылым докторы, отыз тоғыз жасында профессор атанып, Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясымен тамыры бірге соққан қызметінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болып, сайып келгенде ең жоғары басшының ықпалымен «Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедиясын» жарыққа шығарып, дүниежүзінің 38 еліне таралуына ықпал еткен Манаш ата туралы тың ақпаратты халыққа жеткізе білген Мұхтар жазушы бұл кітабында ұрпақтар сабақтастығын, ұстаз бен шәкірт арасындағы жарасымды сыйластықты паш етіп, алдыңғы толқын ағалардың жүріп өткен жолына, қиып өткен өткеліне адами биіктіктен қарайды.

Біздің дарқан даламыз қандай кен болса, қазақ халқының арасынан шыққан ірі-ірі тұлғалар да сондай кен, мәрт қой, шіркін!

берлік. Ашаршылықпен өткен балалығы бір қиямет болса, жалындаған дәуренінде кеудесін отқа тосып, қанмайданның машақатын тағы да бастан кешкен Салық ағамыздың ерлігіне тамсанбасқа шараң жоқ. Осы ретте дәл осы Зимановтың бүкіл өмірін микроскоппен қарағандай зерттеу Мұхтар ағамыздың санасына ауыр салмақ салғандай. Автор соғыстан жауды тойтарып еліне аман оралған Зимановтың жоғары білімі болмағанын, сөйте тұра соғыс тактикаларын жіті меңгеріп, жауды жайпағанын қызықты оқиғалармен келтіріп, еліктіре түседі де, небәрі 25 жасында республикалық прокуратураның аса күрделі істер жөніндегі тергеушісі қызметіне қабылданғанын, одан Алматы деген алып шаһарға білім қуып келіп, мақсатына жеткенін, 1948 жылы Бүкілодақтық Заң институтының сырттай студенті болса да ғылымға бет бұрғанын ширата әңгімелейді. Өзімен білім-пайымы тең, 200-ден астам ғылыми еңбек жазған қазақтың сұлу аруы, отандық химия ғылымының академигі Шәрбан Батталқызымен болашаққа қол ұстасып аттанғанын, отбасындағы жылы махаббатын көпке тағылым етеді.

Серікқали МҰҚАШЕВ

Бұл өзі – сұсты сұрқына сырттай қарағанда, қабағынан қар жауған құқық қорғау қызметінің «күл-мехсанына» ұқсағанымен, көрген жанның көңілін көркейтп, күлкіге көміп тастайтын жайдарманның нағыз да нағыз өзі. Тек, камера көрсе болды, қаққан қазықтай қақиып қалатын қадеті бар, өкінішке қарай. «Смех – дело серьезное!» – деп қояды өзі Чехов ағасына ұқсап. Бұл жігіт – біздің үлкен досымыз. «Ұйғыр авазы» газетінің бас редакторы Ершат Асмаев.

88-дің жайнаған жазында КазГУ-дің журфагына бақ сынап барғанымызда ұйғыр, кәріс және неміс жастарынан құрылған арнайы бөлім ашылып жатты. Сол бөлімге оқуға түсіп, студент атанғандар ішінде Ершат Асмаев, Әлімжан Аблесенов, Бақытжан Разиев сынды ұйғыр жігіттері біздің қазақ бөліміне қосылды. Кейіннен әскерден керзі етіп келген Минәмжан Асимов пен Фархад Бакиев деген ұйғыр достар да қатарымызды толықтырды.

Абитуриент шақта ерекше әдеп сақтап тұратын олармен аса көп араластығымыз болмаса да, Қостанайдың картоп алқабындағы бірайлық «сельхозка» барлығымызды бір үйдің баласындай ұйыта біріктіріп жіберіп еді. Өте жақын танысып, араласып кеттік. Сол ұйғырлардың ішінде қазақы қалжың мен юморды қатыратын Ершат есімді мықтының орны бөлек-ті.

Өзі ашық мінезін ғана емес, аузын ашса жүрегі көрінетін ақ пейілін сол кезде-ақ анық танытып үлгерді. Ойнаса да ойлап айтатын осынау ақжарқын да ақкөңіл азамат курстағы қалжыңбас достардың ортасындағы өз орнына бірден-ақ барып қонжиды.

Ол – ол ма, бүгінде курсымыздың ғана емес-ау, күллі қазақтың бетке ұстар сатиригіне айналған Ермахан Шайхы екеуінің қалжыңдары ғана сол кездің өзінде бір кітапқа симастай болатын! Оның барлығын жіпке тізгендей жазып жатпасам да, Ермахан екеуі сақалын жіберіп қойып, бір-бірінің жақ жүндері үрпіскен түрлерін «горилла» және «шимпанзе» дейтін маймекендерге теңеп алып, «Гареке», «Шипеке», «Шипеке» десіп, сыйласа сөз қағыстырған қалжыңдарының өзі қандай керемет еді!

Кейде басымызға кептеп алған «таз кепешімізді» түріп жіберіп, күмпиген күпәйкіміздің кеудесін ашып жіберіп, картоптың сабағын «домбыра» қылып жіберіп, «қызу қайым айтыс» ұйымдастырып жіберетініміз де бар еді. Бір күні ұйғыр доспен осындай «айтыстын» қызуына күйіп кеткен курстас досымыз Мақсұт Дүйсеков мынадай қайырыманы «зын» еткізді:

– Қостанайдың картобы ұсақ екен!

Ұйғырымыз болса қайырмадан еш қайрылып қалмады:

– Қойларының тең жартысы тұсақ екен! – деп, табан астында «дын» еткізді.

Алқаптың шетінде біраз қой жайылып жүрген. Біз болсақ күлкіден қырылдық та қалдық. Өйткені ұйғыр достың аузынан «қоздамаған қой» мағынасын беретін қазақтың өзіне ғана тән төл сөзі шығады деп ешкім күткен жоқ болатын.

Қостанайдың қоңыр күзінің қара суығында осындай әзіл-қалжыңмен қыртылдасып жүріп, кешке шейін неше мәшиненің қузыбын картопка лық толтырып, аттандырғанымызды да аңғармай қалатынбыз.

«ЖАСТАР» ЖӘНЕ ЖАЙДАРЫ ЖҮЗ

Әдемі әзілі әрдайым әзір тұратын, қарып түсер қалжыңы қашанда қас-қабағында тұратын Ершат достың «бітімгершілік миссиясы» жайында білесіз бе?

Осы жерде оның сол бір әдемі әзілі арқылы дау-дамайсыз шешілген «дағдарысты жағдай» жайында «эбизэтна» баян етуім қажет.

КазГУ. Жаз айы. Журфак. 2-курс. Қазақ тілінен семинар.

Атшаптырым 212-аудиторияда белгілі филолог-ғалым, профессор Алма Қыраубаева

апайымыздың сабағы өте-мөте шиеленісті жағдайда өтіп жатты. Өйткені қас қылғандай, бәріміз бүгін дайындықсыз келіппіз.

Әшейінде «әзір-мәзір» жүретін «активтер» де, «атлишниктер» де аутқа кеткен. Аудиторияда – өлі тыныштық. Жағдай өте «тревожный». Бәріміз бас көтере алмай, бұғып-бұғып жатырмыз. Онсыз да қабағы салыңқы келген апай бізге қатты ашуланып отыр.

Ол кезде кондиционер деген дүние атымен жоқ, күн болса күйіп тұр. Әйнектердің барлығы аңқиып ашық тұрса да, ауа

келетін уақыт болды! Әй да, шық!» – деді.

Ершат табандай кешірім сұрап тұрып алды. Сонда Темкен: «Әй, ұйғыр, сен қандай адамсың өзін, «шық» деген соң шықпайсың ба! Сабақтан кетпесен де, бәрібір сені журналға «жок» деп белгілеймін», – деді.

Сонда ұйғырымыз: «Ағай, мәселе журналдағы «жолда» емес. Мені сабақта болмады деп есептей беріңіз. Өкініштісі сол, мен қазір кетіп қалсам, сіздің алтыннан да қымбат сөздеріңізден құр қаламын ғой», – деді. Мына сөзге тоқтап, ашуын ауыздықтай қойған Темкен күліп жіберіп: «Мәләдес, ұй-

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЙҒЫР ҰЛЫ



тымырсық.

Бір кезде тап терезенің түбінен қайдағы бір қаңғыбас иттер шуласа кетті де, артынша біреуі қаңқылдап-қынсылап, қаңқақсады да қалды. Қабағы қарс түйіле қалған апайымыз:

– Бұл несі тағы?! – деп, терезеге жаққа жалт қарады.

Осы сәтте бұғып жатқан бәріміздің ішімізден Құдай тілеуінді бергі Ершат қана басын әнтек көтере қалып:

– Жастар ғой, апай! – деп, саңк ете қалғаны.

Осы сәтте одан әрі жалғасқан өлі тыныштықты өзі бұзып:

– Ай, айтпайтындарың жоқ-ау осы, деп, еріксіз – күліп жіберген апайымыздың қабағы лезде жадырап сала берді. Жанымыз кіріп, жыбырласып қалған біз де хал-қадірімізше жырқылдасып-жымындасып жатырмыз.

Әрі қарай сабақ та, «жастар» да жайына қалып, Алма апаймен әдебиет, мәдениет, өнер туралы еркін тақырыптағы әңгімеміз жалғасты да кетті.

«ТЕМІР ДЕКАНМЕН» ТІРЕСКЕНДЕ

Үшінші курста Ершат әйелі босанып, қысқы демалыстан кейін екі аптаға кешігіп келді. «Журфактың темір деканы» болған Темірбек Қожакеев тап осы семестрден бастап біздің курсқа сабақ бере бастаған болатын. Тағы бір досымыз Ғани Заппаров «Таң» телеарнасынан іссапармен Қарабахқа барып қайтыпты. Және бір қызымыз Қарагөз Садықова жолды қар басып қалып, кешіккен. Ол кезде қалтафон деген түсіне кірмейтін заман, олар бұл өзгерістен «сәпсім» хабарсыз.

Ал Темкеннің қаһарына ұшырау – ит-жеккенге жалаңбұт айдалып кетуге пара-пар «кылмыс» болып табылатын. Сондықтан оның сабағына «ажалдың тырнағынан аман» кез келген бүкір-кәсәл, ауру-сырқауға шешінгі төрт көзіміз түгел келіп отыратынбыз.

Содан Темкен қатты кетті. Біріне «Екі аптада жаяу жүрсен де жетер едің!» – деп, екіншісіне «Таңныңның» шаңын шығарамын!» – дегенді айтып, аудиториядан айдап шықты. Кезек ұйғырға келгенде, «Әйелің тұрмақ, өзің босанып қалсаң да

ғыр. Орнына барып отыр», – деп еді сонда.

Бір қарағанда «сөз тапқанға қолқа жоқ» болып көрінуі мүмкін. Алайда осы бір көріністен Ершаттың өз тағдыры алдындағы ұтқыр ұйғарымына, қала берді, ата-анасы алдындағы борышына, енді ғана дүниеге келген ұрпағы алдындағы қамқорлығына, қоғам алдындағы жауапкершілігіне тәнті болғанбыз. Оның тап сол сәттегі ұтқыр ұйғарымын аңғарған жан оның адам ретіндегі адалдығын, азамат ретіндегі берік ұстанымын, маман ретіндегі кемелді келешегі мен зор әлеуетін аңғарар еді.

ҰЙҒАРЫМЫ МЫҚТЫ ҰЙҒЫР

Ұйғарымы мықты ұйғырымыздың алғырлығы да алғашқы курстан-ақ аңғарылды.

Ал, шыны керек, біз ешкімнен қалмай, ел қатарлы оқыдық десек те, ұйғыр тобындағы жігіттердің білімге деген құштарлығы күшті еді. Тіпті білім бұлағына бас қойған алғашқы кезден-ақ сабақты нағыз ашкөздікпен оқыды десем, артық айтқандығым емес. Олай болмай ше: орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тобындағы біздің өзіміз аударып, оқып үлгермей жатамыз. Ал бұлар болса ұйғырша ойлайды, оқулықтар орысша, сабақтан қазақша өтеді. Сондықтан бұлардың басына қонған бақтың «бағасы» батпандай болатын.

Олар күндіз-түні кітапханадан шықпай, көп дайындалатын, көп оқитын, көп білетін. Және сол білімдерімен біз сияқты далбаңбайлау достарымен шын ықыластарымен бөлісетін. Егер мәселенің ақиқатын айтар болсам, біз кезекті емтиханға дайындалған кезде, алдымен, Асмаев, Алжикеев, Аблесенов сынды «үш алыптың лекциясын» тындап алмасақ, аудиторияға аттап басуға жүрегіміз дауламайтын.

Бұл тұрғыдан алғанда, Моллахун әкейдің баласының сөзі – салмақты, мән-мағынасы – тереңде болатын. Ешқандай оқиғаға жеңіл-желпі қарамай, әр нәрсеге сыни көзбен шүкшіяды да отырады. Осылайша, өз пайымын байыптап отыратындығы да оны біз сияқты мектеп партасынан енді ғана шыққан сарыауыз курстастарынан айшықтап тұрды.

Осыншама жанды жейтін жүктемеден жығылып қалмай, жұмыстың жөнін таба жүріп, алғашқы курстардан-ақ республикалық қоғамдық-саяси «Ұйғыр авазы» газетіне қызметке тұрды.

Одан кейінгі жылдары біз қазақтар мен ұйғырлардың арасындағы алтын көпір бола білген Ершат досымыздың тек қана өсу, өрлеу жолдарын көрдік. Кәсіби ғана емес, қоғамдық өмірге үн қосатын тұлға ретінде өскенін көрдік. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан ұйғырлары республикалық этномәдени орталығы төрағасының орынбасары, Бас редакторлар клубының және ҚХА Журналистер клубының мүшесі...

Алған атақтары мен марапаттары бір басына жетіліп артылатын Ершат досымыз

биыл Мемлекет басшысының қолынан Құрмет орденін алды.

Қарапайым корректордан бастаған журналистік жолында курсымыздан шыққан оншақты бас редакторлардың бірі. Ұйғыр халқының өз ана тілінде шығатын өзіндік тарихы бар негізгі басылымы – «Ұйғыр авазы» газетінің бас редакторы. Өзі тікелей басшылық жасаған он жылдан астам уақыт ішінде мазмұн жағынан байи түскен басылымның оқырмандары күрт өсіп, таралым жағынан еліміздегі газеттер арасында алғашқы «бестікке» кірді. Ереккен басқарған жылдары басылым таралымы күрт өсті.

ШАБЫТ ОЯНҒАН ШАҚ

Кейіннен таныс-біліс болғанымыздай, осынау Ершат досымыз Алматы облысы Ұйғыр ауданындағы Кішідиқан ауылының тумасы екен. Сол ауылдың мектебін үздік бітіріпті. Сөйтіп, біздің бокмұрындау кезімізде «Атаманның ақыры» киносынан ғана көріп, көзіміз шығып жүрген Жаркент дейтін әйгілі қаладағы педучилищені тамамдап та қойған екен. Тіпті оқуының етегін екі жылға түре тұрып, Волгоградта әскерде болып, жып-жылтыр түйме де тағып қайтыпты.

Алғаш сауда саласында еңбек етіп, кейіннен ауыл мектебі мен интернатында шаруашылық жұмыстарын басқарған Моллахун ақсақал мен Гулинуранамыздың үш ұл, бір қыздан кейін көрген кенжесі көрінеді. Әкесі құсап сауда саласымен кете берсе, бүгінде бай бір бизнесмен болып отыратын еді ғой деймін да. Дегенмен балабақшада тәрбиеші қызметін атқарған анасының Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың үзбей оқып берген поэзиясы бұл баланың шығармашылық шабытын мықтап оятса керек.

Ал енді мұзбалақ ақын Мұқағалидың жақын досы болған туысы, ұйғырдың біртуар ақыны Илия Бахтияның әсері оның шығармашылық атты шаһардың ауылына біржолата бет бұрғызғаны анық. Әйтпесе алтыншы кластан өлен жазып, тіпті өзінше поэма-шіркінді де бұрқыратып жібере жаздағаны қай сасқаны? Ал тырнақалды тапқатарын жайлап аудандық, сосын, республикалық басылымдар жариялай бастаса – «ақындық дерт қысқан» бұл балада қандай ес қалсын?

Дегенмен шабыттың шалқарына құлаш ұрған бұл бала педучилищеде де тыныш жүрген жоқ. Кәсіби өнерпаз-педагог Хевизәм Хапизованың жетекшілігімен құрылған «Сәбдә» сынды ансамблде равап, дап атты аспаптарды даңғырлата сабаалап, жер-көкті шарлап шықты. Тіпті сол кездегі «Алатау» телеарнасынан жарқ етіп шыға келіп, Жаркентті қойып, күллі Қазақстанды мекендейтін ұйғыр қыздарды естен тандырды емес пе! Негізі, сол кезде болашақ жары – курстасы, ансамбль бишісі Зильфира Түрделіқызына көзі түскен ғой, шамасы.

Кейіндері КазГУ-градтағы Мәдениет орталығының «танцордиско» серісіне айналып, талай қызды ғашық қылған «қрасаушик» болғанын мен жазбасам да, жұрт жақсы біледі. Сөйтсем, қанша жерден «КазГУ-дің қрасаушигі» болып жүрсе де, бұл баланың жүрегін жаулаған біз біле бермейтін курстас қызы бар екен! Бар ғәп «ұйғырский» ыстық махаббаттың «индийский» биші махаббаты ұрып кеткендігінде болып тұр!

Сөйтіп, сонау Жаркентте тұтанған ыпыстық сезімдерін Алатаудың төсіне аялап әкелді. Осылайша, бірі – КазГУ-де журналистің жүйрік жолын, екіншісі – КазПИ-де ұстаздың ұлағатты жолын таңдайды. Содан соң сол сезім «индийский шай» құсап суып қалмай тұрғанда жас отауды құрып келіп жібереді.

Енді, міне, бүгін Амитабх Баччан мен Джая Бхадуриден аумайтын Ершат Асмаев пен Зильфира Авутова деген Зулияр атты ұлдарын ұяға, Зайтунадай аппақ қыздарын қияға қондырып, Құдай берген жеті немеренің қызығына бөленіп отырған ата мен әже олар. «Бұрын ол менің старостам болған еді, қазір мен оның старостасымын!» деп қояды Ерекен. Әй, қайдам-қайдам...

Бүгінде айшықты алпыстың асқарына абыроймен көтерілген Ершат Асмаев атты ұйғыр досым, міне, осындай! Қазақтың ұйғыр баласы! Төрт құбылан тең болып, өсіп-өркендей бер, бауырым!



Бекет ТҮРҒАРАЕВ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген
қайраткері, заңгері, заң
ғылымдарының докторы

Сот жүйесіне енгізілген бұл өзгеріс кассациялық шағымның түсуіне өзгеріс әкелмейді. Сот шешіміне қанағаттанбаған жақтар арыз жазуды жалғастыра береді. Кассациялық алқа шешімімен арыздың кассациялық түріне шешім шығарып, нүкте қойылады.

Кассациялық алқа сатысының «қыздай» ұзатылып облыстық сот деңгейінен Жоғарғы Сотқа барып, байыз таппай сыбайлас жемқорлық қылмыстың бел алуынан бірнеше рет қайтып, облсот деңгейіне қайтарылғанын, оны да заңмен бекіткенімізді, осыдан бұрын жазған макалаларымыз бен лауазымды тұлғаға арнап жіберген ұсыныстарымызда көрсетіп, кассациялық

алды жөн, арты соқпақ» болып жатса, жүйелі пікір айту қоғам мүшелерінің азаматтық парызы емес пе?

Республикалық баспасөз басылымдарда сот жүйесінің жетістігі мен кемшілігі жөнінде пікірлер айтып, көпшілік талқысына салсақ, оның несі айып, халық «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген емес пе?

Бүгінгі күнде бірінші сатыда іс қараған аудандық және оған теңестірілген соттардың шешіміне жазылған апелляциялық шағымдар облыстық және оған теңестірілген соттардың апелляциялық алқаларында қаралуда. Ал осы апелляциялық алқалардың қаулыларына жазылатын кассациялық шағымдарды



ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

25 қарашада «Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес, аудан мектептерінде оқушылардың ғылыми көзқарасын кеңейту, ғылымға қызығушылығын арттыру, отандық әдебиет пен руханиятқа құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында Қайнар ауылдық орта мектебінде белгілі ақын, шығыстанушы ғалым, аудармашы, Парасат орденінің, Халықаралық ақындар Пен клубы «Алтын қалам» сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Райымбек ауданының Құрметті азаматы Дүкен Мәсімханұлымен «Мен сізді үлгі тұтамын» атты тағылымды кездесу өтті.

Қайнар ауылдық орта мектебінде өткен тағылымды іс-шараға мектеп мұғалімдері, оқушылар мен ауыл тұрғындары қатысты. Хантәңірі өңірі – текті сөздің, терең ойдың, рухани биіктің бастауы. Осы аймақтың әдебиеті мен мәдени мұрасын зерттеп, оның асыл қазыналарын бүгінгі ұрпаққа жеткізу тұрғысында да профессор Дүкен Мәсімханұлының еңбегі зор.

Ғалымның зерттеу бағытының бір саласы осы өңірден шыққан батырлардың, ақын-жазушылардың, ойшылдар мен тарихи тұлғалардың мұрасын ғылыми тұрғыда зерделеуге, олардың ұлттық руханияттағы орнын айқындауға бағытталған.

Кездесу барысында Дүкен Мәсімханұлы оқушылармен еркін сұхбат құрып, олардың қойған сұрақтарына шынайы әрі жан-жақты жауап берді. Осы өңірдің әнші-жыршы, ақындарымен қоса, Алматыдан арнайы ат арытып келген белгілі ақын, ұстаз Биғайша Медеуова, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, география ғылымдарының кандидаты, ақын Қастер Сарқытханұлы, ақын, Чернобыль қаһарманы Ерлан Әбдіхалов, философия ғылымдарының докторы, белгілі шығыстанушы Айнұр Әбиденқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің докторанты, тарихшы-шығыстанушы Ертай Жомарт қатарлы қаламгерлер қатысып, профессордың өмір жолы мен ғылыми еңбектерін талдап, таразылады. Шара ұйымдастырушысы, Қайнар ауылдық орта мектебінің директоры Рая Жұмаділқызы кездесуді қорытындылай келе қаламгер еңбектерін: «Өткеннің аманатын бүгінге жеткізіп, бүгіннің үмітін ертеңге жалғайтын рухани көпір» – деп бағалады.

Бабұрбек БАЗАРБАЙҰЛЫ,
Р.Б.Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының
докторанты

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНА ҚАЙЫРЫМСЫЗ ҚАРАҒАН ЖОҒАРҒЫ СОТ

Халық мемлекетке жинап-тергенінен, айлық табысынан салық төлейді, мемлекет сондай табыстан азаматтарға айлық жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы, әлеуметтік қажеттіліктерді салық табысынан төлеп, халық қажетін өтейді.

Жоғарғы Сот реформа деп, өз құзырындағы үш алқаны қайталау арқылы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік алқаларды жеке дербес етіп шығарып, заң жүзінде кассациялық сот құруды дұрыс деп тапты.

Мұндай құрылым арыз-шағымның кассациялық алқаға аз түсіп қалуынан, оның орнына Парламент пен Президент Аппаратына түсетін болды деген уәжбен сот жүйесіне реформа жасау депутаттар ұсынысымен енгізілді деп түсіндірілді. Арыз-шағым сот шешімдеріне түседі. Негізінен, арыздың түсуі, жаппай кассациялық қараудың шектеліп, жеке судья ұсынысымен қаралу тәртібіне байланысты. Кассациялық сатыда қылмыстық, азаматтық істерді қарау тәртібінің әркелкі болып жүйелі болмауынан туындаған. Бұл қателікті түзету үшін процессуалдық заңға өзгеріс енгізілсе жетіп жатыр, яғни сот өндірісі заңымен реттелуге жатады. Оны түзету үшін сот құрылымы заңына өзгеріс енгізу қателікке тіреген.

Бастамашылық жасаған заң шығарушылар сот құрылымы заңы мен сот өндірісі заңының аражігін ажыратпай, соттың жаңа құрылымын жасаған, оған қолдау білдірген Жоғарғы Сот жүйесі судьялары мен қызметкерлерінің санын көбейтіп, бюджеттік қаражатты ысырапшылықпен жұмсаған. Халық қазынасын үнемдеп жұмсау жөнінде мемлекет басшысы сан рет ескертумен келеді.

Халықтың қазынасы айлық есебінде ысырапшылдық пен жұмсалыуына қоса, халық аттай шабылып, арызын арқалап Астанаға барады, жол шығынын айтпағанның өзінде, басқадай шығынға белшесінен батады: адвокат ақысы, қонақүй ақысы деген сияқты т.б. шығындар орынсыз орын алып, халықтың жүйкесін жұқартып, «соттан келемін...» деген ақын сөзін расқа шығарады.

сатыны «көкпар» етіп тартқыламай, «билікті орталықтандырмай, жергілікті жерде шешуді ұйымдастыру» керек екенін ескерткен мемлекет басшысының талабын орындауымыз қажет еді, бірақ бұл талап Парламент пен Жоғарғы Сот тарапынан ескерілмеді, аяқсыз қалды.

Жоғарғы Сот құрамында қалған үш сот алқасы — қылмыстық, азаматтық, әкімшілік алқалары дербес бөлінген кассациялық алқалардың қараған істерінің үстінен қарап шешім шығаруға құлықсыз. Ондай тәртіп заңда көрсетілмеген. Сонда олар нендей қызметпен айналысады? «Сот практикасымен шұғылданады» деген уәждің де нақтылай тұстары айқындалмаған. Біздің түсінігімізше Жоғарғы Сот — сот жүйесінің биік билік сатысы болғандықтан сот практикасын зерттеу-талдау орталығы болып, заң жүзінде қайта құрылып, әрбір категория істердің қаралуы практикасын зерттеп қортындылап, төменгі сатыдағы соттардың біркелкі іс қарау тәжірибесінің бағыт-бағдарын айқындап берумен айналысу керек. Сонымен қатар мемлекеттің қауіпсіздігіне ықпал ететін және экономикалық аса қауіпті қылмыстық істерді өз өндірісіне алып қарауды қамтамасыз етуі орынды болмақ. Заңда көрсетілгендей Жоғарғы Сот төрағасының ұсынысымен, бас прокурордың наразылығымен келіп түскен істер пленарлық мәжілісте қаралып шешім шығару құқығы сақталуы керек.

Сонымен қатар облыстық сот деңгейінде жаңадан құрылатын кассациялық алқалардың қаулыларына жазылатын шағымдарды да Жоғарғы Сот бақылау тәртібімен алқалы түрде өз өндірісінде қараса, «сот қателігі» деген ұғымның жойылуына ықпалын тигізген болар еді.

Жоғарғы Сот басшысы ауысқан сайын міндетті түрде жаңалық енгізуге ұмтылыс білдіріп, оны заң жүзінде бекітуге әрекеттенеді. Ізгілікті қоғамға пайдалы өзгеріс болса, оған қолдау білдіріп қуанады. Ал «реформа, тағы да реформа» деп рельстен шығып кетіп (жолдан шығып кетіп), «адасқанның



облыстық және оған теңестірілген соттарда құрылатын кассациялық алқада қарау жоғарыда көрсетілген шығындардан бас тартуға, азаматтардың талабын жергілікті жерде шешуге мүмкіндік берер еді.

Ол үшін конституциялық күші бар заңға өзгеріс енгізіп, Жоғарғы Соттың өз құзырынан бөліп шығарған үш кассациялық алқаны таратып, одан босаған судьяларды жергілікті жерде құрылатын қадағалау алқаларға жіберу арқылы іс қарау, ең алдымен, жергілікті халыққа тиімді болса, судьяларға төленетін еңбекақы мөлшері облыстық соттың судьяларының айлығына теңгерімді болып, бюджет қаражатын үнемдеуге жол ашылады.

Жергілікті облыстық деңгейде құрылған қадағалау алқа сатылары іс қарауды жалпы қадағалау тәртіппен қараса, азаматтардың арыз-шағымы да орынсыз жазылмауға жетелейді. Сот шешімдеріне жазылған арыз-шағымдар тек сотта қаралуы тиіс, басқа органдардың ондай арыздарды қарауға, бақылауға алуға заң жүзінде құқығы жоқ.

Биліктің биік тармақтары сот қызметіне араласуға, арыз-шағымды шешуге жол көрсетуге құқылы емес. Халық та заң талабын түсініп, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп арыз жазудан арылуы тиіс.

Сот жүйесінде процессуалдық тәртіппен шешілуі тиіс түйткілдер баршылық, оның бәрін халық пен мемлекет мүддесіне қайшы келмейтіндей етіп қарастыру, алдағы күндердің еншісінде. «Кенесіп пішкен тон келте болмайды» деген халық даналығы босқа айтылмаған.

Мырзан КЕНЖЕБАЙ

Әңгімені әп дегеннен «үрдіс» сөзімен бастау себебіміз, осы күні көптеген ақпаратшыларымыз (журналистеріміз) бұл сөздің қандай мағына беретінін білмей, оны латынның («процесс») сөзінің қотармасына қолданып жүр. Бұл да ұлтты туған тілінен адастырудың бір жолы десек те артық бола қоймас. Осының өзі-ақ бүгінгі қазақтың өз тілінен өте алыстап, алшақтап кеткенінің бірден-бір айғағы.

Ал үрдіс дегеніміз салт-дәстүр, ол дегеніңіз – мәдениеттің басты тірегінің бірі. Ұлтты ұлт қып ұйытып, оның өмірін сақтап отыратын да сол ұлттың үрдістері. Қарап отырсаңыз, азаттық алдық, еркін ел болдық деп жүріп қабылдаған Ата заңымыздың өзінде қазақ ұлтының, қазақ елінің ұлттық үрдістеріне қатысты ешнәрсе жоқ. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері, тарихшы, жазушы Қойшығара Салғараұлы дәстүрі бұзылмаған елдер «...біз құсап, Ата заңын өзге елдің Конституциясына негіздеп жазбайды. Заң баптарын өзінің ұлттық дәстүрлеріне негіздейді, соны басшылыққа алады», – деп өте дұрыс айтты. («Елдік негіздері». Астана, 2007, 38-бет)

Көріп отырсыз, үрдісі, яғни ұлттық мәдениеті бұзылмаған ел бөгде біреуге отар болмайды, тағдыр айдап отар болса, одан оңай құтылады екен. Ұлттық үрдіс-дәстүрдің бұзылуы, ең алдымен, отбасындағы әркімнің өз орнын білмеуінен басталады.

Ұлттың ұлт болып аман сақталуы әйел – әйелдің, ер – еркектің, ұл – ұлдың, қыз – қыздың әрбірі өз орнын білуінен басталады. Бұған дау айтушылар да көптеп табылары сөзсіз. Олар мұндайда қолындағы кемпір-шалды ішер ас, киер киімнен кенде қып отырмағанын сәдеттейді. Ал адам баласы үстіне жабу жауып, жылы қораға қамап, алдына шөп пен су қойғанына разы болып отыра беретін мал не өзге жануар емес. Керісінше қарт ата-анасына сол жағдайды жасап қойғанын сәдеттейтіндердің малғұннан айырмасы аз ғана. Шындығына келгенде қарт ата-ана отбасы, шаңырақ, үй-іші, өтен деп аталатын («жануя» дегенді көргенсіздер ғана айтады!) осы алақандай мемлекеттің патшасы мен патшайымы, ханы, ханшайымы. Ол екеуі – бала мен келіннің, олардан тараған немере, шөберелердің жердегі табынары. Отбасындағы бүкіл сыртқы-ішкі саясат сол екеуінің қатысуымен жүргізіліп, кез келген келісім де, шарт та сол екеуінің көзқарасы мен пікірі қатан ескеріліп жасалуы ләзім. Отбасының яғни шаңырақтың сыртқы-ішкі саясаты дегеніміз – үйдегілердің сырт көзбен, ағайын-тумамен, жегжат-жұрағатпен арақатынастарын реттеп отыру. Қазақ ағайын-тума деп аталас, рудас бірге туған қандастарды, ал жегжат деп құда-құдағиларды, құда бала, құдашаларды, олардың ағайын-туыстарын айтады. Міне, бұл қарым-қатынастардың бүкіл мән-мағынасын келін мен бала осы қос қариядан естіп, біліп, сабақ алулары керек.

Ал біздің осы күнгі қазақтың «өзі болған» ұл мен қызы, келіні мен баласы ше? Бүгінгі қазақтардың шаңырағы астындағы шаңшұң, дау-жанжалдың бәрі, тіпті үйлене сала айрылысып кету, не баланың, не келіннің ішкілікке салынып кетуі, ұрлық, басқа да қылмыс істеп абақтыға түсуі – бәрі де, ең алдымен, үлкенді сыйламаудан, үйдегі ата-ананы, яғни ұлттың осынау ең киелі үрдістерін сыйламаудан, не олардан қаймықпаудан болып жатады. Қазіргі қазақ жастарының бұлай бетімен кетуі ең әуелі кешегі кеңестік идеологияның кесірі десек, екіншіден қазақтардың кім көрінгеннің қансығына таңсық еліктегіштігі, әсіресе орыс көрсе пірғауын көргендей жалбақтап, білген орысшасын айтып, сонымен орысша сөйлескеніне мез болатын жағымпаздығы кінәлі дер едік.

Бұны айтып отырған себебіміз, бізге үлкенді сыйламау, ата-анаға қарсы шабу, ұлттық үрдіс-салттарымыздан безініп, басқаның күл-қокысын кастерлеу сияқты құлмиездік қылуаның бәрі әуелі патша, сосын кеңес заманында орысқа еліктеуден немесе орыстардың бізді соған күштеп үйретуінен басталды. Қашан да өзінің ұлттық үрдістерін, ұлттық тәрбиесін, қысқасы ұлттық бүкіл мәдениетін сақтап, ешқандай «ұлы халыққа, еліктемеген ұлттар қарулы қанды соғыста да жеңілмей,

ҮРДІСІНЕН АЙЫРЫЛҒАН ҰЛТ ҚҰРИДЫ



алуан түрлі айлакерлік идеологияларға берілмей тұтастық қалпын сақтап қалатынын тарих ғасырлар бойы көрсетіп-ақ келеді. Бірақ тарих шалдың сол сабағы жай кезекменін де, оның кешелі-бүгінгі кейбір басшыларының да миына сіңбей келеді. Кешегі кеңес заманында өзбек, әзербайжан, түркімен, тәжік, сияқты мұсылман жұрты да, христиан грузин, армяндар да дәл қазаққа ұқсап орыстанып, дәл қазаққа ұқсап дінін, тілін, үрдістерін сатқан жоқ. Ал бізде ұлдың әке, қыздың ана сыйламауы, әйелдің ерін сыйламауы күні кешегі кеңестік «социалистік реализм» әдебиетінен басталды. Ол өз алдына бөлек тақырып.

Жазушы Д.Исабековтің бір шығармасында Мыстан кемпір адамдарға «Мыстандық өздеріне керек болғасын үйретесіңдер» деп бажылдайды. Сол айтқандай бүгінгі жас ұрпақтың үлкенді, әйелдің ерін сыйламауы кешегі бір жылдары кеңестік-мәлкіттік (империялық) үгіт-насихаттың күштілігінен болса, бүгінгі Қазақстанда осы малғұндық тіршілік күндіз-түні толып жатқан орыстілді телеарналар мен әйелдерге арналған түрлі-түсті журналдар, кітапшалар арқылы бұрынғыдан да пәрмендірек насихатталуда. Бұл сұрқия саясатты кімдер, қайдан келгендер жүргізіп, оларға неге тоқтау салынбай отырғанын көзі ашық екінің бірі біледі. Өткен, біле тұра тілін тастап отыра береді. Сол сұрқия саясат санасына сіңіп қалған, жас кезіндегі қылтың-сылтыңқұмар желікпелігі, орысшыл, батысшылдығы басыла қоймаған, әлі күнге шашын қызылмен, көкпен бояп, бөксесін күлгитып тұратын шалбар, басына беретка білген кемпірлер, «папам обкомда, райкомда істеп жүргенде» деп сөйлейтін кейбір ақсақалдардың ішінде әлі де балаларына ұлттық тәрбие беріп, кітап оқы деп үйретудің орнына «немерелерім үш тіл үйреніп жатыр» деп мақтанады. Тағы да айтайық, мұндай топастық пен надандық бізден басқа түркітекті ешбір ұлттың ақсақалында жоқ! Қазір жасы сексенге таяп қалған кемпірлер немерелерін «Асея, Айнура, Айжана, Баяна, Қымбата, Раушана, Райхана, Гульшата» деп шақырады. Ақыматтық деген кеселдің шет-шегі болмайтынын сол қазақтардан-ақ көруге болады! Олар солай дегенде олардың балалары «Батя», «Пахан» «Махан» деп, біріне-бірі «братан», «сестренкам», «племяннигім» демей қайтсын!?

Егер біз бүгінгі тәуелсіз елімізді алдағы уақытта шынайы ұлттық мемлекет етіп жаңғыртамыз десек немесе әнебір «қазақстандық ұлт» деген көрлөт ұлтқа айналып кетпеуін ойласақ, ұлттық ар-намыстан, ұлттық тәрбиеден өлден мақұрым болған қыз-келіншектерімізді тәртіпке салуды қатаң қолға алуымыз керек. Оның ешқандай айыбы жоқ. Бұл – мемлекеттік деңгейде, заң қабылдау арқылы қолға алынатын шаруа. Қазір қазақ әйелдері арақ-шарап ішу, маскүнем-

дікке, жезөкшелікке, зинакорлыққа салыну, еркегін, ата-анасын сыйламау, отбасына ойран салу, неке бұзу, ажырасу, көлденең көк аттыға, яғни ойдан-қырдан Қазақстанға ағылып келіп жатқан келімсектермен төсекте болып, жыныстық ауруларды өздеріне, өзгеге жұқтыру, сәбиін коқыс жәшігіне тастай салу, кісі өлтіру, ұрлық істеу және басқа да толып жатқан азғындық қылулар жөнінен дүниежүзінде «алдыңғы қатарларға» іліккені айтылып та жүр. Қазір мектеп жасындағы үлбіреген қыздарымыздың да көшеде жүріп келе жатып темекісін бұрқыратып бара жатқанына, тіпті ішіп алып аузына келгенін оттап тұрғанына етіміз өліп, көзіміз үйреніп кетті. Әділін айту керек, әсіресе орыс мектептерінде оқитын қыз балаларымызда ішімдікке, темекіге әуестік, бұзақылық анық байқалады. Олардың мектеп ауласында бірін-бірі лас сөзбен сыбап тұрғанын көріп те жүрміз. Қалай дегенде де қазақы мектептердегі ұл-қыздарымыз орыс мектебіндегі мақұрымдарға қарағанда ұлттық тәрбиеден ұлттық санадан құралақан емес. Соны біле тұра, балаларын, әсіресе қыздарын орыс мектебіне беруге құштар ата-аналар не ойлайды екен дейсің кейде. Бұған кейбіреулер әдейі тарататын «қазақ мектептері білімді нашар береді» деген өтірік сөз де себеп болуда. Біз кешегі кеңес заманында-ақ академик, ғылым докторы, ғылым кандидаты атаулының түгелге жуық ауылдағы, аудандағы қазақ мектептерінің түлектері екенін ұмытпауымыз керек еді. Ал қай мектептің шәкірттерінде әлгіндей бұзақылық, тәртіпсіздік аз болса, сол мектеп түлектерінде білім, ұлтжандылық, отансүйгіштік көбірек болатыны өмір заңы. Басқа діннің адамдары, орыс мектебіндегі мұғалімдер осыны жақсы біледі. Біле тұра, сенің қызына «мұсылман әйелдері инабатты, ибалы, шаңырақтың ұйытқысы солардан үйреніңдер» дегенді орына керісінше өңгімесін «вот, в цивилизованных странах равноправие женщин достигло такой вершины...» деп бастап, арамза ниетін мектепте жүріп-ақ жүзеге асырып жүр. Орыс мектебін айтамыз-ау, осыдан бірер жыл бұрын бір шонжар теледидардан қазір қазақ қыздары басына орамал тартып («байлап» емес) жүргенін ерсі көріп: «Немене, бәрің бірдей молда болып кетіңдер ме?» – деп дікілдеді. Егер ол ата-бабасының, ұлтының үрдіс-салтын құрметтейтін, дегдарлы тұқымнан шыққан адам болса: «міне, ұлттық санамыз осылай оянып келеді, шашын сыпыртып тастап тоқал ешкіден аумап қалған, ашық-шашық, бөксесіне сурет салып кіндік пен үлпершектің ортасына сырға тағып жүретін сұмрайлар осы қыздардан үлгі алыс» дер еді-а-а-ау... Оның орнына біздің кейбір зиялылар парламентте, үкіметте қанша қатын-қалаш бар екенін айтып, олардың санын әлі де көбейтеміз деп батыстағылар мен олардың Қазақстандағы қарауылдарына есеп

беріп, ақталып отырады.

Ислам діні, қазақ халқы ешуақытта қыз баланы, әйелді қорлықта ұстамаған, керісінше ең қадірлі, құрметті жанға балаған. Дүниежүзіндегі ешбір дінде әйелге ислам дініндегідей құрмет білдірілген емес. Атын айтпай-ақ қоялық, осы күні Қазақстан саясатына едәуір ықпалы бар бір ұлттың еркектерінің ішінде әйел болып жаратылмағаны үшін өзінің Құдайына күнге үш мәрте рақмет айтып, құлшылық ететіндер де бар екен. Ислам дінінде қарсы кейбіреулер әдейі таратып жүргендей әйелді кемсіту деген атымен жоқ. Керісінше, исламда балаға «егер өкең мен анаң бір мезетте, бір жерде тұрып сені шақырса, әуелі анаға жүгіріп бар» дейді.

Ал бұрын «ең момын деген қазақтың өзі жерін, әйелін немесе қыз баласын әркімнің талауына түсіріп қоймайды, сол екеуінің жолында өлетін еді» дейді ақсақалдар. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» әйел құқықтары ислам шариғаттарына сәйкес белгіленген. Қазаққа әйелді қорлау, біреудің әйелін, айттырып қойған қалыңдығын алып қашу төмам руды аяққа басу деп есептелген. Ондай қылмыс жасағандар өлім жазасына кесілген. Құлағына салақтатып сым іліп бітеп алған, екі көзі қолындағы «сотовыйдан» босамайтын, бір-бірін «братан» деп шақырып, «қалай, нәрмалы ма?» деп амандасатын қазіргі қазақ жігіттерінің ішінде ұлттық намыс дегеннің не екенінен мақұрымдар да аз емес. Ал әнебір жылдары Парламенттегі «ханымдар» мен «ханшайымдар» қыздарымызға он еркекке де шыдауға болатынын айтқанын естіп, төбе шашымыз тік тұрды. Иә, біз ұлт болып аман қалғымыз келсе, әуелі әйелдерімізді тәртіпке шақыратын заңдар қабылдауымыз керек. Ал парламентке депутат болғысы келген әйел тұрмыс құрған ба, моральдық, адамгершілік, әйелдік сипаты қандай екені қатаң тексерілуі керек. Егер ол еріннен ажырасқан, ері бола тұра бала тумаған, туудан бас тартып жүрген әйел болса, ол он жерден белсенді, он жерден сауатты және табыскер, кәсіпкер болса да оны мәжіліске де, үкіметке де жолатудың да жөні жоқ. Өйткені депутат немесе үкіметтегі әйел өзінен кейінгі қазақ қыздарына, ең алдымен, ана болу, әйел бола білу жөнінен үлгі болуы керек. Ал бізде керісінше...

Иә, керісінше, біздің әйелдерімізді, қыз балаларымызды ұлттық санадан, ұлттық тәрбиеден аулақтатып үгіт-насихаттар аз емес. Әсіресе әртүрлі телеарналар мен видеолардың бұл әрекеттері қазақ ұлтына қарсы жасап отырған қылмысы деп жариялайтын уақыт әлдеқашан жетті. Ал қазақтың әйел жыныстысын азғындық жолға бастайтын қаншама кірме діни секталар, өтірік-расы белгісіз халықаралық ұйым деп аталатындар қаншама! Олар қазір сотталған, бас бостандығынан айрылған әйелдер мен балалардың құқын қорғау туралы түрлі кітапшалар шығарып таратуда. Қазір Қазақстанда өзінің некелі жары қаламаса, оны күштеп жыныстық қатынас жасаған күйеуін қылмыстық жауапқа тартатын заң бабы бар. Бұл да еуропалық мемлекеттерден, Ресейден көшіріп алынған. Бүйте берсе, қазақтар көп ұзамай әйелімен жыныстық қатынасты қалай, қай күндері жасау керегін де батыс еуропалықтар мен орыстардан сұрап алатын шығар. Бір қызығы сіз әйеліңіздің басқа біреумен жыныстық қатынас жасағанын көріп, оны қатты сабап тастасаныз да жауап бергізетін заң бар. Ал әйеліңіз сіздің көзіңізге шөп салғаны үшін жауапқа тартылмайды. Ол оның жеке азаматтық құқы көрінеді.

Қорыта келгенде, біз қанша жерден ғылым-білімі жетілген, әлемдік мәдениет пен өркениет көшінін ел қатарлы сапында келе жатсақ та іргесі бәле-жаладан ада әлеуетті қазақ елі болып дами беруді ойласақ, оның бірден бір басты талабы, ең әуелі, туған ұлтын – миллетін, сол ұлтының ұлттық қасиетін, тәрбиесін, ұлттық салт-санасын сақтайтын ұл мен қыз өсіру керек екенін қарабайыр қитабан қазақтан бастап, зиялы қауым хәм билік басындағылар болып бір сәт те естен шығармауымыз әрі міндет, әрі парыз деп білуіміз ләзім. Тілін, дінін, ділін, дәстүрін сақтаған ұлтты ешбір дұшпан ала алмайды.

«АСТАНА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА»



Есіл университетінде жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықтың алдын алуға арналған іс-шара өтті.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Ұлттық құрылтайда: «Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жана сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен кашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жаһандану үрдісіне, жана технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жана кеселдер пайда болды. Әсіресе біз

мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды.

Нашақорлық, әсіресе балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын.

Мен былтырғы Құрылтайда балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейптердің» таралуына тосқауыл қою үшін нақты ша-

ралар қабылдау қажеттігін айттым. Қазір Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Бұл қадам бүгінде сәнге айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін», – деп қоғамды жат әдеттерден, нашақорлықтан арылтуға баса мән берді.

Жалпықалалық «Астана – салауатты өмір» бағдарламасының бір бөлігі саналатын бастама барысында Гиннес рекордтар кітабының жеті дүркін иегері Сергей Цирульников, белгілі блогер және қоғам қайраткері Нұргелді Кердеш, бокстан әлем чемпионы Мерей Ақшалов, театр және кино актері Әділ Ахметов ашық пікірталас пен мотивациялық баяндамалар жасады. Қонақтар өздерінің түрлі саяхаттары жайлы айтып, студенттердің сұрақтарына жауап берді және саналы таңдау мен өмірге белсенді көзқарастың маңызды екенін ұғындырды. Сонымен қатар Сергей Цирульников қысқаша шеберлік сыныбын жүргізіп, оқушылармен

бірге ат тақасын иіп, күш жаттығуларын көрсетіп, таңғалдырды.

Есірткімен күрес мамандары Назым Омарова мен Русалина Молдахметова нашақорлармен жұмыс және психоактивті заттарды қолданудың салдары туралы ақпараттық презентация жасады.

Астана қаласы Құқық бұзушылықтың алдын алу департаментінің қызметкері полиция подполковнигі Дамир Байбарзов департаменттің іс-шараларымен таныстырып, одан кейін студенттермен құқық бұзушылықтың алдын алу туралы ақпараттандыруды арттыруға бағытталған интерактивті сессия өткізді.

Тыңдаушылардың қамауға алу әдістерін, тактикалық маневрлерін және қиын жағдайларда қалай әрекет ететінін көрсеткен Полиция департаменті кинологиялық қызмет орталығының қызметкерлерінің демонстрациясы көрермендерді ерекше қызықтырды. Сондай-ақ шара өтетін жерде кинологтар мен қызметтік иттер де өз өнерлерін көрсетіп, тыйым салынған заттарды анықтаудағы шеберліктерін көрсетті.

Жиын соңында студенттер деканы Шынар Күнгелдіқызы шақырылған баяндамашыларға алғысын білдіріп, шараға қатысушыларға естелік алғыс хаттар табыс етті.



«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

ҚАҒИДАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

«Заң және тәртіп» идеологиясын іске асыру шеңберінде қала прокуратурасы елорданың білім беру ұйымдарымен бірлесе кәмелетке толмағандар арасында профилактикалық жұмысты жалғастыруда.

Балалардың құқықтық мәдениетін, жауапкершілігін және заңға деген құрметін қалыптастыруға бағытталған жобалар кеңінен жүзеге асырылып жүр. Осыған орай түрлі әлеуметтік бейнероликтер түсіріліп, сурет байқаулары мен интерактивті іс-шаралар өткізілуде.

Осындай жұмыстың бірі бүгін №97 мектеп-гимназиясында «Әділет алаңы» құқықтық кабинеті ашылды. Нұра ауданының прокуратурасы буллинг тақырыбында оқу-сот процесін ұйымдастырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Келесі құндылық – әділдік және жауапкершілік. Шын мәнінде, бұл мемлекеттің де, қоғамның да айнымас темірқазығы болуға тиіс. Барлық салада әділдік болса, әлеуметтік теңдік орнайды, татулық пен келісім нығая түседі. Мен мемлекет басшысы ретінде Әділетті Қазақстанды құруды өзімнің басты міндетім деп санаймын. Президент болып сайланған алғашқы күндерден бастап әділдік қағидасын қатаң ұстанып



келемін. Бұл идея 2022 жылы қыркүйекте жарияланған Жолдауымда толыққанды тұжырымдама ретінде көрініс тапты. Осы орайда «әділдік» ұғымының саяси риторикада және тәжірибеде қолданылуы белгілі бір сын-қатерлер туындатып, азаматтарды шамадан тыс үміттендіріп, олардың билікке талабын күшейте түсуі мүмкін деген пікір бар. Меніңше, бұл әділдік ұғымының аясын тарылтады, жұрт оны игіліктер мен ресурстарды тең бөлу деп қана қабылдайды. Шын мәнінде, әділдік – ең алдымен, жұрттың бәріне бірдей құқық беру және жауапкершілікті баршаға тең жүктеу деген сөз. Әділдік

пен жауапкершілік – тығыз байланысты ұғымдар. Басқаша айтсақ, жауапкершілік болмаса, әділдік те болмайды. Әркім өз ісіне, міндетіне жауапкершілікпен қараса, жеке азамат та, бүкіл ел де табысқа жетеді. Әділдіктің қуаты осында», – деп айтқаны да қоғам болып адалдық пен әділдіктің туын биік ұстауға үндейді.

Симуляциялық сот арқылы оқушылар құқыққа қайшы әрекеттердің нақты құқықтық салдарын және заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын көріп, өз жұмыстарын «Мен және терезеден тысқары әлем» атты кітап түрінде таныстырды.

Іс-шараға прокуратура мен полиция қызметкерлері, Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі А.Т.Бимендина мен депутаттар, білім басқармасының өкілдері, ата-аналар және оқушылар қатысты.

Мұндай бастамалар жасөспірімдер арасында заңға мойынсұну мінез-құлқын нығайтуға және дұрыс өмірлік бағдар қалыптастыруға ықпал етеді. Прокуратура әрбір баланың қауіпсіздігі, дамуы және құқықтық тәрбиесі үшін білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды одан әрі күшейтетін болады. Ел Президентінің: «Тағы бір маңызды құндылық бұл – заң және тәртіп. Заң алдында бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуге тиіс. Барша азамат, барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға ірікті салатын және арандатушылық пиғылдағы кез келген әрекетке қатаң тыйым салынады. Біз «жасампаз плюрализмді толық қолдаймыз, елге ірікті салатын радикализмге түбегейлі қарсымыз» деген қағидатты берік ұстанамыз. Ел ішіндегі тәртіпке әрқайсымыз жауаптымыз.

Әлемді шынымен өзгерткің келсе, өзгерісті қарапайым нәрседен баста деп бекер айтылмаған, яғни отбасында береке болуын ойла, жұмыс орныңды, үй-жайыңды, ауланды ретке келтір, қоғамдық орында әдеп сақта», – деуі де заң мен тәртіп бәріне ортақ екенін айғақтайды.

М.РАЙЫМБЕКОВА



Жабайхан ӘБДІЛДИН

Ұлттық ғылым академиясының академигі және вице-президенті, Қазақстандағы диалектикалық логика мектебінің негізін қалаған, ғалым Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин 92 жасында дүниеден өтті.

Ол 1933 жылы ақпанның он алтысында Павлодар облысы Май ауданы Майтүбек ауылында өмірге келген. 1954 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) философия-экономика факультетін бітірген.

1955 жылдары Қазақ педагогикалық институтының аспирантурасын, 1958 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың философия факультетінің аспирантурасын тамамдаған. Жабайхан Әбділдиннің ғылыми еңбектері, негізінен, диалектикалық логиканың өзекті мәселелерін зерттеуге арналған. Әбділдиннің ғылыми басшылығымен 10 ғылым докторы, 40-қа тарта ғылым кандидаты дайындалды.

Қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының, ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығының, «Парасат», I, II дәрежелі «Барыс» ордендерінің, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері атанған. 2008 жылы «БҰҰ-ның принциптеріне адалдығы және соңғы 15

жылда Қазақстанда БҰҰ-ның жұмысына өлшеусіз үлес қосқаны үшін» сыйлығымен, ТМД Парламентаралық ассамблеясының «Достық» медальдарымен марапатталған, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығын «Шығармашылық ұзақ жасаушы» аталымы бойынша иеленген.

Ғылым саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымның жарқын болмысы халқының жүрегінде сақталады.

ҰЛТЖАНДЫ ТҰЛҒА

Жабайхан Мүбәрәкұлы философия ілімінің өрісін кеңейткен күллі ғылым қоғамдастығына танымал ғалым, ұлтжанды тұлға еді. Ұстаздық жолында сүбелі еңбектер жазып, зерделі шәкірттер тәрбиеледі. Ел егемендігін нығайтуға елеулі үлес қосып, іргелі істерге белсене атсалысты. Көрнекті ғалым Жабайхан Әбділдиннің дүниеден өтуіне байланысты, отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтамын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

АҢЫЗ АҒА, АБЫЗ АҒА...

Жабайхан аға аңыз, абыз аға еді. Парламентте әріптес болды. Көші-қон мәселелерін бірге көтердік. Журналист болып жүргенде бірнеше рет шетелде сапарлас болдық. Гоа да теңізге сүңгіп, алысқа жүзгенін көріп таңғалғанмын. «Мен Қара Ертісте ары-бері жүзіп өскен адаммын ғой», — деп еді сонда ол кісі. Кейін сол сапар туралы мақала жаздым. Жабайхан аға қатты риза болып еді. Жүздеген шәкірт тәрбиелеген жақсы адам дүниеден өтті. Ағамыздың жаны жәннатта болғай!

Уәлихан ҚАЛИЖАН, академик

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАП ӨТТІ

Академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдинмен 1994—1996 жылдар аралығында аз мезгіл болса да қызметтес болдым. Екеуміздің қызметтік бөлмеміз қарама-қарсы орналасқан еді. Ағамыз ҰҒА-ның вице-президенті әрі Жоғарғы кеңестің (кейін Парламенттің) депутаты болды.

Одан сәл ертерек Қазақстанның мемлекеттігін айшықтау керек болғанда, кейбір депутаттар «көпұлтты федералдык мемлекет болуымыз керек» деп көкезулікке салғанда, Жабайхан Мүбәрәкұлы: «Бізге жергілікті халық біреу, сондықтан Қазақстан — унитарлық мемлекет», — деп ұзаққа созылған пікірталасқа нүкте қойғызғанын халқымыз ұмытпауы керек. Жабайхан Әбділдин — еліміздегі философтар мектебін құрған, оның диалектикалық логика бағытының негізін салған ұлы ғалым. Жаратқан иманмен жарылқасын.

Сәбит БАЙЗАҚОВ, академик

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЕЛ ЖАДЫНДА САҚТАЛАДЫ

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, еліміздегі диалектикалық логика мектебінің негізін қалаған белгілі ғалым Жабайхан Әбділдин өмірден өтті. Ардақты ағамыздың отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыра көңіл айтамын.

Жабайхан Мүбәрәкұлы — отандық философияның, әсіресе диалектикалық логика мектебінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлға, пайым-парасаты биік абзал азамат еді. Ол көптеген ғылыми еңбектер жазып, білімді де білікті шәкірттер тәрбиелеп, тұтас ғылыми мектептің қалыптасуына жол ашты. Оның зерделі зерттеулері мен ұлт үшін жасаған қызметі ел жадында мәңгі сақталады деп сенемін.

Марқұмның барша туған-туыскандарына сабыр мен күш-қуат тілеймін. Алла тағала артында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін! Жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы саламат болсын!

Аида БАЛАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары-мәдениет және ақпарат министрі

ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТЫҢ КӨШБАСШЫСЫНА АЙНАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ұжымы атынан және өз атымнан көрнекті философ, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдиннің дүниеден озуына орай, марқұмның отбасына, туған-туыстарына, жақындарына қайғыра көңіл айтамын.

Жабайхан Мүбәрәкұлы — қазақ ғылымының өрісін кеңейткен, отандық философия мектебін қалыптастыруға зор үлес қосқан аса сыйлы тұлға. Ол тек өз дәуірінің емес, тұтас бір ғылыми бағыттың көшбасшысына айналып, диалектикалық логика, таным теориясы, философия методологиясы салаларында терен ғылыми мектеп қалыптастырды. Ғалымның еңбектері кеңестік және кейінгі тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ философиясының теориялық іргетасын нығайтты.

Бұл — тек бір әулеттің ғана емес, бүкіл ғылыми қауымдастықтың ортақ қайғысы. Осындай асыл азаматты жоғалту — ұлттық руханият үшін ауыр қаза. Артында қалған ғибратты ғұмыры мен мол ғылыми мұрасы, өрісті ойлары мен кейінгі буынға қалдырған өнегесі әрдайым болашаққа жол көрсетіп тұрады.

Жабайхан Мүбәрәкұлының ғылымға сіңірген ерен еңбегі мен азаматтық ұстанымы халық жадында сақталады.

Марқұмның жаны жарық, мәңгілік мекені нұрлы болсын! Алла алдынан жарылқасын!

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті



ҚАЙРАН НАЙМАНҒАЗЫ!..

Қытай еліне, күллі түрік дүниесіне танылған парасатты ғалым, көрнекті ақын, қарымды жазушы, шешен журналист, әйгілі аудармашы, қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі Найманғазы Сапан өмірден озды.

Ғажап дарын иесі қажырлы еңбегінің арқасында артына өшпес мұра қалдырды. Атап айтқанда, Қытайша-қазақша сөздік (*Қытайдағы басылым атауы: ханзуша-қазақша сөздік*), Қытайша-қазақша идиомдар сөздігі (*Қытайдағы басылым атауы: ханзуша-қазақша идиомдар сөздігі*), Қытайша-қазақша кысқаша сөздік (*Қытайдағы басылым атауы: ханзуша-қазақша кысқаша сөздік*), Қытайша-қазақша идиомдар сөздігінің электронды нұсқасы (*Қытайдағы басылым атауы: ханзуша-қазақша идиомдар сөздігінің электронды нұсқасы*), Қытайша-қазақша үлкен сөздік (*Қытайдағы басылым атауы: ханзуша-қазақша үлкен сөздік*), Қытайша-қазақша үлкен сөздіктің өңделген, түзетілген нұсқасы (*Қытайдағы басылым атауы: ханзуша-қазақша үлкен сөздіктің өңделген, түзетілген нұсқасы*) секілді алты бірдей сөздікке тұтас ғұмырын арнады. Әрбірін неше мәрте өңдеп, баспадан шығарып, оқырман қауымға ұсынып жоғары бағасын алды.

Сонымен қатар аударма саласына тыннан түрен салды. Өзінің дара ізін, биік асуын жасап кетті. Тынымсыз төккен тер, қажырлы еңбегінің арқасында әйгілі шетел жазушыларының 9 бірдей кітабын қазақ тіліне аударды. Әлемдік әдебиетте орны бар Чарльз Диккенс, Ханс Кристиан Андерсен, Эрнест Хемингуэй, Михаил Шолоховтарды аударса, Қытай әдебиетінің көрнекті өкілдері Го Моро, Бажин қатарлы қаламгерлердің еңбектерін қазақша сөйлетті.

Тағы бір айта кететіні, 1992 жылы «Жазушы» баспасынан «Гүлесте» деп аталатын Қытай жазушыларының әңгімелері С.Найманның құрастыруымен оқырман назарына ұсынылған. Сонымен бірге қаламгердің «Әредік әлеміштері» (*Шыңжаң халық баспасы*) атты ғылыми зерттеу және әңгімелер жинағы, «Ауылдан алыс сол жылдар» ғұмырнамалық романы жарық көрді.

Артында қалған мол мұраны толықтыру, зерттеп әділ бағасын беру бүгінгі жас ұрпақтың атқаратын жұмысы. Қаламгердің тұтас шығармашылық шеберханасын зерттеудің мәні мен маңызы терең екенін айта кеткен жөн.

Аяулы аға! Сіз қазақ халқының жүрегін-десіз!

Сламқат СЕЙІТҚАМЗАҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті жазушысы



Әбілқайыр СПАН

Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, журналист-жазушы Әбілқайыр Спан 76 жасында дүниеден өтті.

Ол 1949 жылы Маңғыстау ауданының Жармыш ауылында туған. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Өзенде мұнайшылықтан бастап, аудандық, облыстық, республикалық газеттерде, теледидарда, Қазақпарат агенттігінде қызмет атқарды. «Маңғыстау» энциклопедиясы I-басылымының алқа мүшесі және авторларының бірі болды. Көбіне өлкенің әдебиеті мен өнерінің тарихы тақырыбын көтерген, жүздеген саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімін жаңғыртып, ақтауға атсалысқан қаламгер қазақ және орыс тілдерінде шыққан 31 кітаптың авторы. Әбілқайыр Спан «Тамаша адамдар өмірі» үлгісімен «Маңғыстау мақтаныштары» сериясын бастап, «Аңшы Нұр», «Нұрлыхан Бекбосынов», «Қайролла Ережепов», т.б. жинақтар шығарды. Ол В.Д.Вольховскийдің өмірі мен қызметін зерттеу арқылы пушкинтануға жаңалық қосты. Махамбеттің Маңғыстауға қатысты өмір деректерін зерттеді. Махамбет сыйлығының, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері атанды.


Ұлт руханиятының дамуына үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жадында сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ақын Ринат Зайытовқа анасы **Роза СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ИІРІМ»

А қын, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлінің «Иірім» кітабы – қазақ руханияты мен ұлттық болмыстың терең қатпарларын суреттеген көркемдік-ойшылдық туынды. Бұл шығармада ақын өз өмір жолын, замандастары мен дәуір тынысын терең философиялық ой, сырлы шежіре, шынайы естелік түрінде өрбітеді.



«БАҚЫТ ЖАҒАЛАУЫ»

Өзбек жазушысы Хайридин Сұлтаннның бұл шығармаларында әркілі тағдырлы адамдардың өмір жолдары мен мінез-құлықтары саралана, даралана бейнеленеді.

Автор өз кейіпкерлерін, олардың өмірлік проблемаларын, психологиялық өзгерістерін шеберлікпен суреттеген.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2025




«ТОПАН»

Танымал жазушы Сұлтан Раевтың «Топан» романы – адамзаттың рухани тамырына үңілген терең философиялық шығарма. Романда көне Нұх пайғамбар дәуіріндегі ұлы топан судың басталу тарихы, адам баласының күнәға батып, менмендікке берілуі, сол күнәлардың жазасы аңыздық, мифтік және діни сарындармен астаса суреттеледі.

Автор дүниенің мәні, тіршіліктің мақсаты, адамның ішкі арпалысы мен сенімі туралы терең ой қозғайды. Оқырманды өзінің адами болмысы мен рухани тамырын жоғалтпауға шақырады.


Кітап көпшілік қауымға арналған.

«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2025



ОН ТОМДЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Кейінгі жылдары елімізде кітап шығару мәдениеті ілгерілеп келеді. Жақында бұған көзіміз тағы бір жетті. Көрнекті қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахмановтың он томдық шығармалар жинағының мазмұн байлығын, құрылымдық сипатын, жарияланған еңбектердің тақырыптық түзілісін, ғылыми ақпаратының дәлдігін былай қойғанда, таза баспа туындысы ретіндегі деңгейі де жоғары екен. Көздің жауын алады. Қаламгердің шығарған кітаптарын оқырман қауымға таныстыруға асықтық. Он томдықты Алматыдағы «Мерекенің баспалар үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шығарды.



ҮКІМІ ЖЫР КІТАБЫ

Әдебиет айдынына тағы бір айтары мол жаңа кітап келіп қосылды.

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мәдениет және білім салаларының үздігі, Құрмет орденінің иегері Үміт Битенованың «Бөртегүлдер бұр жарғанда» атты жыр кітабы Алматы қаласындағы «Кітап» баспасынан жарық көрді. Көлемді жинақтың алғысөзіне белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбайдың автор шығармашылығы туралы ой-пікірі енгізілген. Осыдан-ақ ақын жырларының сом алтындай салмағын сезіне беруге болатындай. Үміт Битенованың өлеңдері туралы белгілі әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының докторы Сәмен Құлбарак та рецензия жазып, жылы лебізін арнаған екен.

Үміт Битенова – адал болмысы, өрелі ақындығымен ерекшеленіп жүрген дарын иесі. Осы кезге дейін де «Балабақшадан басталған...» атты мемуарлық, авто-биографиялық деректі романы, бірнеше хикаяттары мен жыр жинақтары жарық көрген белгілі қаламгер.

Ақынды жаңа жыр жинағымен құттықтап, шығармашылық табыстар тілейміз. Іші алтын ойлар мен гауһар жырларға толы кітапты оқуға асығыңыз, құрметті оқырман!

Есет ДОСАЛЫ, журналист



АҚЫН МАРЖАН ЕРШУДЫҢ ЖАҢА ЖЫРЫ

Биыл ауыл шаруашылығы саласының айтулы қайраткері, соғыс және еңбек ардагері Тұрдығали Мәмбетовтің туғанына 100 жыл.

Тұрдығали Мәмбетовтің тағдыры – соғыс даласында бір қолынан айырылып, елге оралып, бар қажырын ауылдың дамуына арнаған ерлік жол.

Жаңадан жарық көрген кітаптың тұсаукесері бір ғана шағын шара болып қалмады, ол Ақкиізтоғай, Құлсары, Атырау өңірлерінде жалғасты.

Әр жерде ардагердің атын қадірлейтін жұрт жиналып, еңбек адамының рухына тағзым етті.

«Жалғыз қол» поэмасы Ғ.Сланов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының қорына тарту етіліп, оқырманға жол тартты.

Осылайша, еңбек адамының ерлікке пара-пар ғұмыры талай буынға өнеге болмақ.



ҚР Президенті Қ.Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтары жылы» бастамасы аясында ақын Маржан Ершу тарихи тұлғаның ғұмырнамасын поэтикалық биіктікке көтеріп, «Жалғыз қол» атты көлемді поэма жазды.

Поэма тек бір адамның тағдырын емес, бір дәуірдің болмысын, еңбекке түскен халықтың қайратын, адамдықтың бағасын жырлайды.

«КӨҢІЛ КӨГІНДЕ»

Кітапта жазушы, публицист, аудармашы Ғаббас Кабышұлының өзімен қатар өсіп, қатар қалам сілтеген, сыйлас-сырлас болған, әзіл-қалжыңдары үйлесіп, әдеби жандары жарасқан, заман мұңын бірге мұңдасқан көз көрген жазушылар, қоғам қайраткерлері жайындағы естеліктері топтастырылған.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналады. «Фолиант» баспасы» ЖШС, 2025



«ҒАНИБЕТ»

Белгілі жазушы, эссеші, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Толымбек Әбдірайымның мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген бұл кітабына халқымызға кеңінен танымал әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлері хақында соңғы жылдары баспасөз бетінде жарық көрген эсселері, әдеби зерттеулері мен ғылыми-танымдық мақалалары, сұхбаттары және шығармашылық портреттері енген.

«Ғанибет» жоғары және орта оқу орындарының студенттеріне, кітапсүйер көпшілікке арналған.



«ІЗДЕР ҚҰПИЯСЫ»



Бекен Ыбырайымның «Іздер құпиясы» қазақ әдебиетінде ғана емес, бүкіл посткеңестік әдебиет кеңістігінде өте ерекше туынды. Жасөспірім детектив оқиғасы, мүмкін Рыбаковскийдің атакты «Кортигінде» жасөспірім оқырман мұндай тартымды, әсерлі, бірақ танымдық кітапты кездестірмеген шығар. Кітаптары Қазақстан мен Ресейде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де жарық көріп жүрген атакты жазушы атанған беделді ғалым-филолог Бекен Ыбырайым бұл романда сюжет шебері, адам, әсіресе жасөспірім психологиясының білгірі, туған халқының табиғатын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, наным-сенімдерін жетік меңгерген тұлға ретінде көрінеді.

Бүкіл ТМД елдерінде беделі бар Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Іздер құпиясы» белгілі бір әзілмен, жеңіл, жанды тілмен жазылған тартымды шығарма Ресейде де, шет елдерде де өзінің жас әрі әбден көмелетке толған оқырмандарын табатыны сөзсіз.

Бетті әзірлеген Жүніс ОМАР

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы **Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор **Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары **Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

- АЙТҚОЖИНА** Марфуға, **ӘБДІҚҰЛЫ** Төлен, **БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап, **ЕЛУБАЙ** Смағұл, **ИРАН-ҒАЙЫП**, **КӨПІШ** Әшірбек, **ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас, **ҚАНАЗ** Молдахмет, **ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота, **НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ** Бексұлтан, **НҰРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай, **ОРАЗАЛИН** Нұрлан, **СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек, **СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан, **СМАТАЕВ** Софы, **ШАХАНОВ** Мұхтар, **ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы **Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі: **Жүніс ОМАР**

Мәдениет және руханият бөлімі: **Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі: **Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

Art-редактор **Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі **Данияр ҚАБА**

Терімші **Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар: **Айнаш ӘЛДИБЕК**, **Гүлбану ЕРКІН**

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК, Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН Жамбыл облысы

Кесемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: **Жүніс ОМАР**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail: **kazakh_adebiety25@mail.ru**

Мекенжайымыз: 050009. Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы, 105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. Оффсеттік басулық. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.